

Адилова Күлайым Жарылкасымовна, Хайруллаева Сандуғаш Алибаевна

**Жаңартылған білім беру мазмұнындағы оқу бағдарламасы мен оқыту
әдістемесін басшылыққа ала отырып жасалған
«Жиынтық бағалау жұмыстарының үлгісі»
атты әдістемелік оқу құралы
«Қазақ тілі мен әдебиеті» пәні 10, 11-сынып
(оқыту қазақ тілінде емес)
*(жаратылыстану-математикалық, қоғамдық-гуманитарлық бағыт)***

Алматы қ., 2022 ж

ӘОЖ 373
КБЖ 74.26
А 25

Пікір жазған:

Махамбетова А.Б. - қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университетінің аға оқытушысы, Абай атындағы ҚазҰПУ - нің PhD докторанты

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ

Мейркулова А.Б. - «Әлеуметтік ғалымдар» факультетінің аға оқытушысы, Phd доктор

Адилова К.Ж.

А 25 Жаңартылған білім беру мазмұнындағы оқу бағдарламасы мен оқыту әдістемесін басшылыққа ала отырып жасалған «Жиынтық бағалау жұмыстарының үлгісі» атты әдістемелік оқу құралы «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәні 10,11-сынып (оқыту қазақ тілінде емес) (жаратылыстану-математикалық, қоғамдық-гуманитарлық бағыт)/ К.Ж.Адилова, С.А.Хайруллаева. – Алматы:«www.orleu.kz» баспасы, 2022.– 99 б.

ISBN 978-601-7159-28-3

Ұсынылып отырған әдістемелік оқу құралы оқу орыс тілінде жүргізілетін 10,11-сынып оқушылары мен ұстаздарына арналған.

ӘОЖ 373
КБЖ 74.26

ISBN 978-601-7159-28-3

© «№134 лицей» КММ, 2022
© Адилова Күлайым Жарылкасымовна,
Хайруллаева Сандуғаш Алибаевна, 2022
© «www.orleu.kz» баспасы, 2022

**Алматы қаласы КММ №134 лицейдің қазақ тілі мен әдебиет пәнінің ұстаздары Адилова
Кұлайым Жарылкасымовна мен Хайруллаева Сандуғаш Алибаевнаның «Жиынтық бағалау
жұмыстарының үлгісі»
атты әдістемелік оқу құралына**

ІІКІР

Бүгінгі күні республикамызда білім беру жүйесінің түбегейлі өзгеріске ұшырауы баршамызға аян. Оның негізгі факторы жаһандану үрдісіндегі білім беру саласында жаңа модельдердің дүниеге келуі, білім беру үрдісінің ақпараттандырылуы болып табылады.

Заман алға жылжып, қоғам өзгерген сайын жаңа мазмұнды оқу жүйесін қалыптастыру өмір талабы. Сонықтан білім мазмұнын жаңартудың басты мақсаты – білім сапасын көтеру. Қазақстан Республикасының білім беру жүйесінде жаңартылған білім беру мазмұнына көшу сатысы басталып, оқушыларды кең ауқымды дағдыларға үйретуге, функционалдық сауаттылықтарын арттыруға, адами құндылықтарын дамытуға көңіл бөліне бастады.

Жаңартылған білім беру бағдарламасының ерекшелігі: спиральді қағидатпен берілуі. Спиральді құрылым білім мен дағдылардың сыныптан сыныпқа ілгерлемелі дамуын қамтамасыз етеді. Яғни білімнің қарапайым деңгейден күрделі деңгейге көшуі болып табылады. Оқу мақсаттары оқушылардың зерттеу дағдыларын, қарапайым бақылауға тәжірибе арқылы білімі қалыптасуына, алған білімін қайта өмірде қолдана білуіне бағытталған.

Ұсынылып отырылған әдістемелік оқу құралы мемлекеттік стандартқа сәйкес құрастырылған. Бұл әдістемелік нұсқаулық ұстазға, білім алушыларға «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәні бойынша жиынтық бағалау мен тоқсандық бағалауды жоспарлау, ұйымдастыру және өткізуге көмек құралы ретінде қолдануға бағытталған. Ұсынылған тақырыптар бойынша жиынтық бағалаудың тапсырмалары мұғалімге білім алушының тоқсан бойынша жоспарланған оқу мақсаттарына жету деңгейін анықтауға, қаншалықты материалды игергені мен жадына сақтау, көру, қабылдау қабілетін байқауға мүмкіндік береді.

Авторлық бағдарламаның әр бөлімінде тақырыптар бойынша жиынтық бағалауды өткізуге арналған бағалау критерийлері мен дескрипторлары бар тапсырмалар ұсынылған. Сондай-ақ, дескрипторлары мен балдары бар тапсырмалар ұсыныстар түрінде берілген.

Әдістемелік оқу құралы, қазақ тілі мен қазақ әдебиеті пәндері бойынша заман талабына сәйкес тапсырмалармен қамтылып, келесі міндеттерді шешуге: яғни, оқушыларды мәтінмен лингвистикалық талдау жасауға үйретуге; оқушылардың ауызекі сөйлеу тілдерін дамытуға; әр балаға өз еліне деген патриоттық рух қалыптастыру үшін оның бай тарихына, болашағына деген жауапкершілік сездіретін әрекет жүйесін жасауға; болашақта өз еліне, жеріне деген ұлттық намысы мол, жігерлі ұл-қыз тәрбиелеу, моральдық жағынан жоғары тұлға даярлауға бағытталған.

Қазақ тілі мен қазақ әдебиеті пәндерін оқытуда жаңа технологияларды, техникалық құралдарды жан-жақты қолдану, мұғалімнің көптеген қиындаған қызметтерін жеңілдетіп, осы іскерліктің ұстанымды жаңа тәсілдерінің пайда болуына мүмкіндік туғызады. Сондай-ақ, оқушылардың оқу материалын меңгергендігі жөнінде объективті ақпарат алу, олардың кемшіліктерін дер кезінде анықтау, мұғалім - оқушы арасында кері байланысты орнату басты назарға алынған.

Авторлық бағдарлама орыс тілді сыныптардың 10-11 сынып білім алушылары мен ұстаздарына арналған таптырмас құрал. Сонымен қатар, авторлар бірлестігі ұсынған жаттығулар жинағы, сабақты жоспарлауға, ұқсас тапсырмаларды құрастыруға және іріктеп алуға, оқу мақсатына жетуге қатысты сындарлы кері байланыс беруге көмектесетін үлгі болып табылатыны сөзсіз.

«Жиынтық бағалау жұмыстарының үлгісі» атты авторлық бағдарлама оқушылардың сабақта немесе өз бетінше оқуына, әрі оқытушылардың күнделікті сабақта пайдалануына арналған.

**Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу
университетінің аға оқытушысы,
Абай атындағы ҚазҰПУ - нің PhD докторанты Махамбетова А.Б.**

**Алматы қаласы КММ №134 лицейдің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің ұстаздары Адилова
Күлайым Жарылкасымовна мен Хайруллаева Сандуғаш Алибаевнаның «Жиынтық бағалау
жұмыстарының үлгісі» атты әдістемелігіне
ІІКІР**

Жаһандану заманында білімді болумен бірге сол білімінді өмірде тиімді қолдану, кездесетін қиындықтарды анықтап, оларды шешудің жолдарын таба білуі маңызды. Заман талабына сай, жаңартылған білім беру мазмұнындағы оқу бағдарламасы мен оқыту әдістемесін басшылыққа ала отырып жасалған, жаңартылған оқу бағдарламасының талаптары мен шарттары толық қамтылған.

Ұсынылып отырған жұмыс өз бағытында өзекті болып табылады, себебі мұндағы байқалатын басты мақсат білім алушы мен білім беруші ұлағатты ұстаздарға үлкен көмек ретінде ұсынылатын бірнеше тақырыптағы БЖБ (Бөлім бойынша жиынтық бағалау) мен ТЖБ (Тоқсан бойынша жиынтық бағалау) үлгілері өте сауатты және оқу бағдарламасына сүйене отырып жасалған. Авторлық бағдарлама оқу орыс тілінде жүргізілетін жоғарғы сыныпта, яғни 10-11 сыныпта жұмыс істейтін қазақ тілі мен әдебиеті мамандары үшін арналған, берілген мәтіндер мазмұны тақырыпқа сай, сондай-ақ әртүрлі саланы қамтыған.

Жалпы, БЖБ мен ТЖБ-да берілген жұмыс түрлері оқушылардың ойлау қабілеттерін дамытуға, сөздік қорын молайтуға, адамгершілік, эстетикалық тәрбие беруге әсіресе әдеби және тарихи деректерді түсінуге көмектеседі. Білім алушы оқыған материалдарының мазмұнын дұрыс қабылдап, ондағы негізгі ойды жақсы ұғыну үшін оқу сабақтарында алуан түрлі жұмыстар ұйымдастырылады. Дегенмен оқу бағдарламасында көрсетілген бөлімдерді білім алушының қаншалықты игергенін тексеру мақсатында кез келген ұстазға таптырмас көмек. Бағдарламада тілдік дағдылар толық қарастырылған, мысалы *тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым, тілдік бірлік*. Осы тілдік дағдыларды дамыту мақсатында әртүрлі тапсырмалар берілген.

Сонымен қатар, жиынтық бағалау мен тоқсандық бағалауға арналған әдістемелік үлгісінде төмендегілер ұсынылады:

- пән бойынша әр тоқсанда берілетін бөлім, бөлімшелер/ортақ тақырыптар атаулары;
- бөлім мен бөлімшелерде беріліп, бағалау критерийлері мен ойлау дағдыларының деңгейлерімен сәйкестендірілген оқу мақсаттары;
- бөлім/ортақ тақырыптар және тоқсандық жиынтық бағалауға арналған тапсырмаларды құрастыруға байланысты ұсыныстар;
- бөлім/ортақ тақырыптар бойынша жиынтық бағалау тапсырмалары үлгілері мен дескрипторлары;
- тоқсандық жиынтық бағалауды өткізу үшін құрастырылған тест спецификациясы;
- жиынтық бағалауға арналған тапсырма үлгілері мен балл қою кестелері.

Авторлық бағдарлама алдағы уақытта өз кезегінде кезкелген ұстаз бен білім алушыға көмек, әрі әдістеме ретінде қызмет етеді деген ойдамын.

**Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ
«Әлеуметтік ғалымдар» факультетінің
аға оқытушысы, Phd доктор**

Мейркулова А.Б.

Құрметті мұғалім!

Сізге, жиынтық бағалау мен тоқсандық бағалауға бағытталған әдістемелік нұсқаулықты ұсынып отырмыз. Ұсынылып отырған әдістемелік нұсқаулық жұмыстары «Мектеп» баспасынан шыққан оқулық пен мемлекеттік стандартқа сүйене отырып құрастырылған. Бұл әдістемелік нұсқаулық мұғалімге, 10,11-сыныптың білім алушыларына «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәні бойынша жиынтық бағалау мен тоқсандық бағалауды жоспарлау, ұйымдастыру және өткізуге көмек құралы ретінде қолдануға бағытталған. Жалпы, Бөлім/ортақ тақырып бойынша жиынтық бағалаудың тапсырмалары мұғалімге білім алушының тоқсан бойынша жоспарланған оқу мақсаттарына жету деңгейін анықтауға, қаншалықты материалды игергені мен жадына сақтау, көру, қабылдау қабілетін байқауға мүмкіндік береді. Әр бөлігі/ортақ тақырып бойынша жиынтық бағалауды өткізуге арналған бағалау критерийлері мен дескрипторлары бар тапсырмалар ұсынылған. Сондай-ақ, дескрипторлары мен балдары бар тапсырмалар ұсыныстар түрінде берілген. Әдістемелік ұсыныстар негізгі мектеп мұғалімдеріне, басқа да тұлғаларға арналған. Әдістемелік ұсыныстар дайындау барысында ресурстар (суреттер, мәтіндер, бейне және аудио материалдар, т.б.) қолжетімді ресми интернет-сайттардан алынды. Ұсынылып отырған материал мұғалімдерге көмек беру мақсатында құрастырылған.

Түсініктеме хат

«Жиынтық бағалау жұмыстарының үлгісі» атты авторлық бағдарлама оқу жоспарының жиынтық бағалау мен тоқсандық бағалауға бағытталған әдістемелік нұсқаулық. Ұсынылып отырған әдістемелік нұсқаулық жұмыстары «Мектеп» баспасынан шыққан оқулық пен мемлекеттік стандартқа сүйене отырып құрастырылған.

«Жиынтық бағалау жұмыстарының үлгісі» атты авторлық бағдарламаның нысаны.

Бұл әдістемелік нұсқаулық мұғалімге, 10,11-сынып білім алушыларына «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәні бойынша жиынтық бағалау мен тоқсандық бағалауды жоспарлау, ұйымдастыру және өткізуге көмек құралы ретінде қолдануға бағытталған.

Авторлық бағдарлама өзектілігі: авторлық бағдарлама Бөлім/ортақ тақырып бойынша жиынтық бағалаудың тапсырмалары мұғалімге білім алушының тоқсан бойынша жоспарланған оқу мақсаттарына жету деңгейін анықтауға, **қаншалықты материалды игергені мен жадына сақтау, көру, қабылдау қабілетін байқауға** мүмкіндік береді. Әр бөлігі/ортақ тақырып бойынша жиынтық бағалауды өткізуге арналған бағалау критерийлері мен дескрипторлары бар тапсырмалар ұсынылған. Сондай-ақ, дескрипторлары мен балдары бар тапсырмалар ұсыныстар түрінде берілген.

Бағдарламаның мақсаты:

Әдістемелік ұсыныс негізгі мектеп мұғалімдеріне, басқа да тұлғаларға, мұғалімдерге көмек беру мақсатында құрастырылған. Әдістемелік ұсыныстарды дайындау барысында ресурстар (суреттер, мәтіндер, бейне және аудио материалдар, т.б.) қолжетімді ресми интернет-сайттардан алынды.

Бағдарламаның міндеттері:

1. Оқушыларды мәтінмен лингвистикалық талдау жасауға үйрету;
2. Оқушылардың ауызекі сөйлеу тілдерін дамыту;
3. Әр балаға өз еліне деген патриоттық рух қалыптастыру үшін оның бай тарихына, болашағына деген жауапкершілік сездіретін әрекет жүйесін жасау;
4. Келешекте еліне, жеріне деген ұлттық намысы мол, жігерлі ұл-қыз тәрбиелеу, моральдық жағынан жоғары тұлға даярлау.

Авторлық бағдарлама қазақ тілі мен қазақ әдебиеті пәндерінде заман талабына қарай басқа да саланы қамтиды.

Тілдік пәндер циклінің интеграциялау (сабақта сауатты - оқу және жазу, яғни қазақ тілі мен әдебиет пәні)

Интеграция бірнеше мәселелерді шешуге көмектеседі:

- пәнаралық байланыстарды күшейту, толық көріністі жасау;
- материалдың көлемін сақтай отырып оқыту уақытын тиімді қолдану;
- нақты сабақтың эмоциялық ахуалын құру;
- сабаққа қойылған талап сақталады.

Жұмыс түрлері:

- тілдік дағдыларды қалыптастыру;
- оқылым;
- тыңдалым;
- жазылым;
- айтылым;
- мәтінмен жұмыс;
- суретпен жұмыс;
- грамматикалық тапсырмалар;
- сызбамен жұмыс;

Күтілетін нәтиже:

Қазір еліміздің түкпір-түкпірінде оқыту мен оқудағы жаңа әдіс-тәсілдермен қаруланған біршама ұстаздар қауымы өз мамандығына деген сүйіспеншілігі арта түсіп, жаңа нәтижелерге жетуде, шәкірттерінің жаңа белестерді меңгеруіне жол ашуда. «Жиынтық бағалау жұмыстарының үлгісі» бағдарламасы оқытылған материалды басқа тапсырмалардың көмегімен жан-жақты ой елегінен өткізіп, жадында қалған мәліметерді басқа қырынан қолдана білуге қалыптастырады. Оқушылардың ауызекі сөйлеу тілдері дамиды, лингвистикалық талдауға үйретеді, сөздік қоры молаяды.

Оқу нәтижелері:

- ✓ өзара пікірталастыруға, өзінің пікірін дәлелді құруға дағдыланады;
- ✓ топ ішінде белсенді тілдік қатынас орнатады;
- ✓ проблеманы анықтап, өз көзқарасын білдіріп үйренеді;
- ✓ тапсырмада берілген сұрақтарға жауап іздеп, өзіндік пікір айтуға дағдыланады;
- ✓ тілдік дағдылары қалыптасып, ойларын логикалық түрде жүйелей алу ұстанымдары дамиды.

Жұмыстың ғылыми-әдістемелік деңгейі: осы бағдарламаға енгізілген тапсырмалар авторлық бағдарламада жаңартылған білім мазмұнына негізделіп типтік-үлгілі бағдарлама мақсаттарына сүйене отырып құрастырылған.

Бағдарламаның ғылыми табиғаты— жаңа білім беру парадигмасы бойынша практиканың соңғы жетістіктеріне сәйкес әзірленген.

Бағыттылығы:

- оқушыларда жеке тұлғаны дамыту және тәрбиелеу;
- балалардың психофизиологиялық және әлеуметтік денсаулығын сақтау;
- білім беру процесінің экономикалық, экологиялық, этнопедагогикалық, бағыттылығын қамтамасыз ету.

Білім өнімі: оқушылардың сабақ барысындағы танымдық, зерттеушілік іс-әрекеттерінің барысында жұмыс істейтін материалдар.

Оқушының оқу өнімі: конспект, тезистер, нақыл сөздерді дәлелге ала отырып, эссе жаза білу, ой қорыту, ойтолғау т.б.

Жаңартылған білім мазмұны бойынша күтілетін нәтиже – топта, сыныпта сыйластық, бірлескен жұмыс, ашықтық, білімі мықты, қарым-қатынас қабілеті, тәртібі қалыптасқан, кеңейтілген дағдыларды меңгерген: білімді функционалдық және шығармашылық қолдану; сыни ойлау; ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану; әртүрлі коммуникация түрлерін қолдану, оның ішінде тілдік дағдыларды меңгеру; топта және жеке жұмыс жасау, жұптық жұмыстарды орындай білу.

Тұрақтылау мазмұндық бөлімі

10-сынып

1. Еңбек нарығы және сұраныс
2. Отандық өнеркәсіптік сұраныс
3. Қазақ киносы мен театрының қазіргі келбеті
4. Ұлттық экологиялық мәдениет
5. Мұхит - тіршілік мекені
6. Ұлттық таным және мерекелер
7. Сауда мен көмек: екіжақты келісімді сауда
8. Бұқаралық ақпарат құралындағы гендірлік бейне
9. Жер планетасындағы қауіпті қалдықтар
10. Әлеуметтік теңсіздік: адам құқықтары және көмек
11. Жастардың денсаулығы – қоғам байлығы
12. Сандық технологияны пайдаланудағы теңсіздік

13. Қоғам және заң

11-сынып

1. Қазіргі қоғамдағы әлеуметтік теңсіздік
2. Экология. Мұнай және атомдық индустрия
3. Тіл . Әдебиет. Өнер.
4. Қоғамдағы жұмыссыздық мәселесі
5. Тәуелсіз еліміздің өткені мен келешегі
6. Ұлттық театр – өнер ордасы
7. Туризм: экотуризм
8. Әлемдегі ерлер мен әйелдердің құқықтары мен теңдігі
9. Жастар мәселесінің түйіткілдері
10. Жаһандық мәселелер: көші-қон саясаты
11. Толеранттылық – ел бірлігі
12. Ұлт мұраты - ұлттық қауіпсіздік
13. Бос уақыт – қоғам дамуының көрсеткіші

Ақпараттық–әдістемелік бөлім

Оқушы білімін бағалау. Аталған авторлық бағдарлама бойынша бағалау оқу мақсатына қарай әр жиынтық жұмысынан соң дискриптормен берілген.

10-сынып

1-БӨЛІМ. «Еңбек нарығы және сұраныс» бөлімі бойынша жиынтық бағалау

Оқу мақсаты

10.1.2.1 мәтінді тыңдай отырып, негізгі идеяларды (ақпараттарды) қысқаша түртіп жазу (конспектілеу), жазбаға сүйеніп мәтін мазмұнын түсіндіру

10.2.2.1 ғылыми-көпшілік және публицистикалық мәтіндерге сүйеніп, монолог және диалог құрау, сөз әдебі мен сөйлеу этикеті формаларын орынды қолданып, тыңдаушыға әсер ету

10.5.1.1 тәуелдік жалғауды (оңаша және ортақ тәуелдеу) және көптік мәнді есімдер мен көптік жалғауларды ажырата танып, дұрыс қолдану

Бағалау критерийі

Білім алушы

- Мәтінді тыңдай отырып, негізгі идеяларды (ақпараттарды) қысқаша түртіп жазады (конспектілеу)
- Тақырып бойынша берілген мәтіндерге сүйеніп, монолог және диалог құрады, сөз әдебі мен сөйлеу этикеті формаларын орынды қолданып, тыңдаушыға әсер етеді
- Тілдік дағдыларда жалғауларды дұрыс қолданады

Ойлау дағдыларының деңгейі

Түсіну, Қолдану

Орындау уақыты

25 минут

Тыңдалым. 2-аудио Аудиомәтінді екі рет тыңдап, төмендегі тапсырмаларды орындаңыз.

Қоғамдағы алатын орнына байланысты адамдар тобы топтарға (кластарға) бөлінеді. Оны мынадай пирамидадан көруге болады: пирамиданың төменгі жағындағы ең үлкен тап – жалдамалы жұмысшылар, яғни жұмысшылар мен қызмет көрсетушілер. Олардың жеке зауыт-фабрикалары немесе жерлері жоқ, кірісі – кәсіпкерлерден немесе мемлекеттен алатын жалақысы. Орта бөлігін ұсақ меншік иелері алады (кооператорлар, өзіне жұмыс істейтіндер). Пирамиданың жоғарғы жағында кәсіпкерлер (жұмыс берушілер) орналасқан. Олар – кіріс әкелетін өндірісі, қаржысы барлар. Пайда табу үшін төмендегі тап мүшелерін жалға алады.

«Қазақстанның экономикалық және әлеуметтік географиясы» кітабынан

1-тапсырма. Мәтін бойынша әлеуметтік топтарды пирамидаға орналастырып сызба сызыңыз. (4 балл)

2-тапсырма. Тыңдалым мәтнінде кездесетін мамандық атауларын жазыңыз.

(2 балл)

3-тапсырма. Кестеде берілген сөздерге көптік жалғауын қажетіне қарай жалғаңыз. (4 балл)

Сөз	Көптік жалғауы	Сөз	Көптік жалғауы
тұман		5 оқушы	
қасірет		қала	
айран		алтын	
аяқ		жаңбыр	

Айтылым. (5 балл)

Б. Қыдырбекұлы. «Теміржолшы» әңгімесі

Бағалау критерийі	Тапсырма №	Дескриптор	Балл
		Білім алушы	
• Мәтінді тыңдай отырып, негізгі идеяларды (ақпараттарды) қысқаша түртіп жазады (конспектілеу) • Тақырып бойынша берілген мәтіндерге сүйеніп, монолог және	1	-пирамида сызбасын салады, -ақпаратты сызбаға орналастырады, - орфография мен пунктуацияны сақтайды,	2 1 1
	2	-мамандық атауларын жазды, - орфография мен	1 1

диалог құрады, сөз әдебі мен сөйлеу этикеті формаларын орынды қолданып, тыңдаушыға әсер етеді • Тілдік дағдыларда жалғауларды дұрыс қолданады.	3	пунктуацияны сайтайды, -көптік жалғауын жалғады, - орфография мен пунктуацияны сақтайды,	2 2
	Айтылым	-тақырып бойынша мәтіндерге сүйеніп, монолог құрайды, - сөз әдебі мен сөйлеу этикеті формаларын орынды қолданады.	5

Жалпы балл – 15

Бағалау:

0-5 балл – «2»

6-9 балл – «3»

10-12 балл – «4»

13-15 балл – «5»

2-БӨЛІМ. «Отандық өнеркәсіп өнімі» бөлімі бойынша жинақтық бағалау

Оқу мақсаты

10.3.1.1 мәтіндегі негізгі және қосымша ақпараттарды анықтай отырып, факті мен көзқарасты ажырату, мәтін идеясымен байланысын анықтау

10.4.4.1 тақырып бойынша мәтінге жоспар құрып, әр тармақшаға қажетті негізгі және қосымша мәліметтерді жинақтап ұсыну (тірек-схема, менталды карта, презентация)

10.5.1.1 көптік мәнді есімдер мен көптік жалғауларды ажырата танып, дұрыс қолдану

Бағалау критерийі

Білім алушы

- Мәтіндегі негізгі және қосымша ақпараттарды, факті мен көзқарасты анықтайды,
- Мәтінге жоспар құрып, тезис жазады,
- Көптік мәнді есімдер мен көптік жалғауларды ажырата танып, дұрыс қолданады.

Ойлау дағдыларының

Түсіну, Қолдану

деңгейі

Орындау уақыты

25 минут

Оқылым.

Жан-жағынан темір арқандармен тартып тастаған түтінсіз темір труба биік дөңнің бетінде тұр. Оны төңіректей, ертеде салынған бес-алты тас барақ тым аласа. Барақ маңы – жота-жота көмір күлдері, жел үп етсе, қара боран тұрады.

Қарағандыға көктеммен бірге бір көш еніп келеді. Қазақ көшіне ұқсамайды: атқа жеккен төрт-бес бричка, легчанка, төбелерін брезентпен жауып шатырлаған, ішінде он бес-жиырма адам бар. Бәрі - орыс. Тек алдыңғы арбада жалаңбас, бурыл шаш, еңгезердей қара кісінің қасында жұдырықтай Қанабек отыр.

- Әй, кім де болсаң бері келші, - деп қол бұлғады Қанабек.

Төртпақ, қара мұртты жігіт «бұл кім өзі» дегендей шүйіле бір қарады да, барақ алдынан бері аяңдады. Жай жүріп, аяғын нық басып келеді. Ол жеткенше Қанабек тықыршып тұр.

- Салмағынан жер майысады. Ауырын-ай! Мұртты жігіт келе, естілер-естілмес қылып:

- Сәлеметсіз бе? – деді де, қол алыспай сұлық тұрды. Қанабек өзі барып оның қолын ұстады.

- Танысалық шырақ. Мен Тельман аудандық атқару комитетінің председетелі Қанабекпін.

- Мен осы Қарағандыны күзетіп қалған Ермек деген жұмысшымын.
 - Бәрекелді! Издегенім сен едің. Мына кісілер сонау Донбастан, Мәскеуден келеді. Өзі Қарағандыға адам салмақ, бізбен бірге совет Қарағандысын жасамақ. Танысып қой, Сергей Петрович Щербаков, - деп, зор денелі, бурыл шашты кісіге нұсқады. – Өзіндей ескі шахтер, болашақ трест бастығы. Механик Козлов, слесарь Лапшин, инженер Орлов...
 - Ермек енді әрқайсысымен қол алысты...
- Ғ. Мұстафин. «Қарағанды» романынан*

1-тапсырма. Мәтіннен негізгі және қосымша ақпаратты, факті мен көзқарасты анықтаңыз. (3 балл)

2-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңіз.

А) Қарағандыға келген орыстарды суреттеп беріңіз.

Ә) Мәтіннен Ермектің бейнесін тауып жазыңыз. (3 балл)

Жазылым.

Бүйінің ініндей тіп-тік, аясына екі адам сыярлық қара үңгірдің түбіне апаратын басқышқа Мейрам алғаш рет қадам басты. Түтіні бұрқыраған бөлешке шамның әлсіз жарығы аяқ астын анық көрсетпейді.

Сейтқалы тік сатыда жай жердегідей жүгіріп барады. Мейрамның жүрегі қобалжып, буындары босаңсып, арттан біреу итермелегендей денесі алға, аяғы кейін тартып, сатыны басуға әзер үлгереді. Шамы өшіп қалған. Маңдай тершіді, жүрек қақты. Берекесі қашқанын білдірмейін десес де болмады.

- Тоқташы, демалайық.

Сейтқалы да, шам да жоқ.

- Қайда сүңгіп кетті?

Мейрам алақтап жоғары қарады. Жұлдыздай жылтырап көз ұшында көк сәуле көрінді. Төмен қарап еді, қоламтаның шоғындай әлденелер сығырайды. Өзгенің бәрі қара түнек, ештеңені болжап болмайды.

- Сонау жоғарыдағы сәуле не?

- Даланың сәулесі.

- Төменде жылтыраған не?

- Шахтерлердің шамы.

Азырақ демалған соң екеуі тағы жүрді. Тоғыз сатыдан өтіп, оныншы сатыға жеткенде аяқастынан:

- А-й-д-а! –деген дауыс саңқ етті.

- Бұл – ескі шахтер Ысқақ. Тысқа көмір жөнелтіп тұр. Манағы дауыс осынікі, - деді Сейтқалы.


Мейрам көмір құдығының түбіне жеткенде, басқа бір дүниеге жеркендей болды. Тоғыз қанат киіз үйдің көлеміндей ғана қуыс, төбесінде кішкене шаңырақтай тесігі бар. Сол тесіктен жылтыраған көгілдір сәулені көмір тартқан екі шелек дамыл-дамыл түсіп шығып, бүркей береді. Күнбатысқа қарай жер астын кеулеп кеткен бір қуыс жатыр. Биіктігі кісі бойы, ұзындығына көз жетпейді, қабырғалары көмір, бөлешке шамның жарығымен шағылысып, жылт-жылт етеді. Төбеге қолдың саласындай қылып ағаш қиыпты. Әр ағаштың екі басына тіреу қойып, қабырғаға жапсыра тіреп тастаған. Осы жолмен келіп-кетіп жатқан тәшкілердің дабыры, көтерілген көмір тозаңы тосын көзге жер астын алай-түлей, даң-дұң, жат дүние көрсетіп тұр...

Ғ. Мұстафин. «Қарағанды» романынан

3-тапсырма. Мәтін бойынша жоспар құрып, тезис жазыңыз. (2 балл)

4-тапсырма. Мәтіннен көптік мәнді сөздерді жазып, олармен сөйлем құраңыз. (4 балл)

5-тапсырам. Менталды картаны толтырыңыз. (3 балл)



Бағалау критерийі	Тапсырма №	Дескриптор	
		Білім алушы	
<ul style="list-style-type: none"> • Мәтіндегі негізгі және қосымша ақпараттарды, факті мен көзқарасты анықтайды • Мәтінге жоспар құрып, тезис жазады, • Көптік мәнді есімдер мен көптік жалғауларды ажырата танып, дұрыс қолданады. 	1	<ul style="list-style-type: none"> - негізгі ақпаратты анықтайды, - қосымша ақпаратты анықтайды, - факті мен көзқарасты анықтайды, 	1 1 1
	2	<ul style="list-style-type: none"> 1-сұраққа жауап береді, 2-сұраққа жауап береді, - орфография мен пунктуацияны сақтайды, 	1 1 1
	3	<ul style="list-style-type: none"> -мәтін бойынша жоспар құрып, тезис жазады, - орфография мен пунктуацияны сақтайды, 	1 1
	4	<ul style="list-style-type: none"> -көптік мәнді сөздерді табады, -әрқайсымен жеке сөйлем құрайды, - орфография мен пунктуацияны сақтайды. 	1 2 1
	5	<ul style="list-style-type: none"> -менталды картаны толтырады, - орфография мен пунктуацияны сақтайды. 	2 1

Жалпы балл – 15
Бағалау:
 0-5 балл – «2»
 6-9 балл – «3»
 10-12 балл – «4»
 13-15 балл – «5»

3-

БӨЛІМ. «Қазақ киносы мен театрының қазіргі келбеті» бөлімі бойынша жинақтық бағалау

Оқу мақсаты

10.1.5.1 мәтіннен автордың көзқарасын (негізгі ойын) негіздейтін аргументтерді талдай отырып, астарлы ойды анықтау

10.2.2.1 ғылыми-көпшілік және публицистикалық мәтіндерге сүйеніп, монолог және диалог құрау, сөз әдебі мен сөйлеу этикеті формаларын орынды қолданып, тыңдаушыға әсер ету

10.5.1.2. сын есімнің жасалу жолдарын білу, мәтін құрауда орынды қолдану

Бағалау критерийі

Білім алушы

- Мәтіндегі аргументтерді пайдаланып, астарлы ойды анықтайды
- Ғылыми-көпшілік және публицистикалық мәтіндерге сүйеніп, монолог және диалог құрауда, сөз әдебі мен сөйлеу этикеті формаларын орынды қолданып, тыңдаушыға әсер етеді
- Сын есімнің жасалу жолдарын негізге ала отырып, мәтін құрауда орынды қолданады

Ойлау дағдыларының деңгейі Түсіну, Қолдану

Орындау уақыты 25 минут

Тыңдалым. (11-аудио)

Тимур кіреді. Асығыс. Қамажай оның алдынан жүгіріп шығады.

Қамажай. Темір, Теміржан. Кешірші мені. Өлгінде Ермек даладан жылап келіп...

Тимур. Мамуля, не болып қалды?

Қамажай. Соны жұбатам деп жатқанда ...

Тимур. Түу, айтсаңшы тезірек, менің бір минутта уақытым жоқ. Костюмді үтіктеп қойдың ба?

Қамажай. Жоқ... иә... жоқ... Бүлдіріп алдым...

Тимур. Бүлдіргені қалай?

Орындық арқалығынан костюмін алып, күйген жерін көреді.

Қамажай. Солай болды. Есімнен шығып...

Тимур. Көшеге киетін жалғыз костюмді ақыры өртеп тыңдыңдар ма? Енді қайтемін?

Қамажай. ... Алармыз.

Тимур. Алармыз, көрерміз, бір мәнісі табылар ... Немен аламыз, немен көреміз, бір мәнісі қалай табылады? Бір туфли ала алмай жүргенде...

Қамажай. Қайтемін әдейі істеген жоқпын ғой...

Тимур. Ал бүгін немді киемін? Жиынға майкамен бармақпын ба?

Қамажай. Омардың костюмін кие тұр.

Тимур. Сонда ол Ленинградқа майкамен кетсін бе?

Қамажай. Құдай-ай! Енді не істесем екен? Білдірмей жамап берейін.

Тимур. Жамап? Енді жамау костюм киюім қалған екен ғой. Түу, осы үйден бір береке таппай-ақ қойдым-ау.

Қамажай. Неге олай дейсің? Береке таптырмай жүрген кім саған? Аузыңа не келсе, соны айта салатыныңды қайдан шығарғансың?

Тимур. Жалғыз костюмім жанып кетсе, енді не демекпін?

Қамажай. Жанбаса, құрып кетсін. Костюм, костюм деп төбемді оятын түрің бар ғой. Мен бір әдейі өртегендей... «Осылар ренжімесін», «Осылар қабақ шытпасын» деп жар құлағым жастыққа тимей жүргенде естір сөзім осы ма? Даладан ашуланып келсеңдер, маған зіркілдейсіңдер, қуанып келсеңдер маған еркелейсіңдер. Ал мен кімге ұрсам, кімге еркелеймін? (*Жыламсырап.*) Мен де адаммын ғой. Көңіл жырту мата жыртудан да оңай ма сендерге? Ал кет басыңның ауған жағына. Кет.

Тимур. Қит етсе, көзінің жасы дайын тұрады бұлардың.

Костюмін қолына алып, әрі-бері қарайды. Қолын бір сілтеп, қайта орнына қойды.

1-тапсырма. Аргументтерді пайдалана отырып, сұрақтарға жауап беріңіз.

Қамажай деген кім?

Тимур деген кім?

Ермек деген кім?

Өңгімедегі мәселе неге байланысты? Жауабыңызды дәлел келтіре отырып, өз көзқарасыңызбен аяқтаңыз. **(3 балл)**

2-тапсырма. Берілген сөздермен сын есімді қолдана отырып, сөйлем құраңыз.

Жалғыз костюм, бүлдіру, жанып кету, көзінің жасы, еркелеу, зіркілдеу, ашулану, көңіл жырту. **(3 балл)**

3-тапсырма. Тұрақты сөзтіркесін табыңыз.

... Костюм, костюм деп төбемді оятын түрің бар ғой. Мен бір әдейі өртегендей... «Осылар ренжімесін», «Осылар қабақ шытпасын» деп жар құлағым жастыққа тимей жүргенде естір сөзім осы ма? Даладан ашуланып келсеңдер, маған зіркілдейсіңдер, қуанып келсеңдер маған еркелейсіңдер. Ал мен кімге ұрсам, кімге еркелеймін? (*Жыламсырап.*) Мен де адаммын ғой. Көңіл жырту мата жыртудан да оңай ма сендерге? Ал кет басыңның ауған жағына. Кет. **(2 балл)**

4-тапсырма. Тимурға сипаттама беріңіз. Сын есімдерді қолданыңыз. (2 балл)

Айтылым (5 балл)

Кино - өнер саласы

Отандық фильм - «Анаға апарар жол»

Театр өнері

Бағалау критерийі	Тапсырма №	Дескриптор Білім алушы	Балл 15
<ul style="list-style-type: none"> Мәтіндегі аргументтерді пайдаланып, астарлы ойды анықтайды 	1	-сұрақтарға жауап береді, <i>Ескерту: 2 жауап 1 балл</i> -орфография мен пунктуацияны сайтайды,	2 1
	2	-сөздермен сөйлем құрайды, <i>Ескерту: екі сөз 1 балл</i> - орфография мен пунктуацияны сақтайды,	2 1
	3	-тұрақты сөзтіркесін табады, <i>Ескерту: 2 тұрақты сөзтіркесі 1 балл</i>	2
	4	- Тимурға сипаттама береді, -орфография мен пунктуацияны сақтайды	1 1
Айтылым		-бөлімде берілген мәтіндер мазмұнын қамтиды, -диалог құрайды (сөйлеу этикеті формаларын қолданады).	5

Жалпы балл – 15

Бағалау:

0-5 балл – «2»

6-9 балл – «3»

10-12 балл – «4»

13-15 балл – «5»

4-БӨЛІМ. «Ұлттық экологиялық мәдениет» бөлімі бойынша жинақтық бағалау

Оқу мақсаты

10.1.1.1 мәтін үзінділері бойынша болжам жасау, өз біліміне сүйеніп тақырыпты жалғастыру

10.2.2.1 ғылыми-көпшілік және публицистикалық мәтіндерге сүйеніп, монолог және диалог құрау, сөз әдебі мен сөйлеу этикеті формаларын орынды қолданып, тыңдаушыға әсер ету

10.5.2.1 мәтін құрауда сөздердің байланысу түрлері мен тәсілдерін орынды қолдану

Бағалау критерийі

Білім алушы

- Бөлім бойынша мәтін үзінділерін еске түсіріп, өз біліміне сүйеніп тақырыпты жалғастырады

- Өтілген мәтіндерге сүйеніп, монолог және диалог құрау, сөз әдебі (кешіріңіз, мүмкін болса, мақұл көрсеңіз, рұқсат етсеңіз, қалауыңыз білсін) мен сөйлеу этикеті (жазбаша және ауызша сөйлеу, диалогтық және монологтық) формаларын орынды қолданып, тыңдаушыға әсер етеді

- Мәтін құрауда сөздердің байланысу түрлері мен тәсілдерін орынды қолданады

Ойлау дағдыларының деңгейі

Қолдану

Орындау уақыты

25 минут

Тыңдалым. 15-аудио Аудиомәтінді екі рет тыңдап, төмендегі тапсырмаларды орындаңыз. Кейінге қалдыруға болмайтын нақты шаралар – Арал өңірі тұрғындарының хал-ахуалын жақсарту, жерасты суларын кеңінен пайдалану арқылы тұщы ауызсу жіберу, сукұбырлар құрылысын жүргізу, «Көкарал» бөгеті құрылысын аяқтап, Кіші Аралды сумен толтыру. Теңіздің тартылуы салдарынан ауаның орташа ылғалдылығы 18 пайызға төмендесе, ауа райының жылы кезеңі бір айға дейін қысқарды. Бұл өлкедегі бұрынғы 3000-дай көлден қазіргі таңда 85-і қалды. Аралдықтардың қазіргі жоспары – Кіші теңізді суға толтырып, оны бұрынғы қалпына келтіру, «Көкарал» бөгетінің құрылыс жұмыстарын аяқтау. Егер «Көкарал» бөгеті болмаса, Сырдария суы Үлкен теңіз тереңдіктеріне барып, айдынға жайылып, бостан-босқа буланып, ауаға ұшатын еді. Кіші теңіз тола бастағаннан бері оның табиғи байлықтары да көбейе бастады. Оның болашағы баянды болу үшін Кіші теңізге Сырдарияның суын көбірек жеткізу мәселесін шешу қажет. Табиғат – ата-бабамыздан қалған қасиетті мұра. Арал өңірін экологиялық апаттан құтқару үшін көпшіліктің күші, күресі қажет. Адамдарды өркениет жолында атсалысуға жігерлендіру керек.

«Экология – ел тағдыры» жинағынан

1-тапсырма. Мәтінді тыңдаңыздар (15-аудио). Мәтін үзіндісін тыңдап болжам жасау, өз біліміне сүйеніп тақырыпты жалғастыру. (5-7 сөйлем)

1. _____
2. _____
3. _____
4. _____
5. _____
6. _____
7. _____

2-тапсырма. Тыңдалым мәтінінен 3 сан есімді жазып алу.

а) Тыңдалым мәтінінде берілген сан есімдермен сөзтіркесін жасау.

1-сан есім.

2-сан есім.

3-сан есім.

ә) Тыңдалым мәтінінен жазып алған сан есімдермен сөйлем құрау, сөздердің байланысу тәсілін анықтау.

1-сөйлем.

2-сөйлем.

3-сөйлем.

Айтылым.

3-тапсырма. «Адам мен табиғат – егіз ұғым» деген тақырыпта монолог немесе диалог құрау, сөз әдебі мен сөйлеу этикеті формаларын орынды қолдану. (10 сөйлем)

Бағалау критерийі:	Тапсырма №	Дескриптор:	Балл 15
		Білім алушы	
<ul style="list-style-type: none"> • Бөлім бойынша 	№1	-мәтін үзіндісін тыңдап болжам жасады, -өз біліміне сүйеніп тақырыпты жалғастырды (5-7 сөйлем),	3

<p>мәтін үзінділерін еске түсіріп, өз біліміне сүйеніп тақырыпты жалғастырады</p> <ul style="list-style-type: none"> Өтілген мәтіндерге сүйеніп, монолог және диалог құрау, сөз әдебі (кешіріңіз, мүмкін болса, мақұл көрсеңіз, рұқсат етсеңіз, қалауыңыз білсін) мен сөйлеу этикеті (жазбаша және ауызша сөйлеу, диалогтық және монологтық) формаларын орынды қолданып, тыңдаушыға әсер етеді Мәтін құрауда сөздердің байланысу түрлері мен тәсілдерін орынды қолданады. 	<p>№2</p>	<p>А) сан есімдермен сөзтіркесін жасау. 1-сан есім 2-сан есім 3-сан есім Ә) сөйлем құрады, сөздердің байланысу тәсілін анықтады. 1-сөйлем 2-сөйлем 3-сөйлем Ескерту: 3 сөйлемге 1 балл</p>	<p>1 1 1 1 1 1</p>
	<p>№3</p>	<p>- «Адам мен табиғат – егіз ұғым» деген тақырыпта монолог немесе диалог құрады, -сөз әдебі мен сөйлеу этикеті формаларын орынды қолданды, (10 сөйлем)</p>	<p>2 2</p>
	<p>- сөздердің байланысу түрлері мен тәсілдерін орынды қолданады.</p>	<p>2</p>	

Жалпы балл – 15

Бағалау:

0-5 балл – «2»

6-9 балл – «3»

10-12 балл – «4»

13-15 балл – «5»

5-БӨЛІМ. «Мұхит тіршілік мекені» бөлімі бойынша жинақтық бағалау

Оқу мақсаты

10.3.3.1 әдеби шығармада көтерілген әлеуметтік-қоғамдық мәселені талдау және кейіпкерлерді шынайы өмірмен салыстырып бағалау

10.4.4.1. тақырып бойынша мәтінге жоспар құрып, әр тармақшаға қажетті негізгі және қосымша мәліметтерді жинақтап ұсыну, (тірек-схема, менталды карта, презентация)

10. 5.1.4 есімдіктердің жасалу жолдарын білу, мәтін құрауда орынды қолдану

Бағалау критерийі

Білім алушы

- Әдеби шығармада көтерілген әлеуметтік-қоғамдық мәселені талдау және кейіпкерлерді шынайы өмірмен салыстырып бағалайды
- Тақырып бойынша мәтінге жоспар құрып, әр тармақшаға қажетті негізгі және қосымша мәліметтерді жинақтап тірек-схема, менталды карта жасайды
- Есімдіктердің жасалу жолдарын білу, мәтін құрауда орынды қолданады

Ойлау дағдыларының деңгейі

Қолдану

Орындау уақыты

25 минут

Оқылым. Райдың оралуы

Сәске түс еді. Қаладан қайтқан кірешілерге ілесіп Рай келді. Әбден жүдеген. Үсті-басы ебіл-себіл. Қылмысы болмағасын біраз ұстапты да, босатыпты. Қарт әже оны даусынан таныды.

-Қоңыр қозым, ботам, келші! Келші бермен! - деді құшағын ашып.

Рай шайдан кейін Ақбалаға барды. Бала туғаннан кейін әлі де өзіне келе алмай жатыр екен. Ақбала орнынан ақырын тұрды.

Ақбала шай демдегенше Рай пеш түбінде құндақта жатқан баланы қолына алды. Құрақ көрпе арасынан шарананың біршөкім беті әзер көрінеді.

-Мырзамыздың түрі осы, - деді Ақбала.

Тағы да тамағына тас тіреліп, иығының басы бүлк етті де, Рай бауырына қысқан құндаққа бетін баса қалды. Есіне Еламан түскен еді. Бұны босатты. Оны Сібірге айдады.

...Мен мұны, ендеше, әнмен оятайын, - деп, Рай күле түсті де, бір қолымен ұйықтап жатқан баланы бауырына қысып отырып, домбыраға даусын қосып ақырын ыңырс бергенде, ішке Кәлен, Мөңке, Дос кірді. Төрге шыққан бойда Мөңке мен Дос Ақбалаға қосарлана тіл қатып:

-Келін қарағым, қалайсың?

-Бөпең өсіп келе ме? - деп амандық-саулық сұрады.

Кәленнің көз қиығы Райда. Ағасының үйіне келгесін жас жігіттің есіне әр нәрсе түсіп, көңілі бұзылып отырған үстінен шығам ба деп ойлап еді. Райдың жарқын жүзін көргенде, Кәленнің өзі де жадырап сала берді. Төрге шыққасын иығындағы шидем күпіні шынтағымен бір серпіді де:

-Бала, бері әкел, - деп, Райдың қолынан домбыраны алды. Әуелі тиегін дұрыстады. Сосын құлағын келтірді. Сонан соң домбыраны құшырланып, қаттырақ қағып-қағып жебірді де, салған жерден Сарының әнін шырқай жөнелді...

Ә. Нұрпейісов. «Қан мен тер» романынан

1-тапсырма. Шығармадағы негізгі және қосымша ақпаратты анықтау.

№	Ақпарат	Н	Қ
1.			
2.			
3.			
4.			

(2 балл)

2-тапсырма. Шығармадағы әлеуметтік-қоғамдық мәселені анықтау.

--

(3 балл)


3-тапсырма. Шығармадағы кейіпкердерді анықтап, шынайы өмірмен салыстыру.

Кейіпкерлер	Шынайы өмірде

(4 балл)

Жазылым.

4-тапсырма. Мәтін бойынша менталды картаны толтырыңыз.



(3 балл)

5-тапсырма. Шығармадағы өзіңізге ұнаған кейіпкер бейнесін төмендегі берілген ұяшыққа жазыңыз. Жазу жұмысыңызда есімдіктерді қолданыңыз.

Қандай?	Өзіңізге ұнаған кейіпкер кім?	Іс-әрекеті
Өмірлік көзқарасы		Қандай тұжырым жасадың?

(3 балл)

Бағалау критерийі:	Тапсырма №	Дескриптор:	Ба
		Білім алушы	лл
<ul style="list-style-type: none"> • Әдеби шығармада көтерілген әлеуметтік-қоғамдық мәселені талдау және кейіпкерлерді шынайы өмірмен салыстырып бағалады • Тақырып бойынша мәтінге жоспар құрып, әр тармақшаға қажетті негізгі және қосымша мәліметтерді жинақтап тірек-схема, менталды карта жасады • Мәтін құрауда есімдіктерді орынды қолданады. 	№1	-шығармадағы негізгі және қосымша ақпаратты анықтады,	2
	№2	-шығармадағы әлеуметтік-қоғамдық мәселені анықтады, - орфография мен пунктуацияны сақтады,	2 1
	№3	-шығармадағы кейіпкердерді анықтады,	1
		-шынайы өмірмен салыстырды,, - орфография мен пунктуацияны сақтады,	2 1
	№4	-мәтін бойынша менталды картаны толтырды,	3
	№5	-шығармадағы кейіпкер бейнесін төменде берілген ұяшыққа жазды, -жазу жұмысында есімдіктерді орынды қолданады.	1 2

Жалпы балл – 15

Бағалау:

0-5 балл – «2»

6-9 балл – «3»

10-12 балл – «4»

13-15 балл – «5»

6-БӨЛІМ. «Ұлттық таным және мерекелер» бөлімі бойынша жинақтық бағалау

Оқу мақсаты

10.3.1.1 мәтіндегі негізгі және қосымша ақпараттарды анықтай отырып, факті мен көзқарасты ажырату, мәтін идеясымен байланысын анықтау

10.4.2.1 қажетті клишелер мен лексикалық құрылымдарды қолданып, көтерілген мәселе бойынша өз ойын дәлелдеп эссе жазу («келісу, келіспеу» эссесі, дискуссивті эссе, аргументативті эссе)

10.5.1.5 мәтін құрауда есімше сөздерді стильдік қызметіне сай орынды қолдану

Бағалау критерийі**Білім алушы**

- Мәтіндегі негізгі және қосымша ақпараттарды, факті мен көзқарасты ажыратады
- Көтерілген мәселе бойынша эссе жазады
- Мәтін құрауда есімше сөздерді орынды қолдану

Ойлау дағдыларының деңгейі

Қолдану

Орындау уақыты

25 минут

Оқылым. Ж. Аймауытов «Әнші әңгімесі»

Жетішатыр – жақсы қала. Қаптап жатқан қазақ. Жазы-қысы - қымыз, ойын-сауық. Айт, той, құдалық, атжарыс, күрес... Жаз шықса, паракот, паром, жолқайық, жасыл арал, қалың орман. Көкке шыққан, гүләйт соққан, масайраған шат көңіл... Сырнай-керней... Қызық думан... Қайткенмен сергек қала.

Стипендиядан жырмалаған азды-көпті тиынның қызығын көрмек болып, жексенбі күні арғы жаққа тарттық. Осы жылы келдік. Қаланың жай-жапсарына қанық емеспіз.

Он минутта арғы жаққа шықтық. Арғы жақ - қазақ даласы. Өзен өрлей салынған екі мешіті, бір шіркеуі бар, ығы-жығы тайпақ қала.

- Балалар, қайда апарайын?

- Қай үй жақын болса, соған апар.

Бержабайшы қос терезелі тапал үйдің алдына тұра қалды. Көптен күткен жеңешемдей, ауыз үйдегі алтын сырғалы, ақ құба, бидай өнді кербез жеңгей: «Балалар, жоғары шығындар!» - деп, төргі үйге қарай сілтеді.

Төсек – орны, дөңгелек үстелі, тегенесі, кесесі біріне бірі сай, шап – шағын бөлмеде екі – үш жігіт қымыз ішіп отыр. Бұл қаланың жақсы жері қазақтың оқыған балаларын сыйлайды. Балалары үлкендерін сыйлайды...

1-тапсырма. Шығармадағы негізгі және қосымша ақпаратты анықтау.

№	Ақпарат	Н	Қ
5.			
6.			
7.			

(3 балл)

2-тапсырма. Мәтіннен факті мен көзқарасты ажырату, мәтін идеясымен байланысын анықтау.

Факт	
Көзқарас	
Идея	

(4 балл)

Жазылым.

3-тапсырма. Оқылым мәтінінде көтерілген мәселе бойынша өз ойын дәлелдеп **шағын эссе** жазу («келісу, келіспеу» эссесі, дискуссивті эссе, аргументативті эссе); (көлемі 80-100 сөз)

(8 балл)

Бағалау критерийі:	Тапсырма №	Дескриптор:	Бал
		Білім алушы	л
• Мәтіндегі негізгі және қосымша ақпараттарды, факті мен көзқарасты ажыратады	№1	- шығармадағы негізгі және қосымша ақпаратты анықтайды,	2
		- орфография мен пунктуацияны сайтайды,	1

<ul style="list-style-type: none"> • Көтерілген мәселе бойынша эссе жазады • Мәтін құрауда есімше сөздерді қолдану. 	№2	<ul style="list-style-type: none"> - факті мен көзқарасты ажыратады, - мәтін идеясымен байланысын анықтайды, - орфография мен пунктуацияны сайтайды, 	2 1 1
	№3	<ul style="list-style-type: none"> -мәтінде көтерілген мәселені анықтайды, - өз ойын дәлелдейді, - орфография мен пунктуацияны сайтайды, 	1 2 3
		<ul style="list-style-type: none"> -«келісу, келіспеу» эссесі, дискуссивті эссе, аргументативті эссе); (көлемі 80-100 сөз) 	*/1 */1 */1 1

Жалпы балл – 15

Бағалау:

0-5 балл – «2»

6-9 балл – «3»

10-12 балл – «4»

13-15 балл – «5»

7-БӨЛІМ. «Сауда мен көмек: екіжақты келісімді сауда» бөлімі бойынша жиынтық бағалау

Оқу мақсаты

10.1.3.1 оқу-кәсіби, қоғамдық-саяси, әлеуметтік-мәдени тақырыптар аясында қолданылған сөздер мен термин сөздердің мағынасын түсіну

10.2.2.1 ғылыми-көпшілік және публицистикалық мәтіндерге сүйеніп, монолог және диалог құрау, сөз әдебі мен сөйлеу этикеті формаларын орынды қолданып, тыңдаушыға әсер ету

Бағалау критерийі

Білім алушы

- Оқу-кәсіби, қоғамдық-саяси, әлеуметтік-мәдени тақырыптар аясында
- қолданылған өздер мен терминдердің мағынасын ажыратады
- Монолог және диалог құрауда сөз әдебі мен сөйлеу этикеті формаларын орынды қолданады

Ойлау дағдыларының деңгейі

Қолдану

Орындау уақыты

25 минут

Тыңдалым. (28-аудио) Аудиомәтінді екі рет тыңдап төменде берілген тапсырманы орындаңыздар.

2015 жылдың Қазақстан үшін басты жаңалықтарының бірі Дүниежүзілік сауда ұйымына (ДСҰ) мүшелікке қабылдануы болды. Яғни, 2016 жылдан бастап Қазақстан жаңа құқықтық-сауда режиміне көшті. 19 жылға жалғасқан келіссөзден соң, Қазақстан әлемдік сауданың көрігін қыздыратын алпауыт ұйымның толыққанды 162-мүшесі ретінде ресми қабылданды. 1996 жылы айқындалған сыртқы саясаттағы басымдыққа 20 жылдан соң, яғни 2016 жылдың 1 қаңтарында қол жеткізілді. Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаев келіссөздердің сәтті аяқталғанын тарихи маңызды оқиға ретінде бағалап: «Еліміз аса маңызды тағы бір тарихи оқиға қарсаңында тұр. Біз Дүниежүзілік сауда ұйымына кіру жөніндегі келіссөздерді табысты аяқтадық. ДСҰ-ға мүше болу – күллі Қазақстанның жемісі. Бұл – еліміздің жаһандық экономиканың бөлінбес бөлшегі ретінде мойындалуының айғағы» деген болатын.

Қ. Мәметқазыұлы

1-тапсырма. Берілген сөзтіркестерімен сөйлем құраңыз.

Дүниежүзілік сауда ұйымы, құқықтық-сауда, алпауыт ұйым.

(4 балл)

2-тапсырма. Көп нүктенің орнына қажетті сөздерді қойыңыз.

А) 2015 жылдың Қазақстан үшін _____ жаңалықтарының бірі Дүниежүзілік сауда ұйымына (ДСҰ) мүшелікке _____ болды.

Ә) 19 жылға жалғасқан келіссөзден соң, Қазақстан әлемдік сауданың көрігін қыздыратын _____ толыққанды 162-мүшесі ретінде ресми қабылданды.

Б) 2016 жылдың 1 қаңтарында _____.

В) Біз Дүниежүзілік сауда ұйымына _____ жөніндегі келіссөздерді табысты аяқтадық.

Г) ДСҰ-ға мүше болу – _____ Қазақстанның жемісі.

(5 балл)

Айтылым.

3-тапсырма. Өз мәтініңізді оқып, көтерілген мәселе туралы жұбыңызға әңгімелеңіз. Тындалған ақпарат бойынша 2 сұрақ қойыңыз. Сұрақ қою мен жауап беруде сөз әдебі және сөйлеу әрекеті формаларын қолданыңыз.

1-оқушы.

Француз жұртының бір білімді адамы жазады:

- 1791 жылы университетте оқып жүрген жігіт күнімде, әр жеті сайын Версаль қаласындағы шешеме барып-қайтып тұрушы едім. Сонда әрдайым жолымда Антон деген тілемші отырып, қайыр сұрап жүруші еді. Бір күні тағы сол жолмен келе жатып, бір орта бойлы арықтау кісіге ұшырастым. Жөніміз бір болған соң, бірге келе жатқанымызда манағы Антон алдымыздан шығып қайыр сұрады. Қасымдағы кісі тоқтап, Антонның бетіне қарап тұрды да айтты:

- Сен қарауға еп -есті кісі секілді көрінесің және жұмыс істеуге қуатың да бардай көрінеді. Сөйте тұра мұндай жаман іспен өзіңді кемшілікке салып жүрсің...

Ы. Алтынсарин. «Дүние қалай етсең табылады?»

2-оқушы.

Бай болғың келсе, мен саған ақыл айтайын: мен өзім де сендей кедей едім, бірақ сендей тіленшілік қылғаным жоқ. Қала-қаладан қыдырып жүріп, әуелі боқтық, салам, не болмаса жай кісілерден ескі шүберек сұрап жиып жүрдім. Ол шүберектерді апарып қағаз істейтін фабрикаларға сатып, сонымен азды-көпті ақша болған соң бір есек, бір арба алдым. Мұнан соң әуелі аз-аздап, арба-арба көбірек, әр үйден ескі-құсқы, тұтынуға жарамайтын шүберектерді сатып алып, арбамен жүріп сауда ете бастадым. Осындай іспен жеті жылда он мың франк ақша тауып, енді бір қағаз фабрикасына кірістім. Жасым жас, ісіме нық, жинақты және еріншектікті білмененнен соң, осы күнде екі әйдік тас жұртым бар. Фабрикамды балама бердім, үмітім бар, балам да аштық көре қалмас деген. Себебі баламды да жасынан бос жүруге еріншектікке, қиналмай мал табуға үйретпедім. Осы айтқанымша машақаттанудан қашпасаң, сен де бай боласың, Антон, - деді де жөніне жүріп кетті.

Антон бұл сөздерді есіткен соң терең ойға қалып, қайыр сұрауын да ұмытып тұрып қалды.

Ы. Алтынсарин. «Дүние қалай етсең табылады?»

4-тапсырма. *Сауда жасау, ақша жинау, фабрика ашу, баю* туралы әрекеттерді қазіргі өмірмен байланыстырып, өз ойыңызды жазыңыз. (2-3 сөйлем)

Бағалау критерийі	Тапсырма №	Дескриптор Білім алушы	Бал л 15
<ul style="list-style-type: none"> • Тақырыпқа сәйкес сөздер мен терминдердің мағынасын ажыратады. • Монолог және диалог құрауда сөз әдебі мен сөйлеу этикеті формаларын орынды қолданады. 	1	-сөздермен сөйлем құрайды; 1-сөйлем 2-сөйлем 3-сөйлем - орфография мен пунктуацияны сақтайды,	1 1 1 1
	2	-көп нүктенің орнына қажетті сөздерді қойып жазады; 1-сөйлем 2-сөйлем 3-сөйлем 4-сөйлем 5-сөйлем	1 1 1 1 1
	3	-көтерілген мәселе туралы жұбына әңгімелейді,	1
		-сұрақ қоюда сөз әдебі және сөйлеу әрекеті формаларын қолданды,	1
		-сұраққа жауап беруде сөз әдебі және сөйлеу әрекеті формаларын қолданды,	1
4	-сөйлемді өмірмен байланыстырып жазады, -орфография мен пунктуацияны сақтайды.	2 1	

Жалпы балл – 15

Бағалау:

0-5 балл – «2»

6-9 балл – «3»

10-12 балл – «4»

13-15 балл – «5»

8- БӨЛІМ. «Бұқаралық ақпарат құралдарындағы гендерлік бейне» бөлімі бойынша жиынтық бағалау

Оқу мақсаты

10.3.6.1 мәтін мазмұнындағы деректі ақпаратты толық анықтап, негізгі ойға өз көзқарасын білдіру және оны бағалау:

10.4.5.1 ғылыми-көпшілік және публицистикалық стильдегі мәтіндерден негізгі ұғымдарды анықтай отырып, жинақы мәтін (компрессия) құрастыру:

10.5.1.7. шылаулардың сөйлемдегі қызметін білу мәтін құрауда орынды қолдану.

Бағалау критерийі

Білім алушы

- Мәтіндегі ақпаратқа өз көзқарасын білдіреді.
- Сұрақтарға жауап беру арқылы жинақы мәтін (компрессия) құрастырады.
- Сөйлемдерде шылау түрлерін қолданады.

Ойлау дағдыларының деңгейі

Қолдану

Орындау уақыты

25 минут

Оқылым.

Нәзипа Құлжанова 1887 жылдың 27 шілдесінде Торғай қаласында дүниеге келген. Ол - ХХ ғасыр басындағы оқыған санаулы ғана қазақ қыздарының бірі. Ағартушы, этнограф, аудармашы, журналист, жазушы Нәзипа Құлжанованың артында қалған мұрасы ұшан-теңіз.

Нәзипа - қазақ қыздарынан шыққан тұңғыш журналист. Қостанайдағы қыздар гимназиясын тамамдаған соң, Семейдегі мұғалімдер семинариясына сабақ береді. Осы кезден бастап қазақ әйелдері арасынан дараланып, ұлттың жоғын жоқтады. «Қазақ», «Айқап», «Бірлік туы», «Жаңа мектеп» секілді басылымдарда қазақ тағдырына, әйел теңдігіне, оқу-ағартуға қатысты мақалалары жеткілікті жарияланған. Ол Абайды қазаққа танытқан зиялылардың бірі болды. Жүсіпбек Аймауытов «Айқап» журналында бұл туралы: «Біздің қазақта ұлтқа қызмет еткен әйелдің алды Нәзипа ханым болып шежіреде жазылуы тиіс», - деп жазды. 1922 жылы «Еңбекші қазақ» газетінде, 1923-1925 жылдары «Қызыл Қазақстанда», 1925-1929 жылдары «Әйел теңдігі» журналдарында жауапты қызмет атқарды.

Н.Құлжанова – Ы. Алтынсарин, А. Байтұрсынұлы үлгісіндегі тәжірибелі педагог, ғалым. Қазақ мектептеріне арнап оқулық жазды, оқыту мен тәрбиелеу ісін ізгілендіру жолында аянбай қызмет етті.

Н.Құлжанов – әдебиетші, әдебиет жанашыры. «Әйел теңдігі» журналында ақын Шолпан Иманбаева туралы жазған мақаласы бар.

Қазақтың алғашқы баспасөзі, қазақ ғылымының бастауы туралы әңгіме болған кезде біз қазақтың қайраткер қызы Нәзипа Құлжанованы ұмытпауымыз керек. Н.Құлжанованың атқарған қызметі, тағылымды да өнегелі ғұмыры бүгінгі әрбір баланың өмірлік мақсатына айналуы тиіс.

Е. Тоқтарбай

1-тапсырма. Мәтін мазмұны бойынша берілген тұжырымдарды дәлелдеңіз.

Н. Құлжанова	1. Қазақтың тұңғыш журналист қызы. Себебі ...
	2. Мемлекет қайраткері. Себебі ...
	3. Педагог. Оны былай дәлелдеймін.
	4. Мынадай түйін жасадым.

(5 балл)

2-тапсырма. Берілген сұрақтарға жауап беруде шылауларды қолданыңыз және жауабыңыздан шағын монолог жасаңыз.

1. Радио саласында қызмет еткен әйгілі тұлғалардан кімдерді білесіз?
2. Олардың қызметі туралы не айта аласыз?
3. Қандай радиотолқындарды тыңдайсыз?
4. Қандай бағдарламалар ұнайды?
5. Қалай ойлайсыз, диктор болу үшін қандай қасиеттер керек?
6. Бүгінгі жас дикторлардан кімдерді білесіз?

Дескриптор

Бағалау критерийі	Тапсырма №	Дескриптор Білім алушы	Балл 15
<ul style="list-style-type: none"> • Мәтіндегі ақпаратқа өз көзқарасын білдіреді • Сұрақтарға жауап беру арқылы жинақы мәтін (компрессия) құрастырады • Сөйлемдерде шылау түрлерін қолданады. 	1	1-дәлел, 2-дәлел, 3-дәлел, 4-дәлел, - орфография мен пунктуацияны сайтайды,	1 1 1 1 1
	2	-сұрақтарға жауап береді: 1-сұрақ, 2-сұрақ, 3-сұрақ, 4-сұрақ, 5-сұрақ, 6-сұрақ, -орфография мен пунктуацияны сайтайды,	1 1 1 1 1 1 1
		-шағын монолог жазады, - орфография мен пунктуацияны сайтайды,	2 1
		-шылауды қолданады.	1

Жалпы балл – 15

Бағалау:

0-5 балл – «2»

6-9 балл – «3»

10-12 балл – «4»

13-15 балл – «5»

9- БӨЛІМ. «Жер планетасындағы қауіпті қалдықтар» бөлімі бойынша жиынтық бағалау

Оқу мақсаты:

10.3.4.1 ғылыми-көпшілік және публицистикалық стильдегі мәтіндер (мақала, эссе, тезис, интервью, баспасөз парағы) бойынша салыстырмалы (жанры, құрылымы, тілдік құралдары, мақсатты аудиториясы) талдау жасау

10.1.6.1 көтерілген мәселе бойынша әртүрлі дереккөздерден алынған мәтіндерді тыңдау және салыстыру, өз көзқарасын аргументтер негізінде дәлелдеу

10.5.2.1 мәтін құрауда сөздердің байланысу түрлері мен тәсілдерін орынды қолдану

Бағалау критерийі

Білім алушы

- Берілген мәтіндерді салыстыра отырып, стилі мен жанрын, ерекшелігі мен ұқсастығын анықтайды

- Мәтіндегі ақпаратқа сүйене отырып, өз көзқарасын аргументтер негізінде дәлелдейді
- Сөздердің байланысу түрлері мен тәсілдерін орынды қолданады.

Ойлау дағдыларының деңгейі

Түсіну, Қолдану

Орындау уақыты

25 минут

Оқылым.

А мәтіні	Ә мәтіні
<p>Осыдан біраз жыл бұрын үлкен крейсерлік кеме капитаны Чарльз Мур Тынық мұхитында көшіп жүрген үлкен күл-қоқыс «аралын» көреді. Кейін ғалымдардың зерттеуі бойынша, бұл суға батпайтын әртүрлі пастмасса құтылары мен қатты тұрмыстық қалдықтардан құрылған қоқыс үйіндісі болып шыққан. Бұл Тынық мұхитындағы күл-қоқыс «аралының» көлемін дәл анықтау мүмкін емес. Кемеден қарағанда оның шегі мен шеті көрінбейді. Ал ұшақтан оны анықтау тағы қиын. Ғалымдардың пікірінше, үнемі көшіп жүретін бұл күл-қоқыс «континетінің» жалпы көлемі 700 мың шаршы шақырымға дейінгі аумақты алып жатқан көрінеді. Яғни, бұл мұхиттағы күл-қоқыс «аралында» 100 миллион тоннадан астам әртүрлі қатты тұрмыстық қалдық пен қоқыс жинақталған. Чарльз Мурдың есебінше, күл-қоқыс «аралының» 80 пайызы құрлықтарда тасталған күл-қоқыстан, 20 пайызы кемелер палубасынан мұхитқа лақтырылған әртүрлі қоқыс қалдықтарынан құралған. Міне, адамзаттың табиғатқа жасаған қиянаты құрлықты қойып, алып мұхиттарды да улап жатыр.</p>	<p>Жағалаудағы елдердің қоқыстарын көбінесе су шайып, әлемдік мұхиттарға алып кетеді. Ғарыштан түсірілген суреттерге қарасаңыз, мұхиттардың ағыстары, олар тоғысатын иірімдері баршылық. Тек тынық мұхиттағы солтүстік иірімде аумағы 700 мың шаршы шақырым мен 1,5 миллион шаршы шақырым аралығындағы пластик қалдықтар қалқып жүр. Көздеріңізге елестету үшін айта кетелік: Түркия, Чили, Замбия сынды мемлекеттердің аумағы 700 мың шаршы шақырымнан асады, ал 1,5 миллион шаршы шақырым дегеніңіз Моңғолия аумағымен тең. Осы «қалдық құрлықтың» сексен пайызы жағалаудан су шайып кеткен полиэтилен тастандысы екен...</p>

1-тапсырма. Екі мәтінді салыстырып, олардың тілі мен стилін, жанрын, ұқсастығын және айырмашылығын сараптаңыз.

Стилі	
А мәтіні	Ә мәтіні
Жанры	
А мәтіні	Ә мәтіні
Тілі	
А мәтіні	Ә мәтіні
Ұқсастығы	
А мәтіні	Ә мәтіні
Айырмашылығы	
А мәтіні	Ә мәтіні

(6 балл)

Тыңдалым. Д. Рамазан «Соңғы дем» әңгімесі

... Гүлжан сиырын сауып, табынға қосты. Ошаққа тезек қалап жүрген Қаншайым қарияны көріп, қасына келді.

- Есенсіз бе, әжей?

- Шүкіршілік, қарағым. Өз үй ішің аман ба? Нұрбек баламның денсаулығы жақсы ма? Бара алмай ұятты болып жүрмін, шырағым! Күйбең тірлікпен күннің қалай батқанын білмей қаласың. Бір жағынан немереміз ауырып, берекемізді қашырды. Түні бойы жағы сембей шырылдап жылай береді.

- Күні құрғыр да бұзылып тұр ғой. Салқын тиіп қалған болар, - деді Гүлжан қарияның сөзін қостаған болып.

- Жоға, құдай! Ол ауырғалы қаш-а-н... Бөбешегң екі айырылып, танауының тесігі таңдайынан шығып, жарымжан болып туды ғой., байғұс бала. Аузымен ғана дем алады. Кейде ауа жетпей қала ма? әйтеуір, біреу буындырып жатқандай тыпырлап, жүзі қызара ісініп кетеді, - деді қарт ана жанарына іркілген жасты жаулығының ұшымен сүртіп. – Адам бола ма, болмай ма, білмеймін!

- Осының бәрі ай сайын жер-дүниені сілкінітіп жатқан жарылыстардың әсері ғой.

- Иә, жарқыным ... Мәдидің қызы бимыл жетіге шықты дегенге кім иланады. Өлі тұсауын кеспеген сәби секілді. Былқ-сылқ етіп жүре алмайды. Атом емес, ақырзаман болды ғой бізге.

№2 Тапсырма.

Мәтінде көтерілген мәселе	
Мәтінде көтерілген мәселеге өзінің көзқарасын аргументтер негізінде дәлелдеу	

№3. Тапсырма.

Сөздердің байланысу түрлерін ескере отырып тірек сөздермен сөйлем құраңыз.

1. Өндірістік
2. Уытты қалдық
3. Күйбең тірлік
4. Жағы сембеу
5. Бөбешік

Сөздердің байланысу түрлері	Сөйлем	балл
қиысу		1
матасу		1
меңгеру		1
қабысу		1
жанасу		1
		1

Бағалау критерийі	Тапсырма №	Дескриптор	Балл
		Білім алушы	
<ul style="list-style-type: none"> • Берілген мәтіндерді салыстыра отырып, стилі мен жанрын, ерекшелігі мен ұқсастығын анықтайды. • Мәтіндегі ақпаратқа сүйене отырып, өз көзқарасын аргументтер негізінде дәлелдейді. 	1	-стилін табады,	1
		-жанрын анықтайды,	1
		-тілін анықтап көрсетеді,	1
		-ұқсастығын жазады,	1
		-айырмашылығын табады ,	1
		- орфография және пунктуацияны сақтайды,	1
	2	-мәтінде көтерілген мәселені	1

• Сөздердің байланысу түрлері мен тәсілдерін орынды қолданады.		көрсетеді,	
		-өз көзқарасын жазады,	1
		-аргументпен дәлелдейді, - орфография мен пунктуацияны сайтайды,	1
	3	-сөздердің байланысу тәсілін ескере отырып, сөйлем жазады. (әр дұрыс жазылған жауапқа 1 балл)	5

Жалпы балл – 15

Бағалау:

0-5 балл – «2»

6-9 балл – «3»

10-12 балл – «4»

13-15 балл – «5»

10-БӨЛІМ. «Әлеуметтік теңсіздік: адам құқықтары және көмек» бөлімі бойынша жинақтық бағалау

Оқу мақсаты

10.1.2.1 мәтінді тыңдай отырып, негізгі идеяларды (ақпараттарды) қысқаша түртіп жазу (конспектілеу), жазбаға сүйеніп мәтін мазмұнын түсіндіру

10.4.2.1 қажетті клишелер мен лексикалық құрылымдарды қолданып, көтерілген мәселе бойынша өз ойын дәлелдеп эссе жазу («келісу, келіспеу» эссесі, дискуссивті эссе, аргументативті эссе)

Бағалау критерийі

Білім алушы

• Мәтінді тыңдай отырып, негізгі идеяларды (ақпараттарды) қысқаша түртіп жазу (конспектілеу), жазбаға сүйеніп мәтін мазмұнын түсіндіреді

• Көтерілген мәселе бойынша қажетті тілдік құрылымдарды қолданып, эссе жазады («келісу, келіспеу» эссесі, дискуссивті эссе, аргументативті эссе)

Ойлау дағдыларының деңгейі


Жоғары деңгей дағдылары

Орындау уақыты

25 минут

Тыңдалым. 2-аудио Аудиомәтінді екі рет тыңдап, төмендегі тапсырмаларды орындаңыз.

1-тапсырма. Мәтіндегі негізгі ойды және оны ашатын деректі ақпараттар бойынша кластерді толтырыңыз.



(2 балл)

2-тапсырма. Сұраққа жауап беріңіз.

1. Баланы интернатқа не үшін бермек болды? Ол туралы сіздің көзқарасыңыз?

(2 балл)**3-тапсырма.** Әкесінің жасаған ісіне не айтар едіңіз? Өмірде осындай жағдай кездесе ме? Өз ойыңызды дәлелдермен жазыңыз. (шағын эссе көлемі 100-120 сөз)

Бағалау критерийі	Тапсырма №	Дескриптор	Балл 15
		Білім алушы	
<ul style="list-style-type: none"> • Мәтінді тыңдай отырып, негізгі идеяларды (ақпараттарды) қысқаша түртіп жазу (конспектілеу), жазбаға сүйеніп мәтін мазмұнын түсіндіреді. • Көтерілген мәселе бойынша қажетті тілдік құрылымдарды қолданып, эссе жазады («келісу, келіспеу» эссесі, дискуссивті эссе, аргументативті эссе) 	1	-негізгі ойды табады, -кластерді толтырады,	1 1
	2	-сұраққа толық , әрі сауатты жауап береді,	2
	3	-Әкесінің жасаған ісіне не айтар едіңіз? - Өмірде осындай жағдай кездесе ме? - орфография және пунктуацияны сақтайды,	1 2 1
		-эссе құрылымын сақтады («келісу, келіспеу» эссесі, дискуссивті эссе, аргументативті эссе), -орфография мен пунктуацияны сақтайды,	2 2
		-эссе көлемін сақтады,	1
		-ой жүйелігін сақтады.	2

Жалпы балл – 15**Бағалау:**

0-5 балл – «2»

6-9 балл – «3»

10-12 балл – «4»

13-15 балл – «5»

11-БӨЛІМ. «Жастардың денсаулығы - қоғам байлығы» бөлімі бойынша жинақтық бағалау жұмысы

Оқу мақсаты

Айтылым

Жазылым

10.2.2.1 ғылыми-көпшілік және публицистикалық мәтіндерге сүйеніп, монолог және диалог құрау, сөз әдебі мен сөйлеу этикеті формаларын орынды қолданып, тыңдаушыға әсер ету

10.4.6.1 мәнмәтін бойынша тілдік бірліктерді орфографиялық нормаға сай жазу, сөйлем деңгейінде тыныс белгілерін қолдана білу

10.5.2.2 құрмалас сөйлемдердің (аралас) жасалу жолдарын білу, жазба жұмыстарында орынды қолдану

Бағалау критерийі

Білім алушы

- мәтіндерге сүйеніп, монолог және диалог құрау, сөз әдебі мен сөйлеу этикеті формаларын орынды қолданып, тыңдаушыға әсер етеді;
- мәнмәтін бойынша тілдік бірліктерді орфографиялық нормаға сай жазу, сөйлем деңгейінде тыныс белгілерін қолдана біледі;
- құрмалас сөйлемдердің (аралас) жасалу жолдарын меңгеріп, жазба жұмыстарында орынды қолданады.

Ойлау дағдыларының деңгейі

Жоғары деңгей дағдылары

Орындау уақыты

25 минут

Айтылым.

Спорт – денсаулық кепілі

Дұрыс тамақтанудың пайдасы

Салауатты өмір салты

Жазылым.

1-тапсырма. Сұрақтарға жауап жазыңыз, жауабыңызда құрмалас сөйлемдер болсын.

1. «Он алты жасар чемпион» әңгімесінің авторы кім? Неге «Он алты жасар чемпион» деп аталады?
2. Мұраттың бойында қандай қасиеттер бар?
3. Мұрат неге аурушаң? Қалай ойлайсыз, оған әке-шешесінің кінәсі бар ма?
4. Мұрат қандай спорт түрлерімен шұғылданды?
5. Бокс жарысы қайда өтті?
6. Бокс секциясына кімнің ықпалымен келді?
7. Мұрат шешуші шайқаста кіммен күш сынасты?
8. Дүниежүзінің чемпионы атанған кім? Оның көңіл-күйі мен сезімі туралы не айтасың?
9. «Он алты жасар чемпион» әңгімесінен қандай үлгі алдыңыз? 3-4 сөйлем.

Бағалау критерийі	Тапсырма №	Дескриптор Білім алушы	Балл 15
• Мәнмәтін бойынша тілдік бірліктерді орфографиялық нормаға сай жазу, сөйлем деңгейінде тыныс белгілерін қолдана біледі • Құрмалас сөйлемдердің (аралас) жасалу жолдарын меңгеріп, жазба жұмыстарында орынды қолданады.		1-сөйлем	
		2-сөйлем	1
		3-сөйлем	
		4-сөйлем	1
		5-сөйлем	
		6-сөйлем	1
		7-сөйлем	

<ul style="list-style-type: none"> Мәтіндерге сүйеніп, монолог және диалог құрау, сөз әдебі мен сөйлеу этикеті формаларын орынды қолданып, тыңдаушыға әсер етеді 		8-сөйлем	1
		-кұрмалас сөйлем	2
		-орфография және пунктуацияны сайтайды,	2
	Айтылым	- монолог немесе диалог айтады, - сөз әдебі мен сөйлеу әрекетін қолданады, - тыңдаушыға әсер етеді.	2 2 3

Жалпы балл – 15

Бағалау:

0-5 балл – «2»

6-9 балл – «3»

10-12 балл – «4»

13-15 балл – «5»

12-БӨЛІМ. «Сандық технологияны пайдаланудағы теңсіздік» бөлімі бойынша жиынтық бағалау

Оқу мақсаты

Тыңдалым

Оқылым

10.1.3.1 оқу-кәсіби, қоғамдық-саяси, әлеуметтік-мәдени тақырыптар аясында қолданылған сөздер мен термин сөздердің мағынасын түсіну

10.2.6.1 әртүрлі графиктік мәтіндердегі (иллюстрация, фотосурет, сызба, шартты белгі) ақпараттарды салыстыру, негізгі идеясын түсіндіру

10.5.2.1 мәтін құрауда сөздердің байланысу түрлері мен тәсілдерін орынды қолдану

Бағалау критерийі

Білім алушы

- Мәтінде қолданылған сөздер мен термин сөздердің мағынасын түсінеді
- Әртүрлі графиктік мәтіндердегі (иллюстрация, фотосурет, сызба, шартты белгі) ақпараттарды салыстыру, негізгі идеясын түсіндіреді
- Мәтін құрауда сөздердің байланысу түрлері мен тәсілдерін орынды қолданады

Ойлау дағдыларының деңгейі

Жоғары деңгей дағдылары

Орындау уақыты

25 минут

Тыңдалым. Аудиомәтінді екі рет тыңдап, төмендегі тапсырмаларды орындаңыз.

Елбасы Н.Ә. Назарбаев өз Жолдауында: «Біз сандық технологияны қолдану арқылы жаңа индустриалды өркендетуге тиіспіз», - деп болашаққа айқын бағдар береді. Ол үшін арнайы «Цифрлық Қазақстан» бағдарламасы әзірленді. Бұл бағдарламаның басты мақсаты – халықтың өмір сүру сапасын жақсарту, яғни тұрғындардың кең жолақты ғаламторға қолжетімділігін қамтамасыз ету, қоғамның сандық сауаттылығын арттыру және электрондық үкіметті одан әрі дамыту. Сандық технологиялар, біріншіден, экономиканың дамуына, қызмет көрсету деңгейін арттыруға септігін тигізді. Екіншіден, қарапайым тұрғындар сандық технологияларды мейлінше меңгерсе, қажетті ақпаратқа қол жеткізеді, үкіметпен байланыс орнату жағдайында ілгерілеушіліктер орын алады. Үшіншіден, ақпаратпен алмасады. Қарапайым ғана мысал, сымсыз ұялы телефондар,

желілік телеарналар – осындай іс-әрекеттердің жемісі. «Цифрлық Қазақстан» тек IT саласына ғана емес, қоғамдағы өзге десалаларды дамытуға бағытталған. Аталған бағдарламаны жүзеге асыру арқылы көптеген әлеуметтік мәселелердің оң шешімін табуға болады.

1-тапсырма. Тындалым мәтінінде кездесетін термин сөздерді жазып, олардың мағынасын ашып, қай салада кездесетінін анықтаңыз.

Термин сөздер	Мағынасын ашу (сөйлем құрау)	Кездесетін саласы

(4 балл)

2-Тапсырма. Берілген суретпен жұмыс (4 балл)

Айырмашылығы	
1-сурет	2-сурет



Оқылым.

Компьютерлік ойындардың қатері

Компьютерлік ойындардың негізгі түрі – атыс-шабыс, төбелес. Бұл алдымен баланың мінез-құлқына әсер етеді. Өйткені ойынның бас кейіпкері болған бала үнемі ұта бермейтіні анық. Кейде жеңеді, кейде жеңіледі. Ал ұтылған сайын оның ойынға деген құмарлығы арта түседі. Өзі сол әлемнің батыры болуға ұмтылады. Ұтылып қалса, көңіл күйі болмайды. Тіпті осындай кезде айналасындағы адамдардың сөзін тыңдамай, ренжісіп қалуы мүмкін. Екіншіден, компьютерлік ойындардың көпшілігі атыс-шабысқа негізделгендіктен, бұндай ойынға әуес балалардың бойында мейірімділік, ізгілік қасиеттері азаяды.

Жуас, өз ортасынан бөлек жүретін балалар компьютерлік ойындардың тұтқынына айналуы мүмкін. Олар достарымен жақын араласпағандықтан, бар уақытын компьютер алдында өткізеді. Бұндай кезде оны ойыннан алыстату өте қиын. Тіпті ол ата-анасына қарсы келіп, жанжалдасуы мүмкін. Ұзақ уақыт компьютермен жұмыс істегендіктен, оның адамдармен қарым-қатынасы қиындай түседі. Мінез-құлқы өзгеріп, тез ашуланады. Көпшілікпен тіл табыса алмай адасады. Компьютерді қосқанша байыз таппай, оның алдында отырғанда уақыттың қалай өтіп кеткенін білмейді. Ойнау мүмкіндігі болмаған кезде өзін жайсыз сезініп, ашуланып, мазасызданады. Шектен тыс құмарлық баланы компьютерге тәуелділікке әкеліп соқтырады. Сондықтан ...

Ақтөбе облыстық қоғамдық-саяси газетінен

3-тапсырма. «Компьютерлік ойындардың қатері» деген тақырыпта өз көзқарасыңызды дәлелдермен жазыңыз. (7-10 сөйлем)

(7 балл)

Бағалау критерийі	Тапсырма №	Дескриптор Білім алушы	Балл 15
<ul style="list-style-type: none"> • Мәтінде қолданылған сөздер мен термин сөздердің мағынасын түсінеді • Әртүрлі графикалық мәтіндердегі (иллюстрация, фотосурет, сызба, шартты белгі) ақпараттарды салыстыру, негізгі идеясын түсіндіреді • мәтін құрауда сөздердің байланысу түрлері мен тәсілдерін орынды қолданады 	1	<ul style="list-style-type: none"> -термин сөздерді жазады, -мағынасын ашады, -кездесетін саланы анықтады, - орфография мен пунктуацияны сақтайды, 	<ul style="list-style-type: none"> 1 1 1 1
	2	<ul style="list-style-type: none"> 1-суреттің айырмашылығы, 2-суреттің айырмашылығы, 1 және 2-мәтінді байланыстыра алады, - орфография мен пунктуацияны сақтайды, 	<ul style="list-style-type: none"> 1 1 1 1
	3	<ul style="list-style-type: none"> -«Компьютерлік ойындардың қатері» бойынша көзқарасын жазады, -дәлелдер келтіреді, -орфография мен пунктуацияны сақтайды. 	<ul style="list-style-type: none"> 2 2 3

Жалпы балл – 15

Бағалау:

0-5 балл – «2»

6-9 балл – «3»

10-12 балл – «4»

13-15 балл – «5»

13-БӨЛІМ. «Қоғам және заң» бөлімі бойынша жинақтық бағалау

Сөйлеу әрекетінің түрлері

Оқу мақсаты

10.4.5.1 ғылыми-көпшілік және публицистикалық стильдегі мәтіндерден негізгі ұғымдарды анықтай отырып, жинақы мәтін (компрессия) құрастыру

10.5.2.2 құрмалас сөйлемдердің (аралас) жасалу жолдарын білу, жазба жұмыстарында орынды қолдану

10.2.6.1 әртүрлі графикалық мәтіндердегі (иллюстрация, фотосурет, сызба, шартты белгі) ақпараттарды салыстыру, негізгі идеясын түсіндіру

Бағалау критерийі

Білім алушы

- Мәтіндерден негізгі ұғымдарды анықтай отырып, жинақы мәтін (компрессия) құрастырады,
- Ауызша және жазбаша жұмыс барысында құрмалас сөйлемдердің (аралас) жасалу жолдарын білу, орынды қолданады,
- Әртүрлі графикалық мәтіндердегі (иллюстрация, фотосурет, сызба, шартты белгі) ақпараттарды салыстыра отырып, негізгі идеясын түсіндіреді.

Ойлау дағдыларының деңгейі

Түсіну, Қолдану

Орындау уақыты

20 минут

Жазылым/Тілдік бағдар.

1-тапсырма. «Қоғам және заң» бөлімі бойынша алған ақпараттарды еске түсіріп, қысқаша аннотация жазыңыз. (көлемі 100 сөз) Аннотацияда құрмалас сөйлемдер болсын.

(5 балл)

2-тапсырма. Шешен болу үшін қандай қасиеттер керек? «ПОПС» формасын қолданыңыз.

(3 балл)

3-тапсырма. Қылмыс пен жазаның айырмашылығын анықтап жазыңыз.

Қылмыс дегеніміз не?	Жаза дегеніміз не?

(2 балл)

Айтылым. (5 балл) Сурет бойынша сөйлеу (7-8 сөйлем)



Бағалау критерийі	Тапсырма №	Дескриптор	Балл 15
		Білім алушы	
<ul style="list-style-type: none"> Мәтіндерден негізгі ұғымдарды анықтай отырып, жинақы мәтін (компрессия) құрастырады, Ауызша және жазбаша жұмыс барысында құрмалас сөйлемдердің (аралас) жасалу жолдарын біледі, орынды қолданады, Әртүрлі графикалық мәтіндердегі (иллюстрация, фотосурет, сызба, шартты белгі) ақпараттарды салыстыра отырып, негізгі идеясын түсіндіреді. 	1	<ul style="list-style-type: none"> -тақырып бойынша аннотация жазады (100 сөз), -құрмалас сөйлемдерді қолданады, -орфография мен пунктуацияны сақтайды, 	2 1 2
	2	<ul style="list-style-type: none"> -сұраққа жауап береді, - «ПОПС» формасын қолданады, - орфография мен пунктуацияны сақтайды, 	1 1 1
	3	<ul style="list-style-type: none"> - Қылымыс деген не? - Жаза деген не? 	1 1
АЙТЫЛЫМ		<ul style="list-style-type: none"> -сурет бойынша әңгіме құрайды, - идеясын түсіндіреді. 	3 2

Жалпы балл – 15

Бағалау:

0-5 балл – «2»

6-9 балл – «3»

10-12 балл – «4»

13-15 балл – «5»

Тоқсандық жиынтық бағалау жұмыстары

10 сынып

«Қазақ тілі мен әдебиеті» пәнінен I тоқсан бойынша жиынтық бағалау

Жиынтық бағалаудың құрылымы

Тыңдалым – 10 минут

Оқылым – 15 минут

Жазылым – 20 минут

Айтылым сабақтан тыс тексеріледі (әр білім алушыға 2 минут беріледі).

Ұзақтығы – 45 минут

Балл саны – 30

Тапсырмалар түрлері

Қысқа жауапты қажет ететін сұрақтар

Көп таңдауы бар сұрақтар

Толық сұрақты қажет ететін сұрақтар

Жиынтық бағалаудың құрылымы

Тоқсандық жиынтық бағалаудың нұсқасы 4 компоненттен тұрады. Бірінші компонент – тыңдалым, екінші компонент – оқылым, үшінші компонент – жазылым және тілдік бағдар, төртінші компонент – айтылым дағдыларын тексеруге арналған.

Оқу мақсаты

10.1.3.1 оқу-кәсіби, қоғамдық-саяси, әлеуметтік-мәдени тақырыптар аясында қолданылған сөздер мен термин сөздердің мағынасын түсіну;

10.2.6.1 әртүрлі графикалық мәтіндердегі (иллюстрация, фотосурет, сызба, шартты белгі) ақпараттарды салыстыру, негізгі идеясын түсіндіру;

10.3.1.1 мәтіндегі негізгі және қосымша ақпараттарды анықтай отырып, факті мен көзқарасты ажырату, мәтін идеясымен байланысын анықтау;

10.4.1.1 публицистикалық және ғылыми стильдің жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай тілдік құралдарды орынды қолданып, шағын мақала жазу;

10.5.1.1 тәуелдік жалғауды (оңаша және ортақ тәуелдеу) және көптік мәнді есімдер мен көптік жалғауларды ажырата танып, дұрыс қолдану.

Бағалау критерийі

Білім алушы

- ✓ Тыңдалым мәтінінде қолданылған термин сөздердің мағынасын түсінеді.
- ✓ Әртүрлі графиктік мәтіндердегі (иллюстрация, фотосурет, сызба, шартты белгі) ақпараттарды салыстырады, негізгі идеясын түсіндіреді.
- ✓ Негізгі және қосымша ақпараттарды анықтайды, факті мен көзқарасты, идеясын ажыратады.
- ✓ Тәуелдік жалғауды (оңаша және ортақ тәуелдеу) және көптік мәнді есімдер мен көптік жалғауларды дұрыс қолданып, шағын мақала жазады.

«Қазақ тілі мен әдебиеті» пәнінен I тоқсан бойынша жиынтық бағалау тапсырмалары

Тыңдалым

Еңбек нарығы – жұмыс күшін тауар ретінде сату-сатып алу туралы экономикалық қатынастар жүйесі. Нарықтың тікелей әсер етуімен жоғары біліктілікке құралған еңбектің дәрежесі көтеріледі, әрбір жұмыс орнының бағасы өседі, жұмыскерге және оның еңбегіне талап күшейеді. Еңбек нарығында өте қабілетті, іскер жұмыскерлер таңдап алынады. Нарық еңбекке қабілетсіздерді, жалқаулар мен әлсіздерді ешқашан аямайды. Ол еңбектің жоғары шапшаңдығын, іскерлік пен біліктілікті талап етеді.

Еңбек нарығы – бәсекелік нарық. Онда жұмыс орындары мен еңбек ресурстарының арасында сәйкессіздік болады. Жоғары біліктілікті талап ететін жұмыс орындарының бір бөлігі бос болып қала береді, ал арнаулы дайындығы жоқ адамдардың бір бөлігі жұмыс таба алмайды. Осындай жағдайда қандай да жұмыс түрін табу үшін жұмыссыздар арасында бәсекелестік пайда болады. Сонымен бірге өз еңбігімен жоғары табыс табуды көздеген жоғары білікті жұмыскерлер мен мамандар да бір-бірімен бәсекелестік сайыста болады.

Еңбек нарығында кәсіпкерлер мен еңбекке қабілетті адамдар арасында белгілі бір қарым-қатынас орнайды. Нарықтық жағдай жұмыс күшінің бағасына және құнына әртүрлі ықпал жасайды. Ол еңбектің бағасына тікелей, ал жұмыс күшінің құнына жанама түрде әсер етеді.

1-тапсырма. Мәтінде кездесетін термин сөздерді жазыңыз. (3 балл)

2-тапсырма. Термин сөздермен (3 сөйлем) сөйлем құраңыз. (3 балл)

Оқылым.

Біраз күндер өтті. Донбасшылар орналасып, жұмысқа кірісті. Беткейде қарамы көпенедей ғана көмір үйіндісі жатыр. Оның қасында Әкім бір жігітпен қолбұранды ырғала бұрап тұр. Анда-санда шыңырау құдықтан бір шелек көмір шығады. Оны көмір үйіндісіне қоспай бөлек төгеді.

- Неге бөлек төктіреді? – дейді Әкім.
- Кім білсін? – деп қасындағы жігіт те түсінбей тұр.
- Сергейден сұрап едім, әттең, орысша білмеймін. Ол қазақша білмейді.

Құдықтан Щербаков, Орлов, Сейтқалы шықты.

- Ысырап! Ысырап! – деп, басын шайқап шықты Щербаков. Жарымын шашып, бүлдіріп, жарымын ғана алып жатырсыздар.

Сейтқалы үндемеді. Қарағандының ескі шахтері болатын.

Донбасшылар келісімен, ауылдан шахтаға қайта келді. Қазір десятник болып істейді. Әлден уақытта гүр етіп бір жауап қайырды:

- Ағылшындардың тұсында ысырап бұдан да көп-ті.

- Ағылшындар бізге үлгі емес. Көмірді таза әрі ысырапсыз ала білу керек, - деді Сергей Петрович бұраушылардың қимылына қадала қарап тұрып.

Жігіттер таспаша созылып, дамылсыз бұрауда. Маңдай терлерін алақанымен сыпырып тастайды...

3-тапсырма. Мәтіннен 1 негізгі және оны толықтыратын 2 қосымша ақпаратты анықтап, кестеге түсіріңіз.

Негізгі ақпарат	
Қосымша ақпарат	
Қосымша ақпарат	

(3 балл)

4-тапсырма. Мәтіннен 1 факті мен автор көзқарасы берілген 1 сөйлемді анықтаңыз.

Факт _____

Көзқарас _____

(2 балл)

5-тапсырма. Мәтіннің идеясын 1 сөйлеммен түсіндіріңіз.

–
(1 балл)

6-тапсырма. Мәтін құрылымына қатысты сұраққа жауап беріңіз.

Мәтіннің құрылымдық бөліктері толық сақталған ба?

а) Мәтіннің кіріспе, негізгі, қорытынды бөлімдері бар, толық сақталған.

б) Мәтіннің құрылымдық бөлімдері толық емес, қорытынды бөлімі жоқ. **(1 балл)**

7-тапсырма. Мәтіннің жанрын анықтап, жанрлық ерекшелігін дәлелдейтін 2 аспектіні анықтаңыз.

Мәтіннің жанры	1	2
Жанрлық ерекшелігін дәлелдейтін аспектілер		

(2 балл)

Жазылым

8-тапсырма. «Қазақ киносының қазіргі келбеті» тақырыбында шағын мақала жазыңыз. Мақалада тәуелдік және көптік жалғаулары мен сын есімдерді қолданыңыз.

(10 балл)

Айтылым

Тапсырма: Сурет мазмұны бойынша өз пікіріңізді 8-10 сөйлеммен білдіріңіз (сыныптасыңмен диалогке түсуге болады). Сөз әдебі мен сөйлеу этикетін ескеріңіз, интонацияның құрамдас бөліктерін сөйлеу мәнеріне сай қолданыңыз.

(5 балл)



Балл қою кестесі

Тыңдалым

Сұрақ	Жауап	Балл	Жалпы балл
1	Еңбек нарығы Еңбек ресурсы Біліктілік	1 1 1	3
2	Еңбек нарығы – бәсекелік нарық. Еңбек ресурсы - жұмысшылар күші. Біліктілік - еңбектің жетістігі (білім алушының басқа да жауаптары ескеріледі)	1 1 1	3

Оқылым Балл қою кестесі

Сұрақ	Жауап	Балл	Жалпы балл						
3	<table border="1"> <tr> <td>Негізгі ақпарат</td> <td>Донбасшылар көмір өндіруде.</td> </tr> <tr> <td>Қосымша ақпарат</td> <td>Көмірді таза әрі ысырапсыз ала білу.</td> </tr> <tr> <td>Қосымша ақпарат</td> <td>Құдықтан Щербаков, Орлов, Сейтқалы шықты.</td> </tr> </table> <p>Білім алушының басқа да баламалы жауаптары ескеріледі.</p>	Негізгі ақпарат	Донбасшылар көмір өндіруде.	Қосымша ақпарат	Көмірді таза әрі ысырапсыз ала білу.	Қосымша ақпарат	Құдықтан Щербаков, Орлов, Сейтқалы шықты.	3 (әр жауапқа 1 балдан	
Негізгі ақпарат	Донбасшылар көмір өндіруде.								
Қосымша ақпарат	Көмірді таза әрі ысырапсыз ала білу.								
Қосымша ақпарат	Құдықтан Щербаков, Орлов, Сейтқалы шықты.								
4	<p>Факті: Біраз күндер өтті. Донбасшылар орналасып, жұмысқа кірісті.</p> <p>- Көзқарас: - Ағылшындар бізге үлгі емес. Көмірді таза әрі ысырапсыз ала білу керек, - деді Сергей Петрович</p>	2							

	бұраушылардың қимылына қадала қарап тұрып.		
5	Шикізат өнімін ысырапсыз өндіру.	1	
6	Б	1	
7	Мәтін жанры – роман («Қарағанды» романынан үзінді) Жанрлық ерекшелігін танытатын аспектілер: 1. Көркем шығарма 2. Көркем әдеби стиль жанрына сай экспрессивті сөздер кездеседі.	1 2 (мақала жанрына сай кез келген 2 аспектіні анықтаған жағдайда)	

Жазылым

Балл 10	Мазмұны мен дұрыс жазылуы (5 балл)	Тілі (5 балл)
«5»	Өте жақсы Жауап толық, қарапайым және күрделі идеяларды тиімді ашады. Жазба жұмысының құрылымы мен жазылуы жоғары деңгейде, негізгі және қорытынды бөлімдері нақты жазылған, келтірілген аргументтері байланысқан және мазмұнын ашады.	Өте жақсы Жазба жұмысында тәуелдік және көптік жалғауларын сөздерде орынды қолданған. Сын есімдерді сөйлем мазмұнына қарай сәйкес келтіріп жазған, сөздік қоры мол, стильдік қолданысы өте дұрыс. Нақты және жүйелі, елеусіз қателері бар.
«4»	Жақсы Көптеген түрлі мысалдар мен сілтемелерді қолданған, қарапайым және кейбір күрделі идеяларды ашады. Жазба жұмысының логикалық дамуы жақсы, өз пікірін келтіріп, қорытынды жасай алады	Жақсы Тәуелдік және көптік жалғауларын көбіне сәйкес, орынды қолданады. Сын есімдерді сөйлемдерде қолдануға тырысады, сөздік қоры жеткілікті, стильдік қолданысы дұрыс. Жалпы нақты, елеусіз қателері ақпарат беруге кедергі келтірмейді
«3»	Қанағаттанарлық Жазбада бірнеше мысалдар келтірілген, бірақ барлық жағдайда негізді емес. Қарапайым идеяларды жазғанымен, олар ашылмайды. Жазба жұмысында белгілі бір толыққанды жүйелі ой логикалық жағынан дамытылмаған	Қанағаттанарлық Тәуелдік және көптік жалғауларын дұрыс жалғап қолданады, сын есімдерді сөйлемдерге қатыстырады, бірақ стильдік қолданысында қателіктер жібереді. Көбіне нақты, қателері бар, бірақ қандай да бір ақпаратты түсінуге болады.
«2»	Төмен Негізгі тақырыпты ашуға тырысады, бірақ көптеген қателіктер мен сәйкессіздіктер кетіреді, тек қарапайым идеяларды ашады. Жазба жұмысының құрылымы сақталмайды, идеялар дамытылмайды.	Төмен Сөздік қоры шектеулі, жеке сөздер мен сөз тіркестері, ішінара жай сөйлемдер жазылған. Қайталаулар көп, сөздік қоры мен сын есімдердің қолданысы жеткіліксіз. Тәуелдік және көптік жалғауларын жалғауда қателер жібереді.

		Орфография мен негізгі грамматикалық формалар қате қолданылған, мағынасы кейде түсініксіз.
«1»	Өте төмен Жауап түсініксіз, тақырыпқа байланысты сілтемелер аз, сұраққа жауап бермейді. Жазба жұмысының құрылымы мен аргументтерді қолдануы төмен деңгейде, идеялары жүйесіз.	Өте төмен Тек қарапайым сөйлемдер мен шектеулі сөздік қорды қолданады, көп құрылымдары аяқталмаған және орфографиялық қателіктер жіберген. Бұл мазмұнды түсінуге қиындық келтіреді.
«0»	Жауап жоқ	Жауап жоқ

Айтылым

Жауап	Балл
суреттегі мәселе төңірегінде пікірін білдіреді (жұбына сұрақ қояды);	1
пікір білдіруде (сұраққа жауап беруде) дәлелдер келтіреді, толық сөйлемдермен жауап береді;	1
диалог мазмұнында сөз әдебі мен сөйлеу этикеті формаларын қолданады;	1
тыңдаушыға әсер ететін лексикалық құрылымдарды қолданады;	1
сөйлеу кезінде қарқын, кідірісті сөйлеу мәнеріне сай қолданады.	1
Барлығы	5

Бағалау

Жалпы 30 балл

«2» - 0-11 балл

«3» -12-19 балл

«4» -20 -25 балл

«5»-26-30 балл

«Қазақ тілі мен әдебиеті» пәнінен II тоқсан бойынша жиынтық бағалау

Жиынтық бағалаудың құрылымы

Тыңдалым – 10 минут

Оқылым – 15 минут

Жазылым – 20 минут

Айтылым сабақтан тыс тексеріледі (әр білім алушыға 2 минут беріледі).

Ұзақтығы – 45 минут

Балл саны – 30

Оқу мақсаты

10.1.2.1 мәтінді тыңдай отырып, негізгі идеяларды (ақпараттарды) қысқаша түртіп жазу (конспектілеу), жазбаға сүйеніп мәтін мазмұнын түсіндіру;

10.2.2.1 ғылыми-көпшілік және публицистикалық мәтіндерге сүйеніп, монолог және диалог құрау, сөз әдебі мен сөйлеу этикеті формаларын орынды қолданып, тыңдаушыға әсер ету;

10.3.4.1 ғылыми-көпшілік және публицистикалық стильдегі мәтіндер (мақала, интервью) бойынша салыстырмалы (жанры, құрылымы, тілдік құралдары, мақсатты аудиториясы) талдау жасау;

10.4.2.1 қажетті клишелер мен лексикалық құрылымдарды қолданып, көтерілген мәселе бойынша өз ойын дәлелдеп эссе жазу («келісу, келіспеу» эссесі, дискуссивті эссе, аргументативті эссе)

10.5.1.3 сан есімнің жасалу жолдарын білу, мәтін құрауда орынды қолдану.

Бағалау критерийі

Білім алушы

- ✓ Мәтінді тыңдай отырып, қпараттарды қысқаша түртіп жазады.
- ✓ Тақырыпқа сүйеніп, монолог құрайды, сөз әдебі мен сөйлеу этикеті формаларын орынды қолданып, тыңдаушыға әсер етеді.
- ✓ Оқылым мәтінінің жанры, стилі, тілдік құрылымын анықтайды .
- ✓ Қажетті клишелер мен лексикалық құрылымдарды қолданып, көтерілген мәселе бойынша өз ойын дәлелдеп эссе жазады. Эссенің құрылымын сақтады («келісу, келіспеу» эссесі, дискуссивті эссе, аргументативті эссе).
- ✓ Сан есімнің жасалу жолдарын мәтін құрауда орынды қолданады.

Тапсырмалар түрлері

- ✓ Қысқа жауапты қажет ететін сұрақтар
- ✓ Көп таңдауы бар сұрақтар
- ✓ Толық жауапты қажет ететін сұрақтар

Тыңдалым. 22-аудио.

Әрбір ұлттық сан ғасырлар бойы қалыптасқан ұлттық танымы болады. Ұлттық таным дегеніміз – халықтың қоршаған дүниені танып білуі, ғасырлар бойы дәріптеген рухани құндылықтары. Ұлттық бірегейлікті сақтап тұрған салт-дәстүрлер, әдет-ғұрыптар, тіл, дін, наным-сенім, музыка, әдебиет, ұлттық ойындар, бабалар сөзі ғасырдан ғасырға жалғасып келе жатқан мәдениет ұлттық құндылықтар болып саналады. Ұлттық таным – ұлттың коды.

Кез келген халық ұлттық идеясыз, дінсіз және салт-дәстүрсіз өмір сүре алмайды. Сондықтан әрбір адам баласы өзіне «Мен кімін?», «Не үшін өмір сүріп жүрмін?» деген сұрақтар қоя отырып, жауапты өзі өмір сүріп отырған ортаның мәдениетінен, әдебиетінен, тілі мен ділінен, діни танымынан табады. Әр халықтың ұлттық мейрамдарында олардың наным-сенімі, әдет-ғұрыптары, өмір сүру салты, мәдениеті көрініс табады. Мұнда адам баласының бәріне ортақ құндылықтармен қатар, әр ұлттың дүниетанымына негізделген рухани құндылықтары жатады.

1-тапсырма. Көп нүктенің орнына қажетті сөзді жазыңыз.

Ұлттық таным дегеніміз – халықтың қоршаған ... танып білуі, ғасырлар бойы дәріптеген рухани

(2 балл)

2-тапсырма. Көп нүктенің орнына керекті жалғауды жазыңыз.

Ұлттық бірегейлікті сақтап тұрған салт-дәстүр..., әдет-ғұрып..., тіл, дін, наным-сенім, музыка, әдебиет, ұлттық ойын..., бабалар сөз..., ғасырдан ғасырға жалғасып келе жатқан мәдениет ұлттық құндылық... болып саналады.

(2 балл)

Оқылым.

Ж. Аймауытов. «Әнші» әңгімесі

Жетішатыр – жақсы қала. Онда қаптап жатқан қазақ. Жазы – қысы – қымыз, ойын – сауық. Айт, той, құдалық, атжарыс, күрес... Жаз шықса, паракот, паром, жолқайық, жасыл арал, қалың орман... Көкке шыққан, гуләйт соққан, масайраған шат көңіл... Сырнай – керней... Қызық думан... Қайткенмен сергек қала.

Стипендиядан жырламаған азды – көпті тиынның қызығын көрмек болып, сол жексенбі күні арғы жаққа тарттық. Осы жылы келдік. Қаланың жай-жапсарына қанық емеспіз.

Он минутта арғы жаққа шықтық. Арғы жақ – қазақ даласы. Өзен өрлей салынған екі мешіті, бір шіркеуі бар, ығы – жығы, тайпақ қала.

- Балалар, қайда апарайын?

- Қай үй жақын болса, соған апар.

Бержебайшы қос терезелі тапал үйдің алдына тұра қалды. Көптен күткен жеңешемдей, ауыз үйдегі алтын сырғалы, ақ құба, бидай өнді кербез жеңгей: «Балалар, жоғары шығындар!» - деп, төргі үйге қарай сілтеді.

Төсек – орны, дөңгелек үстелі, тегенесі, кесесі біріне бірі сай, шап – шағын бөлмеде екі – үш жігіт қымыз ішіп отыр. Бұл қаланың жақсы жері қазақтың оқыған балаларын сыйлайды. Балалары үлкендерін сыйлайды...

3-тапсырма. Мәтіннің стилі мен жанрын, тілін анықтаңыз. (2 балл)

Стилі	Жанры	Тілі

4-тапсырма. Әрі қарай жалғастырып жазыңыз. (2,3-сөйлем) (2 балл)

5-тапсырма. Сөйлеу әрекеттерін қолданып, әңгімедегі ойын-сауық түрлерін анықтап, 6-7 қарым-қатынастан тұратын диалог құрыңыз. (4 балл)

Жазылым және тілдік бағдар. (12 балл)

6-тапсырма. «Қазақстан Тәуелсіздігіне 30 жыл» деген тақырыпта өз ойыңызды жазыңыз. (80-100 сөз) (жетістігі, тарихы) (10 балл)

Айтылым. Берілген тақырыптың біреуін тандап әңгімелеңіз. (6 балл)

Ә.Нұрпейісов. «Қан мен тер»

Ж.Аймауытов. «Әнші әңгімесі»

Тыңдалым Балл қой кестесі

Сұрақ	Жауап	Балл	Жалпы балл
1	Ұлттық таным дегеніміз – халықтың қоршаған дүниені танып білуі, ғасырлар бойы дәріптеген рухани құндылықтары.	1 1	
2	Ұлттың бірегейлікті сақтап тұрған салт-дәстүрлер, әдет-ғұрыптар, тіл, дін, наным-сенім, музыка, әдебиет, ұлттық ойындар, бабалар сөзі ғасырдан ғасырға жалғасып келе жатқан мәдениет ұлттық құндылықтар болып саналады. <i>Ескерту: 2 дұрыс жауап 1 балл.</i>	1 1	

Оқылым Балл қою кестесі

Сұрақ	Жауап	Балл	Жалпы балл
3	Стилі	2	
	көркем стиль		
4	Жанры	2	
	әңгіме		
	Тілі		
	ауыспалы мағыналы сөздер, троптар		
4	... Біз келгенімізге өкінбей жақсы демалдық. Ауылдың	2	

	дәмін сағынған екенбіз. Әрқайсымыз 2-3 кеседен қымыз ішіп, ауылды еске алдық. Ескерту:Білім алушының басқа да дұрыс жауаптары ескеріледі. Орфография және пунктуацияны сайтайды.		
5	- әңгімедегі ойын-сауық түрлері: атжарыс, күрес. - 6-7 қарым-қатынастан тұратын диалог құрайды, - сөйлеу әрекетін қолданады, -орфография және пунктуацияны сайтайды.	1 1 1 1	
Барлығы			8

Жазылым

Бағалау кестесі

Сұрақ	Жауап	Балл
1	публицистикалық стильде жазады;	1
2	жанрға тән тілдік құралдарды орынды қолданады;	1
3	тақырыпқа қатысты көркемдегіш сөздерді қолданады;	1
4	сан есімдердің мағыналық түрлерін қолданады;	1
5	тақырыпты ашады;	1
6	жетістігі туралы жазады;	1
7	тарихы туралы жазады;	1
8	мәтін құрылымын сақтайды;	1
9	орфографиялық нормаға сай жазады;	1
10	сөйлемнің соңында және ортасында қойылатын тыныс белгілерді орынды қолданады.	1
Барлығы:		10

Айтылым

Балл қою кестесі

Жауап		Балл
1	Берілген тақырыптың біреуін таңдап монолог құрайды.	3
2	Сөз әдебі мен сөйлеу этикеті формаларын орынды қолданады.	1
3	Тыңдаушыға әсер етеді.	1
Барлығы:		5

Бағалау

Жалпы 30 балл

«2» - 0-11 балл

«3» -12-19 балл

«4» -20 -25 балл

«5»-26-30 балл

«Қазақ тілі мен әдебиеті» пәнінен III тоқсан бойынша жиынтық бағалау

Жиынтық бағалаудың құрылымы

Тыңдалым – 10 минут

Оқылым – 15 минут

Жазылым – 20 минут

Айтылым сабақтан тыс тексеріледі (әр білім алушыға 2 минут беріледі).

Ұзақтығы – 45 минут

Балл саны – 30

Тапсырмалар түрлері

Қысқа жауапты қажет ететін сұрақтар

Көп таңдауы бар сұрақтар

Толық сұрақты қажет ететін сұрақтар

Жиынтық бағалаудың құрылымы

Токсандық жиынтық бағалаудың нұсқасы 4 компоненттен тұрады. Бірінші компонент – тыңдалым, екінші компонент – оқылым, үшінші компонент – жазылым және тілдік бағдар, төртінші компонент – айтылым дағдыларын тексеруге арналған.

Оқу мақсаты

10.1.6.1 көтерілген мәселе бойынша әртүрлі дереккөздерден алынған мәтіндерді тыңдау және салыстыру, өз көзқарасын аргументтер негізінде дәлелдеу;

10.2.4.1 мәтіндегі бөлімдердің, абзацтардың орналасу тәртібін, ақпараттың тақырыппен байланысын анықтау, оған түсініктеме беру;

10.3.1.1 мәтіндегі негізгі және қосымша ақпараттарды анықтай отырып, факті мен көзқарасты ажырату, мәтін идеясымен байланысын анықтау;

10.4.2.1 қажетті клишелер мен лексикалық құрылымдарды қолданып, көтерілген мәселе бойынша өз ойын дәлелдеп эссе жазу («келісу, келіспеу» эссесі, дискуссивті эссе, аргументативті эссе);

10.5.1.7 шылаулардың сөйлемдегі қызметін білу, мәтін құрауда орынды қолдану.

Бағалау критерийі

Білім алушы

- ✓ Мәтінді тыңдап салыстырады, өз көзқарасын аргументтер негізінде дәлелдейді.
- ✓ Ақпараттың тақырыппен байланысын анықтап, оған түсініктеме береді.
- ✓ Мәтіндегі ақпараты табады, мәтін идеясымен байланысын анықтайды.
- ✓ Көтерілген мәселе бойынша өз ойын дәлелдеп эссе жазады («келісу, келіспеу» эссесі, дискуссивті эссе, аргументативті эссе).
- ✓ Шылаулардың сөйлемдегі қызметіне көңіл бөліп, мәтін құрауда орынды қолданады.

Тыңдалым

Экспортқа шығарылатын өнімдер

Ауылшаруашылық өндірісі қалпына келтіріліп, олардың өнімдеріне деген сұраныстар өнімді қайта өңдеу саласына оң ықпал етті. Еліміздің қайта өңдеу өнеркәсібі саласында 2002 жылдан бері қарай дамып келе жатқан саланың бірі – тамақ өнімдерін өндіру. Қазір ауылшаруашылық саласы елдің негізгі тамақ өнімдері түрлері бойынша өз-өзімізді қамтамасыз етеді. Өткен жылдың қорытындысы бойынша Қазақстан өнімдерін экспортқа шығару жөнінен дүниежүзі бойынша бірінші орынға шықты.

«ҚазАгро» Ұлттық басқару холдингі» АҚ Оңтүстік Қазақстан облысында мақта кластерін дамыту бағытындағы жұмыстарын толыққанды атқарып жатыр. Мақтаарал ауданында жылына 60 мың тонна мақта өңдей алатын зауыт құрылысы аяқталып, 27,9 мың тонна шикізат сатып алынды. Биыл жылына 5000, келешекте 10 000 тонна элиталық тұқым материалдарын дайындауға мүмкіндігі бар зауыт құрылысы басталады. Осы арқылы өнімділікті арттырып, кіріс үшін көршілес мемлекеттерге де сату жоспарланған. Жалпы мақта кластері бағытындағы өңдеу кәсіпорындары, мата шығаруға дейінгі өндірістік желі кезең-кезеңімен жүзеге асырылады.

Қазір экспортқа шығарылатын тауарлардың ішінде Қазақстанды айшықтайтын, брендке айналған өнім жоқ. Бірақ ондай ерекше өнім деңгейіне көтерілетін, брендке айналатындай мүмкіндікке ие ұжымдық және сертификатталған белгісі бар жобалар

баршылық. Еттен дайындалатын өнімдердің қатарында өзіміздің қазы-қарта, жал-жаямыз әлі күнге сыртқы нарықта қазақстандық өнім ретінде сұранысқа ие бола алмай отыр.

Г. Жұмабайқызы. «Ел тірегі - экономика» кітабынан.

А. Күрішбаевпен сұхбаттан

1-тапсырма. Кестені толтырыңыз.

		Келісемін	Келіспеймін
1	Қазір ауылшаруашылық саласы елдің негізгі тамақ өнімдері түрлері бойынша өз-өзімізді қамтамасыз етеді.		
2	Мақтаарал ауылында жылына 60 мың тонна мақта өңдей алатын зауыт құрылысы аяқталды.		
3	келешекте 10 000 тонна элиталық тұқым материалдарын дайындауға мүмкіндігі бар зауыт құрылысы басталмады.		
4	Жалпы мақта кластері бағытындағы өңдеу кәсіпорындары, мата шығаруға дейінгі өндірістік желі кезең-кезеңімен жүзеге асырылады.		

(4 балл)

2-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңіз, өз көзқарасыңызды аргументтер негізінде дәлелденіңіз.

1. Өткен жылдың қорытындысы бойынша Қазақстан өнімдерін экспортқа шығару туралы не айтасың?
2. Әлі күнге сыртқы нарықта қазақстандық өнім ретінде сұранысқа ие бола алмай отырған қандай шикі зат?

(4 балл)

Оқылым

Шетелдік үздік тәжірибелер

Әлемде бұған дейін жиналып қалған полиэтилен қоқысты өңдеудің небір әрекеттері кездеседі. Филиппин елі осы қалдықтардан қайық жасай бастаған. Бұл қайық елді андамұнда басып қалатын топан су кезінде тұрғындарды құтқаруда таптырмайтын құрал болып шықты.

Демек, Филиппин елі – өзгелерге үлгі. Ұлыбритания ғалымдары әлемде алғаш рет өздігінен ыдырап кететін биологиялық пакет жасады. Онымен нан орайды. Орама төрт жыл ішінде су мен көмір қышқылына бөлініп кетеді. Өндіріске енгізіледі.

Норвегияда жасалған жаңалық бұдан да жағымды. Елдегі дүкендер азық-түлікті кейін шіріп кететін қауіпсіз биологиялық пакеттерге орап береді. Жүгерінің шырышынан жасалған бұл пакеттен денсаулыққа зияы жоқ әрі ауыр салмаққа шыдамды. Өзірге қымбат көрінеді. Бірақ жергілікті тұрғындар экологиялық мәдениетті танытып, бағасына келіскен.

Мексика да осындай қоқыстан құтылудың амалын тауыпты. Олардың «Куадро» фирмасы пластик құтыларды, шлангілер мен өзге де полиэтиленнен жасалған бұйымдарды қайта ерітіп, үй құрастырады. Іргетасы 18 шаршы метр баспананы салуға 1,7 тонна пластик жұмсалады. Мұндай құрылыс материалдарының тапшылығы сезілмейді. Себебі ай сайын қоқыс төгілетін жерден 3 мың тоннадай пластик жиналады.

Қ.Олжай. «Жер мен аспан»

3-тапсырма. Мәтінде көтерілген мәселені ретімен жазып шығыңыз.

(2 балл)

4-тапсырма. Оқылым мәтінінен сізге ұнаған жаңалықты «ПОПС» формулсын немесе 4 сөйлем әдісін пайдалана отырып жазыңыз.

Бірінші сөйлем. Менің ойымша,

Екінші сөйлем. Себебі мен оны ... деп түсіндіреді.

Үшінші сөйлем. Оны мен ... деген фактілермен, мысалдармен дәлелдей аламын.

Соңғы сөйлем. Осыған байланысты мен ... деген түйін жасадым.

(5 балл)

Жазылым

Өздеріңізді толғандыратын әлеуметтік мәселені фактілерге сүйене отырып, көзқарасыңызды мақала ретінде жазыңыздар (кіріспе, негізгі және қорытынды бөлім болуы шарт). Көлемі – 120-150 сөз. Мақалада шылаулардың түрлері болсын.

(10 балл)

Айтылым

Ұ. Есдәулет. «Қара пима» поэмасына сүйене отырып, әлеуметтік теңсіздік мәселесіне кім кінәлі деп ойлайсыз? Өз ойыңызды аргумент келтіре отырып дәлелдеңіз.

(5 балл)

Балл қою кестесі

Тыңдалым

Сұрақ	Жауап	Балл	Жалпы балл						
1	<table border="1"> <tr> <td rowspan="2">1</td> <td rowspan="2">Қазір ауылшаруашылық саласы елдің негізгі тамақ өнімдері түрлері бойынша өз-өзімізді қамтамасыз етеді.</td> <td>Келісемін</td> <td>Келіспеймін</td> </tr> <tr> <td>+</td> <td></td> </tr> </table>	1	Қазір ауылшаруашылық саласы елдің негізгі тамақ өнімдері түрлері бойынша өз-өзімізді қамтамасыз етеді.	Келісемін	Келіспеймін	+		1	4
				1	Қазір ауылшаруашылық саласы елдің негізгі тамақ өнімдері түрлері бойынша өз-өзімізді қамтамасыз етеді.	Келісемін	Келіспеймін		
	+								
	2	Мақтаарал ауылында жылына 60 мың тонна мақта өңдей алатын зауыт құрылысы аяқталды.		-					
			1	1					
3	келешекте 10 000 тонна элиталық тұқым материалдарын дайындауға мүмкіндігі бар зауыт құрылысы басталмады.		-						
		1	1						
4	Жалпы мақта кластері бағытындағы өңдеу кәсіпорындары, мата шығаруға дейінгі өндірістік желі кезең-кезеңімен жүзеге асырылады.	+							
2	<p>1. Өткен жылдың қорытындысы бойынша Қазақстан өнімдерін экспортқа шығару туралы не айтасың? Өткен жылдың қорытындысы бойынша Қазақстан өнімдерін экспортқа шығару жөнінен дүниежүзі бойынша бірінші орынға шықты.</p> <p>2. Әлі күнге сыртқы нарықта қазақстандық өнім ретінде сұранысқа ие бола алмай отырған қандай шикі зат?</p>	2	4						
		2							

	<p>Еттен дайындалатын өнімдердің қатарында өзіміздің қазы-қарта, жал-жаямыз әлі күнге сыртқы нарықта қазақстандық өнім ретінде сұранысқа ие бола алмай отыр.</p> <p>Ескерту: орфография және пунктуацияны сайтайды.</p> <p>Ескерту: аргумент пен көзқарасы болу керек, білім алушының басқа да жауаптары ескеріледі.</p>		
--	---	--	--

Оқылым

Балл қою кестесі

Сұрақ	Жауап	Балл	Жалпы балл
3	<p>Мәтінде қандай мәселе көтеріледі?</p> <p><i>Мәтінде қоқыс (экология) мәселесі көтеріледі.</i></p> <p>Ескерту: білім алушының басқа да жауаптары ескеріледі.</p>		
4	<p>Оқылым мәтінінен сізге ұнаған жаңалықты «ПОПС» формулсын немесе 4 сөйлем әдісін пайдалана отырып жазыңыз.</p> <p><i>Бірінші сөйлем. Менің ойымша, Мексика қоқыстан құтылудың амалын өте шебер ойлап тапқан.</i></p> <p><i>Екінші сөйлем. Себебі мен оны пластик құтылар панасыздарға өте таптырмас дүние деп түсіндіреді.</i></p> <p><i>Үшінші сөйлем. Оны мен «Куадро» фирмасы пластик құтыларды, шлангілер мен өзге де полиэтиленнен жасалған бұйымдарды қайта ерітіп, үй құрастырады деген фактілермен, мысалдармен дәлелдей аламын.</i></p> <p><i>Соңғы сөйлем. Осыған байланысты мен осы жолды ұстанатын болсақ, келешекте үй арзан болады, экология тазарады деген түйін жасадым. Себебі, Мексикада ай сайын қоқыс төгілетін жерден 3 мың тоннадай пластик жинауға болады деген. Меніңше, бұл рас.</i></p> <p>Ескерту: орфография және пунктуацияны сайтайды.</p> <p>Ескерту: білім алушының басқа да жауаптары ескеріледі.</p>	<p>1</p> <p>1</p> <p>1</p> <p>1</p> <p>1</p>	5
Барлығы:			5

Жазылым

Балл қою кестесі

Сұрақ	Жауап	Балл	Жалпы балл
1	публицистикалық стильде жазады;	1	
2	жанрға тән тілдік құралдарды орынды қолданады;	1	
3	тақырыпқа қатысты көркемдегіш сөздерді қолданады;	1	
4	шылауды орынды қолданады;	1	
5	негізгі бөлім;	1	
6	кіріспе бөлім;	1	
7	қорытынды бөлім;	1	
8	тақырыпты ашады;	1	
9	орфографиялық нормаға сай жазады;	1	
10	Сөйлемнің соңында және ортасында қойылатын тыныс белгілерді орынды қолданады.	1	
Барлығы:			10

Айтылым Балл қою кестесі

Сұрақ	Жауап	Балл
1	Ұ. Есдәулет. «Қара пима» поэмасы туралы әңгімелейді.	2
2	Әлеуметтік теңсіздік мәселесіне кім кінәлі? деген сұраққа жауап береді.	1
3	Әлеуметтік теңсіздік мәселесі туралы ойын аргумент келтіре отырып дәлелдейді.	2
Барлығы:		5

Бағалау

Жалпы 30 балл

«2» - 0-11 балл

«3» -12-19 балл

«4» -20 -25 балл

«5»-26-30 балл

«Қазақ тілі мен әдебиеті» пәнінен IV тоқсан бойынша жиынтық бағалау

Жиынтық бағалаудың құрылымы

Тыңдалым – 10 минут

Оқылым – 15 минут

Жазылым – 20 минут

Айтылым сабақтан тыс тексеріледі (әр білім алушыға 2 минут беріледі).

Ұзақтығы – 45 минут

Балл саны – 30

Тапсырмалар түрлері

Қысқа жауапты қажет ететін сұрақтар

Көп таңдауы бар сұрақтар

Толық сұрақты қажет ететін сұрақтар

Жиынтық бағалаудың құрылымы

Тоқсандық жиынтық бағалаудың нұсқасы 4 компоненттен тұрады. Бірінші компонент – тыңдалым, екінші компонент – оқылым, үшінші компонент – жазылым және тілдік бағдар, төртінші компонент – айтылым дағдыларын тексеруге арналған.

Оқу мақсаты

- ✓ 10.1.2.1 мәтінді тыңдай отырып, негізгі идеяларды (ақпараттарды) қысқаша түртіп жазу (конспектілеу), жазбаға сүйеніп мәтін мазмұнын түсіндіру;
- ✓ 10.2.4.1 мәтіндегі бөлімдердің, абзацтардың орналасу тәртібін, ақпараттың тақырыппен байланысын анықтау, оған түсініктеме беру;
- ✓ 10.3.6.1 мәтін мазмұнындағы деректі ақпаратты толық анықтап, негізгі ойға өз көзқарасын білдіру және оны бағалау;
- ✓ 10.4.5.1 ғылыми-көпшілік және публицистикалық стильдегі мәтіндерден негізгі ұғымдарды анықтай отырып, жинақы мәтін (компрессия) құрастыру;
- ✓ 10.5.2.2 құрмалас сөйлемдердің (аралас) жасалу жолдарын білу, жазба жұмыстарында орынды қолдану.

Бағалау критерийі

Білім алушы

- ✓ Мәтінді тыңдай отырып, негізгі идеяларды (ақпараттарды) қысқаша түртіп жазады.
- ✓ Ақпараттың тақырыппен байланысын анықтайды, оған түсініктеме береді.

- ✓ Негізгі ойға өз көзқарасын білдіреді және оны бағалайды.
- ✓ Мәтіндерден негізгі ұғымдарды анықтай отырып, жинақы мәтін (компрессия) құрастырады.
- ✓ Құрмалас сөйлемдердің (аралас) жасалу жолдарын еске ала отырып, жазба жұмыстарында орынды қолданады.

Тыңдалым

Таңертеңгісін қабылдайтын ең бірінші ас бір стакан су болуы керек. Мейлінше таза, жылы су үшуге тырысыңыз, себебі жылы су асқазанды ас қалдықтарынан тазартып, ағзадағы барлық жүйелерді бір қалыпқа келтіреді. Стаканға лимон шырыны мен бір қасық балды қоссаңыз да болады. Бұл қоспалар ағзадағы зат алмасуды жақсартады. Таңғы асты 15-30 минуттан соң ішу керек. Күні бойы су үшуді қолға алыңыз. Егер рұхсат етілсе, бір күнде 2 литр таза су ішкен дұрыс. Әр сағат сайын бір стакан су ішуге ден қойыңыз. Сонда сіз ісінудің азайғанын, алқынудың жоғалғанын, өзіңізді ширақ сезініп, тамаққа тәбет ашылғанын байқайсыз.

Күніне 4-5 рет шағын мөлшерде тамақтануды үйреніңіз. Ас қабылдау арасындағы ұзақ уақыт тамақты артығымен жегізіп, құмарлықты арттырады.

Жатар алдында көп тамақ жеуге әуестенбеңіз. Сағат кешкі 18:00-ден соң тамақ ішпеу керек деген қағиданы ұстанып, қарныңыз ашып қалмасын. Ең соңғы ас қабылдау жатардан үш сағат бұрын болуы керек. Егер сіз түн ортасында ұйықтайтын болсаңыз, кешкі асты 21:00-де қабылдаңыз.

1-тапсырма. Негізгі ақпаратты тезис түрінде жазып алыңыз.

2-тапсырма. Мәтінде кездесетін сан есімдермен құрмалас сөйлем құраңыз. (2-3 сөйлем)

Оқылым

Мәтіндерді оқып, салыстырыңыз.

А мәтіні	Ә мәтіні
<p>Ауылды толықтай ғаламторға қосу үшін не істеу қажет? Бүкіләлемдік желіде жұмыс істеп жатқан «Kazsatnet» компаниясының мамандарының мәлімдеуінше, ғаламтор желісінің сапасын жақсарту үшін талшықты желі қажет. Алайда елімізде ондай талшықы желілер тартылмаған. Тіпті компания қызметкерлерінің мәлімдеуінше, аталған желі ауылдарды айтпаған күннің өзінде, елорданың шағын аудандарында да тартылмаған. Технологияны қолданушылар еліміз бойынша бар-жоғы 147975 абонентті құрайды. Ал елімізде қазірдің өзінде 17 миллионнан астам қазақстандық бар екенін ескерсек, бұл сан теңіздегі тамшыдай ғана болмақ.</p>	<p>Ең алдымен байланыс жолға қойылуы тиіс. Мәселен, жоғарыда бір хабар айтылды делік. Сол хабар елдің бар аймағында бір-ақ сәтте таралып, барлық адам білуі тиіс. Бір жерде қауіпті мал ауруы шықса, басқа жақ соны бірден естіп, соны пайдаға асыруы керек. Яғни, жоғарыдан төменге дейін жүйелілік болуы қажет. Еліміздегі мемлекеттік жүйе кәдімгі адамның мүшесіндей қызмет ету керек. Бастан шыққан хабар төмендегі табанға дейін дереу жетуі тиіс.</p> <p>Ал Еуропа елдерінде жағдай мүлдем басқаша. Айтылған сөз 5 минут ішінде бүкіл елге тұтастай жария болады. Тіпті ауылдағы адамдардың өзі ғаламтор арқылы жағдайды толық біле алады. Мәселен, дүниежүзінің дамыған елдерін шаң қаптырған Швеция, Финляндия және Норвегия елдерінде ауылдардың қаладан айырмасы қалмаған. Жолдары тақтайдай тегіс, ғаламторы жылдам. Ауылшаруашылықтары толықтай автоматтандырылған.</p>

3-тапсырма. Мәтіндерге салыстырмалы талдау жасаңыз.

1. Мәтіндердегі негізгі ойды анықтаңыз.
2. Екі мәтінде ортақ ой бар ма?
3. Мәтіндерде деректі ақпараттар бар ма?
4. Мәтіндегі негізгі ойға өз көзқарасыңызды білдіріңіз.

Жазылым

«Жасөспірімдер қылмысын қалай азайтуға болады?» деген сұрақ бойынша өз ойыңызды жазыңыз. Көлемі - 100-120 сөз. Аргумент пен факті, дәлелдерді қолданыңыз.

Айтылым. Берілген тақырыптардың бірін таңдап, тақырып бойынша әңгімелеңіз. Жауабыңызда құрмалас сөйлемдер болсын.

«Жастардың денсаулығы – қоғам байлығы» 11-білім

«Сандық технологияны пайдаланудағы теңсіздік» 12-бөлім

«Қоғам және заң» 13-бөлім

Тыңдалым

Балл қою кестесі

Сұрақ	Жауап	Балл	Жалпы балл
1	Негізгі ақпаратты тезис түрінде жазады. <i>Орфография және пунктуацияны сайтайды.</i>	2 1	3
2	Мәтінде кездесетін сан есімдер: 15-30 минут, 2 литр, 4-5 рет, 18:00-ден соң, 21:00-де 15-30 миут асмәзірін күттік. 2 литр су сатып алдым. Асқа 4-5 рет тапсырыс жасадық. 18:00-ден соң мемлекет қызметкерлері жұмыс істемейді. 21:00-де анам астандан қоңырау шалды. Ескерту: <i>Білім алушының басқа да дұрыс жауаптары ескеріледі.</i> <i>Орфография және пунктуацияны сайтайды.</i>	2 1 1 1 1 1 1	6

Оқылым

Сұрақ	Жауап	Балл	Жалпы балл
	1. Мәтіндердегі негізгі ой ғаламтор желісінің сапасын жақсарту үшін талшықты желі қажет, ол арқылы ақпарат тарату мүмкіндігі. 2. Екі мәтінде ортақ ой ғаламтор мәселесі. 3. Технологияны қолданушылар еліміз бойынша бар-жоғы 147975 абонентті құрайды. Ал елімізде қазірдің өзінде 17 миллионнан астам қазақстандық бар. Айтылған сөз 5 минут ішінде бүкіл елге тұтастай жария болады. 4. Мәтіндегі негізгі ойға өз көзқарасыңызды білдіріңіз. Ескерту: Әр жауап 1 балл Ескерту: <i>Білім алушының басқа да дұрыс жауаптары ескеріледі.</i> <i>Орфография және пунктуацияны сайтайды.</i>	1 1 1 1 1	5

Жазылым 10 балл

«Жасөспірімдер қылмысын қалай азайтуға болады?» деген сұрақ бойынша өз ойыңызды жазыңыз. Көлемі - 100-120 сөз. Аргумент пен факті, дәлелдерді қолданыңыз.

№	Жауап	Балл 11
1	публицистикалық стильде жазады;	1
2	жанрға тән тілдік құралдарды орынды қолданады;	1
3	тақырыпқа қатысты көркемдегіш сөздерді қолданады;	1
4	кұрмалас сөйлемдерді қолданады;	2
5	тақырыпты ашады;	1
6	аргумент;	1
7	факт;	1
8	дәлел;	1
9	<i>орфография және пунктуацияны сайтайды;</i>	1
10	көлемі – 100-120 сөз.	1

Айтылым Балл қою кестесі

Сұрақ	Жауап	Балл
1	Ақпараттың қоғаммен байланысын	1
2	Тақырыпты ашу	2
3	Тақырыпқа өз ойын қосады	2
Барлығы:		5

Бағалау

Жалпы 30 балл

«2» - 0-11 балл

«3» -12-19 балл

«4» -20 -25 балл

«5»-26-30 балл

11-сынып.

1-БӨЛІМ . «Қазіргі қоғамдағы әлеуметтік теңсіздік» бөлімі бойынша жиынтық бағалау

Оқу мақсаты :11.1.2.1 мәтінді тыңдай отырып, негізгі идеяларды қысқаша түртіп жазу және берілген ақпараттарды жүйелеуі;

11.4.6.1 мәнмәтін бойынша тілдік бірліктерді орфографиялық нормаға сай жазу;

Бағалау критерийі : *Білім алушы*

мәнмәтін бойынша тілдік бірліктерді орфографиялық нормаға сай жазады;

мәтінді тыңдай отырып, негізгі идеяларды қысқашатүртіп жазады және берілген ақпараттарды жүйелейді;

Ойлау дағдысының деңгейлері : Жоғары деңгей дағдылары

Орындау уақыты : 25 минут

мәнмәтін бойынша тілдік бірліктерді орфографиялық нормаға сай жазады	1	- тілдік бірліктерді сақтайды; - орфографиялық нормаға сай жазады; -тірек сөздер құрастыра алады;	1 1 2
мәтінді тыңдай отырып, негізгі идеяларды қысқаша түртіп жазады және берілген ақпараттарды жүйелейді	2	-мәтіннің негізгі идеяларын береді; -мәтіндегі берілген ақпараттардың жүйелігін сақтайды; - мәтіннің стильдік ерекшелігін анықтап жазады; - мәтіннің мазмұнын ашады; - мәтіннің мазмұнын жазады;	1 1 1 1
Барлық балл			10

Бағалау:

0-3 балл – «2»

4-6 балл – «3»

7-8 балл – «4»

9-10 балл – «5»

2-БӨЛІМ . Экология. Мұнай және атомдық индустрия

Оқу мақсаты :

11.3.2.1 ғылыми және публицистикалық стильдегі мәтіндердің (аннотация)

құрылымы мен рәсімделуін білу, жанрлық және тілдік ерекшеліктерін талдау;

11.4.2.1 қажетті ақпараттарды орынды қолданып, көтерілген мәселе бойынша өз ойын дәлелдеп эссе жазу («келісу, келіспеу» эссесі);

11.4.6.1 мәнмәтін бойынша тілдік бірліктерді орфографиялық нормаға сай жазу;

Бағалау критерийі : *Білім алушы*

ғылыми және публицистикалық стильдегі мәтіндердің құрылымы мен рәсімделуін біледі;

жанрлық және тілдік ерекшеліктерін талдайды ;

қажетті ақпараттарды орынды қолданады;

көтерілген мәселе бойынша өз ойын дәлелдеп эссе жазады;

мәтін бойынша тілдік бірліктерді орфографиялық нормаға сай жазады

Ойлау дағдысының

деңгейлері : Жоғары деңгей дағдылары

Орындау уақыты : 25 минут

Тапсырма

Мәтінді мұқият оқып, тапсырмаларды орындаңыз.

А мәтіні

Қазақстанда отын өндірісі: көмір өндіру, мұнай және газ өндіру, түрлі-түсті металлургия, мыс, қорғасын, мырыш, алюминий және титан, магний өндірісі, қара металлургия, сапалы қара металлургия өндірісі дамыған. Осы өндірістер суды, ауаны, жерді, жер қойнауын бүлдіріп қана қоймай, барлық тіршілік дүниесіне әсерін тигізеді.

Климатологтардың пікірі бойынша, республика территориясында климаттық антропогендік өзгерістер бар екендігі дәлелденген. Өлім деңгейі бұрынғы КСРО елдерімен салыстырғанда екі есе көп, ал балалар өлімі жағынан әлемде алдыңғылардың қатарында.

Экология ең негізгі саяси проблемаларға айналды. Қазақстан экологиялық жағдайының мұншама қайғылы болуының ең басты себептерінің бірі – өнеркәсіп орындары мен ведомстваларға табиғатты қорғау қазіргі кезде экономикалық жағынан тиімді болып отырғанында. Экономикалық реформа ғана бұл жағдайды түпкілікті өзгерте алады. Барлық табиғи байлықтардың құны мен қожайыны болуы керек. Табиғатты пайдаланудағы бейбастақтықты тек қана экономикалық жағынан мүдделі субъект тоқтата алады. Табиғаттың жалпы күйзеліске ұшырауына кінәлілердің бірі – ғылыми техникалық прогресс.

Ертеңгі күннің технологиясы қандай болуы қажет? Экологиялық тұрғыдан қарағанда, табиғатты пайдалану технологиясын табиғатпен бірлесе қызмет технологиясына көшіру бағыты дұрыс деп есептеледі. Әлемнің ірі-ірі қалаларында ауаны ластаудың 2/3 бөлігі автомобиль транспортының үлесіне тиеді. Табиғатты бүлдіруге ат салысып жүрген негізгі он бүлдірушінің ішінде, БҰҰ-ның кестесі бойынша, автомобильден бөлінетін көміртегі екінші орында тұр.

Ә мәтіні

Қазақстанда қазіргі кезде 230 миллион тонна қатты радиоактивті қалдық жинақталған.

1949-1996 жылдар аралығында елімізде 500-ден аса ядролық қару сыналды. 20 миллион гектар жер экологиялық апатты аймаққа, тіршіліксіз экожүйеге айналды. Бұл апат 3,4 миллион адам тұратын елді мекендерді қамтыды. Сондағы тұрғын халықтың бүгінгі және ертеңгі жағдайы қандай болмақ?

Алматы, Шымкент, Өскемен сияқты қалаларда ауаның ластану мөлшері өте жоғары. Шығыс Қазақстан өңірінде экологиялық мәселелер жеткілікті. Түсті металлургия, вольфрам, қорғасын, мырыш өнеркәсіптері елді мекендер мен қала тұрғындарына зардабын тигізіп жатыр.

Каспий теңізінің 268 миллион гектар жағалауы мұнай өнімдерімен ластанып жатыр. Қазақстанның қай аймағына барсаңыз да, экологиялық ахуал күрделі. Сарыарқаның төскейі де жетісіп тұрған жоқ. Байқоңырдан ұшырылатын ғарыш кемелердің қалдығы осы аймаққа құлайды. Жергілікті тұрғындарға төбеден төгіліп жатқан гиптелден экологиялық апат төніп тұр. Ғарыш қалдықтары мен өндірістік ластану топырақтың құнарсыздануына, жайылымдардың тозуына әкелді.

1. Мәтіндердің тақырыптарын анықтаңыз.

[1]

2. Мәтіндерде авторлар қандай көзқарасты ұстанған?

[1]

3. Мәтіндердің мақсатты аудиторияларын табыңыз.

[1]

4. Мәтіндердің жанрлық ерекшелігін анықтап, тілдік ерекшеліктеріне салыстыра талдау жасаңыз. Мәтіндегі рөлін анықтаңыз.

[2]

Жазылым

Суретке қараңыздар. Төмендегі тіркестерді қатыстырып, « Ядролық қарусыз әлемді құрудағы Қазақстан» тақырыбында мәтін жазыңыздар.(90-110сөз)



Керекті тіркестер: атомдық ядролық жарылыстар, радиоактивті заттар мен рентген сәулелері, алғашқы митинг, бас тартты, келісімшартқа қол қойды, меморандум.

[10]

Оқылым

№	Жауап	Балл
1	Тақырып анықтайды	1
2	Мәтіндегі автор көзқарасын анықтайды, дәлелдейді;	1
3	Мәтіннің мақсатты аудиториясын көрсетеді, дәлелдейді;	1
4	Мәтіннің жанрлық ерекшеліктерін көрсетеді, тілдік ерекшеліктерін салыстырады; Мысал келтіреді; Мәтіндегі қолданысан талдау жасайды.	1 1
Барлығы		5

Жазылым

№	Балл	Сипаттамасы
1	9-10	Оқырманға ерекше әсер беру мақсатымен көркем тіл құралдары орынды қолданылған. Ойын еркін әрі толық жеткізеді, күрделі әсерлерді жеткізе алады, техникалық қателерді жібермейді.
2	7-8	Оқырманға ерекше әсер беру мақсатымен тіл құралдары үйлесімді түрде қолданылған. Ойын анық әрі еркін білдіруі тиісті әсерді береді, жіберілген кейбір техникалық қателер түсінуді қиындатпайды.
	5-6	Оқырманға ерекше әсер беру мақсатымен кейбір сипаттау құралдары қолданылған. Ойын анық білдіреді, бірақ бір сарыннан шықпайды, техникалық қателер (мәтіндегі сөздердің байланысу түрлерінің дұрыс қолданылмауы, шақтардың, бастауыш пен етістіктердің ұйқаспауы, орфографиялық қателер, пунктуацияның жоқтығы) жалпы әсерді бұзады.

	3-4	Құрылымы жүйесіз немесе анық емес, нақты суреттеу мен қарама-қайшылықтарды баяндау қабілеті жетіспейді. Сөз саптауы нақты болғанымен, жүйесіздік байқалады, жиі техникалық қателер (сөздердің байланысу түрлерінің дұрыс қолданылмауы, шақтардың, бастауыш пен етістіктердің ұйқаспауы, орфографиялық қателер, пунктуацияның жоқтығы) жібереді.
	1-2	Көркем тіл құралдары аз қолданылған немесе мүлдем қолданылмаған. Сөздер кейде анық емес, техникалық және құрылымдық қателер (сөздердің байланысу түрлерінің дұрыс қолданылмауы, шақтардың, бастауыш пен етістіктердің ұйқаспауы, орфографиялық қателер, пунктуацияның жоқтығы) мағынаны толық түсінуге қиындық келтіреді.

Жалпы балл – 15

Бағалау:

0-5 балл – «2»

6-9 балл – «3»

10-12 балл – «4»

13-15 балл – «5»

3-БӨЛІМ . Тіл . Әдебиет. Өнер.

Сөйлеу әрекетінің түрлері: Тыңдалым.Жазылым.

Оқу мақсаты :

11.1.2.1 мәтінді тыңдай отырып, негізгі идеяларды (ақпараттарды) қысқаша түртіп жазу (конспектілеу) және берілген ақпараттарды жүйелеу;

11.5.1.3 мәтін құрауда сан есімнің мағыналық түрлерін стильдік ерекшеліктеріне сай қолдану;

Бағалау критерий: *Білім алушы*

Мәтіндегі негізгі ойды анықтап, тезис жазады.

Мәтіннен лексикалық тақырыптарды нақтылап,мәтіннің маңызды фрагменттерін анықтап, жинақы мәтін құрастырады, сан есімнің мағыналық түрлерін стильдік ерекшеліктеріне сай қолданады;

Ойлау дағдыларының деңгейі : Білу және түсіну. Қолдану .

Орындау уақыты : 25 минут

Тапсырма (11 – аудио)

11-аудио Тілді дұрыс қолдана білу – үлкен жауапкершілік. Айтушы ойын өзі үшін айтпайды, өзге үшін айтады. Сондықтан ол ойын өзгелер қиналмай түсінетін қылып айту керек. Яғни, әр сөздің мағынасын жақсы біліп, дұрыстап сөйлемді құра білуі тиіс. Адам ана тілін жасынан естуінше үлкендерден үйренеді. Сонан соң тіл танытқыш кітаптардан таниды. Онан әрі үлгілі жазушылардың шығарған сөздерін оқып, өзі я ауызша айтып, я жазып қолданумен біледі. Біздің қазақ тіліндегі сөздің бәрін білгеніміз қазақ тілін қолдана білу болып табылмайды. Тілді қолдана білу деп, айтатын ойға сәйкес келетін сөздерді таңдап ала білуді және сол сөздерді сөйлем ішінде орын- орнына дұрыстап қоя білуді айтамыз.

Ахмет Байтұрсынұлы

1. Мәтінді тыңдап, негізгі ойды анықтап, тезис түрінде жазыңыздар.

(5б.)

2. Мәтіннен лексикалық тақырыпты нақтылап, мәтіннің фрагменттерін анықтап, мәтін құрастырады. Сан есімдердің мағыналық түрлерін стильдік ерекшеліктерін сай қолданады. «Тілді дұрыс қолдана білу – үлкен жауапкершілік»

(5б.)

<i>Бағалау критерийі</i>	<i>Тапсырма №</i>	<i>Дескриптор</i>	<i>Балл</i>
		<i>Білім алушы</i>	
мәтіндегі негізгі идеяларды түртіп алады. мәтіннен лексикалық тақырыптарды нақтылап,мәтіннің маңызды фрагменттерін анықтап,жинақы мәтін құрастырады, сан есімнің мағыналық түрлерін стильдік ерекшеліктеріне сай қолданады;	<i>1</i>	жұмыссыздыққа қатысты негізгі ойды анықтайды; техникалық қателерді жібермейді; ақпараттарды дұрыс жүйелейді; тезис жазады ;	<i>2</i> <i>1</i> <i>1</i> <i>1</i>
	<i>2</i>	лексикалық тақырыпты нақтылайды; мәтіннің маңызды фрагменттерін анықтайды; жинақы мәтін құрастырады; сан есімнің мағыналық түрлерін стильдік ерекшеліктеріне сай қолданады; техникалық қателерді жібермейді;	<i>1</i> <i>1</i> <i>1</i> <i>1</i> <i>1</i>
			<i>10</i>

Бағалау:

0-3 балл – «2»

4-6 балл – «3»

7-8 балл – «4»

9-10 балл – «5»

4-БӨЛІМ. «Қоғамдағы жұмыссыздық мәселесі» бөлімі бойынша жиынтық бағалау

Сөйлеу әрекетінің түрлері: Тыңдалым.Жазылым.

Оқу мақсаты:

11.1.2.1 мәтінді тыңдай отырып, негізгі идеяларды (ақпараттарды) қысқаша түртіп жазу (конспектілеу) және берілген ақпараттарды жүйелеу;

11.5.1.3 мәтін құрауда сан есімнің мағыналық түрлерін стильдік ерекшеліктеріне сай қолдану;

Бағалау критерий: *Білім алушы*

Мәтіндегі негізгі идеяларды түртіп алады;

Мәтіннен деректерге қатысты сипаттамаларды анықтап, қолданылу мақсатын түсіндіреді;

Мәтін құрауда сан есімнің мағыналық түрлерін стильдік ерекшеліктеріне сай қолданады;

Ойлау дағдыларының деңгейі : Білу және түсіну. Қолдану .

Орындау уақыты : 25 минут

Тапсырма (15 – аудио) 60-б.

1. Мәтінді тыңдап, негізгі ақпараттарды түртіп алыңыз.

15-аудио. Өзіңіздің қалауыңыздағы және жоғары еңбекақы төлейтін жұмысты табу – өте күрделі шаруа, сондықтан оған жауапкершілікпен қарау керек. Қай салада жұмыс істейтініңізді, өзіңізді не қызықтыратынын жақсылап ойланыңыз. Бүгінде жұмысты бірнеше тәсілмен іздеуге болады: 1) хабарландыру (арнайы жұмыс іздеу сайттары, мамандандырылған газет-журнал және т.б.); 2) рекрутингтік агенттіктер (олардың қызметі іздеуден, бағалаудан және белгілі бір вакансияға маман таңдаудан тұрады); 3) вакансиялар жәрмеңкесі. Бұл тәсіл өте тиімді болып табылады, себебі бұл шара мамандар үшін арнайы ұйымдастырылады. Яғни, жұмыс беруші өзіне қажетті маман іздейді. Мұндай шаралар барысында барынша белсенділік танытып, жұмыс беруші туралы көбірек ақпарат алу қажет; 4) жұмыс берушіге тікелей бару. Өзіңізге қажет жұмыс берушілерді, олардың байланыс деректерін, қосымша ақпарат көздерін анықтағаннан кейін, түйіндемені жіберіңіз. Түйіндемені оқыған кезде сіздің алға қойған мақсатыңыз көрініп тұруы керек. Неғұрлым ерекше болса, соғұрлым мүмкіндіктеріңіз де артады. Жұмыс іздеу үдерісі біраз уақытқа созылуы мүмкін. Мақсатқа жету үшін, барлық мүмкіндігіңізді жұмсаған жөн.

Әйгерім Исаева

2. Берілген сан есімдерді сөзбен жазып, мағынасын ажыратыңыз.

Сан есім	Сөзбен жазу	Мағынасына қарай ажыратыңыз
23%		
2025		
81 000		
3,7		
177000		

3.Төмендегі сан есімдерді болжалдық сан есімге айналдырып, сөйлем құраңыздар.

48 пайыз _____

800 мың жұмыс орны _____

10 күн _____

(36.)

<i>Бағалау критерийі</i>	<i>Тапсырма №</i>	<i>Дескриптор</i>	
		<i>Білім алушы</i>	<i>Балл</i>
мәтіндегі негізгі идеяларды түртіп алады.	1-2	жұмыссыздыққа қатысты негізгі идеяларды түртіп алады;	2
		техникалық қателерді жібермейді; ақпараттарды дұрыс жүйелейді;	1 1
мәтін құрауда сан есімнің мағыналық түрлерін стильдік ерекшеліктеріне сай қолданады.	3	сан есімдерді сөзбен жазады;	
		81000	1
		2025	1
		23%	1
		3,7	1
		177000	1
		мағынасын ажыратады; техникалық қателерді жібермейді; мағыналық ерекшеліктерін сай қолданады;	1 1 1
	12		

Бағалау:

0-4 балл – «2»

5-7 балл – «3»

8-10 балл – «4»

11-12 балл – «5»

5-БӨЛІМ . «Тәуелсіз еліміздің өткені мен келешегі» бөлімі бойынша жинақтық бағалау

Оқу мақсаты

11.1.5.1 мәтін бойынша автор позициясын және көтерілген мәселеге қарым- қатынасын талдай отырып, негізгі ойды анықтау

11.3.6.1 мәтіндегі негізгі ойды анықтап, көтерілген мәселеге баға беру, өзіндік көзқарасын жүйелі, дәлелді жеткізу;

11.5.1.4 мәтін құрауда есімдіктердің мағыналық түрлерін стильдік ерекшеліктеріне сай қолдану

Бағалау критерийі

Мәтін мазмұны бойынша көтерілген мәселе қарым- қатынасын талдай отырып, негізгі

ойды анықтайды, өзіндік көзқарасын жүйелі, дәлелді жеткізеді, есімдіктердің мағыналық түрлерін ажырата біледі және қолдану ерекшелігін ажырата алады.

Ойлау дағдыларының деңгейі Түсіну. Қолдану

Орындау уақыты 25 минут

Тыңдалым. (18-аудио)

18-аудио «– Бісіміллә деп бастайын сөзімді!» Мұны айтқан Жәмила анам еді. Алыста қалған жастығын, келіншек күнін көз алдына қайыра елестеткендей болып тосылыңқырап отырып қалды... «Сонымен, атам қазақтың өткен ғасырда басынан өткізген тауқыметін, қызыл төңкеріс дейсіз бе, ұжымға ұйысу дейсіз бе, одан берідегі аққалпақ көтерілісін, адам басы арзандаған қан-жоса қырғынды, Голощекин қол қойған мүйіз салығы мен тұяқ салығын, қаратабан жұтты, ашаршылықты, одан берідегі үндеместер үкідей үрпитіп бір түнде ұстап алып кететін зұлмат жылдарды тәспінің тасындай жіпке тізіп жазып жүрсіндер ғой... Сендерше Ұлы Отан соғысы, бізше герман соғысы басталар алдында, біраз жыл бұрын Сарыұлы Досжанның шаңырағына түскен келіншектің. Отағасын жасының орта жастан асқанын сылтау етіп соғысқа алмаған. «Екі тау арасында жатқан «БІнтымақ» колхозының жаны мен малына иелік етіңіз, тозып кетпесін, заманында облыс бәйгесінің алдын бермеген сәйгүлік ақалтеке тектілердің тұқымын сақтаңыз» депті... Тылда да соғыстағыдан еш кемдігі болған жоқ. Елдегі некен-саяқ еркектер көктем шыға өгізге жер-ағаш, соқа тіркеп, жоннан жер жыртады, егіс салады, қыстың қамын жеп, шалғысын қайрап, өзен, бұлақ қабағынан шөп шабады. Әлгілердің бейнетінің ауырлығы сонша: сорғалаған тері жүзін жуып, ...белінен бел қалмайтын... Біз болсақ, күніге желіге тізіп, жүзге жуық құлын байлаймыз, бұл дегенің күніге кемі – асауы бар, көнбісі бар жүз биені екі мезгіл сауып шығу деген сөз. Сауыншы аз. Жас әйелдер асау бие теуіп өлтіреді деп жылқышы ауылдан айналып қашады. Өкең болса аттан түспей түздің шаруасымен жүреді: қарашаның күз күніндей қабағын ашпай ел жата оралады...»

Дүкенбай Досжан «Төрт патшаны көрген кейуана»

1-тапсырма. Кестені толтырыңыз.

Отағасын неге соғысқа алмады? Мәтін бойынша жауабы қандай? Ол туралы дәлел.	Себебі

(3 балл)

2-тапсырма. Кестені толтырыңыз.

Голощекин қол қойған бұйрықта не айтылған? Ол туралы дәлел.	

(2 балл)

Оқылым. Мәтіннен факт пен автордың көзқарасын анықтаңыз.

Елбасы Н.Назарбаевтың ұсынысымен Қазақстан Республикасының Парламенті 1994

жылы 6 шілдеде ел астанасын Алматыдан Ақмолаға көшіру туралы шешім қабылдады. 1997 жылы қарашада еліміздің мемлекеттік рәміздерін Алматыдан астанаға әкелу рәсімдері өткізілді. 8 қарашада Ақмоланың орталық алаңында Президенттік гвардия жауынгерлерінің Мемлекеттік рәміздері салтанатты саппен алып жүру шеруімен елорда шежіресі басталды. Әнұран асқақтап, Арқа төсіндегі Президент Әкімшілігінің жаңа ғимаратының төбесінде (қазіргі Тұңғыш Президент мұражайы) егемен елдің көк байрағы желбіреді.

Дәл осы сәттен бастап елорда мәртебесін алған Астана (қазіргі Нұр-Сұлтан) қаласының жаңа парағы ашылды...

Содан бергі жылдар ішінде еліміздің бас қаласы төрткіл дүниені түгел тамсандырған тарихи құбылысқа айналды. Арқа төсіндегі сәні мен салтанаты жарасқан елорда бүгінде озық идеяларды, жаңа ғылыми шешімдер мен сәулет өнерінің озық үлгілерін өмірге әкелуде. Ғылыми-инновациялық салада да серпіліс жасап, еуразиялық кеңістікте көшбасшылардың бірі атанды.

3-тапсырма.

Факт
1
2
Автордың көзқарасы (толық)

(3 балл)

4-тапсырма. Мәтін бойынша берілген сөздердің синонимін жазыңыз.

Мысал	Синонимі	Мысал	Синонимі
рәміздерін		жаңа парағы	
көк байрағы		серпіліс	
тамсандырған		ұсынысымен	

(3 балл)

5-тапсырма. Берілген мәтіннен есімдіктерді тауып мағынасына қарай ажыратып, сөз құрамына қарай талдаңыз.

№	есімдік	Мағынасы	Мағынасына қарай ажырату			
1						
2						
3						

(2 балл)

Тілдік бағдар

6-тапсырма. «Сол» есімдігін септеңіз.

	Атау септік	Ілік септік	Барыс септік	Табыс септік	Жатыс септік	Шығыс септік	Көмектес септік
Сұрақтары							
Жалғаулары							
Сол							

(2 балл)

Бағалау критерийі	Т	Дескриптор	Балл 15
		Білім алушы	
Мәтін мазмұны бойынша көтерілген мәселе қарым-қатынасын талдай отырып, негізгі ойды анықтайды,	1	Кестені толтырады, ойын толық дәлелдеп жазады, Тілдік норманы сақтайды.	2 1
	2	Кестені толтырады, ойын толық дәлелдеп жазады, Тілдік норманы сақтайды.	1 1
өзіндік көзқарасын жүйелі, дәлелді жеткізеді,	3	Факт (2) Автордың көзқарасы (2) Тілдік норманы сақтайды.	2 1
	4	Синонимін жазу Ескерту: 2 жауап 1 балл	3
есімдіктердің мағыналық түрлерін ажырата біледі және қолдану ерекшелігін ажырата алады.	5	Есімдіктерді теріп жазу (2-3) Сөз құрамына талау (2-3)	1 1
	6	Кестені сауатты толтыру	2

Бағалау:

0-5 балл – «2»

6-9 балл – «3»

10-12 балл – «4»

13-15 балл – «5»

6-БӨЛІМ . Ұлттық театр –өнер ордасы

Сөйлеу әрекетінің түрлері : Оқылым. Айтылым.

Оқу мақсаты :

11.1.6.1 көтерілген мәселе бойынша әртүрлі дереккөздерден алынған мәтіндерді тыңдау және салыстыру, өз ойын логикалық дұрыс, аргументті және айқын жеткізу ;

11.2.3.1 сөйлеу ағымындағы интонацияның құрамдас бөліктері: әуен, әуез, тембр, қарқын, кідірісті сөйлеу мәнеріне сай қолдану:

Бағалау критерийі : Білім алушы

Әртүрлі дереккөзден алынған мәтіндерді салыстырып, аргументтермен дәлелді ойын білдіреді ;

Сөйлеу кезінде интонацияның құрамдас бөліктерін сөйлеу мәнеріне сай қолданады;

Ойлау дағдысының деңгейлері : Қолдану

Орындау уақыты : 25 минут

Тапсырма

1- мәтін

Мәтінді мұқият оқып, тапсырмаларды орындаңыз.

Театр - ұжымдық өнер

Театр үш алыптан тұрады: режиссер, драматург, актер. Режиссер ақсаса, қойылым шықпайды, актер ақсаса, жанды бейне болмайды, ал драматург ақсаса, оның пьесасын ешкім түсінбейді. Сондықтан осы үш алып аяқты тең басуы керек. Егер үшеуінің біреуі ақсап тұрса, құнды қойылым болмайды. Ал драматургия жақсы болса, онда ол режиссураны тартады. Ұлы Абайдың өзін актерлер неше қырынан танытып, ойнап жүргені сияқты. Менің ойымша, актер – пьесаның авторы. Себебі автордың шығармасын жасайтын - актер. Сондықтан үш негіз бірдей болуы керек. Пьеса – драматургтің жұмысы

Режиссерге берген соң одан қойылым шығару керек, ал қойылым – ұжымдық жұмыс.

Ұжым араласқанда, түрлі ойлар талқыға түсіп, тіпті автордың идеясына қарсы шығатын

идеялартуып жатуы мүмкін... Осы үш алып түсінісіп, ойы бір жерден шыққанда, ұзақ жасайтын қойылымдар дүниеге келеді.

Есмұхан Обаев

2- мәтін

Ұлттық театр

2013 жылы елордада «Астана Опера» мемлекеттік опера және балет театры ашылды. 2013 жылдың 21 маусымында театр өзінің алғашқы шымылдығын ашып, қазақ музыкасының жауһары – М.Төлебаевтың «Біржан -Сара» қойылыммен көрерменге жол тартты. Сол жылдың күзінде театр әлемдік тұсаукесерін жасап, Дж.Вердидің «Аттила» операсын ұсынды. Қазіргі кезде «Астана Опера» театры репертуарында А.Жұбанов пен Л.Хамидидің «Абай», Е.Брусиловскийдің «Қыз Жібек» опералары, Ғ. Жұбанованың музыкасына қойылған «Қарагөз» балеті сынды шығармаларымен қатар әлемдік опера және балет классикасы: Дж.Вердидің «Аида», «Травита», Ж.Бизеннің «Қармен», П.Чайковскийдің «Ұйқыдағы ару», «Аққу көлі», «Щелкунчик», Р.Петидің «Париж Құдай –ана ғибадатханасы» қойылымдары бар. Әр маусым сайын театр репертуары жаңарып, классикалық шығармалармен толықтырылуда. «Астана Опера» сахнасында Бибігүл Төлегенова, Айман Мұсаходжаева, Жания Әубакирова, Нұржамал Үсенбаева, Майра Мұхамедқызы, Алан Бөрібаев сынды әйгілі қазақстандық өнер тарландарымен бірге әлемдік опера әншілері: Пласидо Доминго, Елена Образцова, Хосе Каррерас, Анна Нетребко және т.б. өнер көрсетіп, көрерменнің қошеметіне ие болды. Бұл сахнада белгілі қазақстандық артистер мен ұжымдар, сонымен қатар неополитандық «Сан -Карло», генуялық «Карло Феличе», Санкт-Петербургтік «Мариин» сияқты айтулы театр ұжымдары гастрольдық сапар шеңберінде өнерлерін паш етті.

«Алматы ақшамы» газетінен»

1. Мәтіндерде көтерілген ортақ мәселені көрсетіңіз.

--

2. Кестені пайдаланып, екі мәтін ақпаратын салыстырыңыз. Жауаптарға мәтіннен дәлел келтіріңіз.

Салыстыру	1- мәтін	2- мәтін
Мәтін тақырыбы		
Мәтіндегі автор идеясы		
Мәтіндердің көздеген аудиториясы		

3. Жұптық жұмыс. Өзара төмендегі тақырыптарда сөйлесіңіз. Сөйлеу кезінде сөйлеу мәнеріңізге, интонация, ой екпініне назар аударыңыз.

- 1) Театр – өнер айнасы.
- 2) «Өмірдің өзі – театр» дегенді қалай түсінеміз?
- 3) Театр тарландары, қойылымдар туралы.

Бағалау критерийі	Тапсырма №	Дескриптор	Балл
		Білім алушы	
Өртүрлі дереккөзден	1-2	екі мәтінге ортақ көтерілген мәселені анықтайды;	1

алынған мәтіндерді салыстырып, аргументтермен дәлелді ойын білдіреді		мәтіндердің тақырыбын сөз тіркесімен береді;	2
		мәтіндердегі автор позициясын 1 сөйлеммен береді;	2
		мәтіндердің көздеген аудиториясын табады;	2
		мәтіннен өз ойына дәлелдер келтіреді;	2
Сөйлеу кезінде интонацияның құрамдас бөліктерін сөйлеу мәнеріне сай қолданады	3	берілген тақырыптардың бірін таңдап, өзара диалог құрады;	1
		сөйлеу барысында айтар ойына сай сөйлеу мәнері, ой екпіні, дауыс ырғағын орынды қолданады.	1
Барлық балл			11

Бағалау:

0-4 балл – «2»

5-7 балл – «3»

8-9 балл – «4»

10-11 балл – «5»

7-БӨЛІМ . «ТУРИЗМ: ЭКОТУРИЗМ»

Сөйлеу әрекетінің түрлері Тыңдалым. Айтылым.

Оқу мақсаты

11.1.6.1 көтерілген мәселе бойынша әртүрлі дереккөздерден алынған мәтіндерді тыңдау және салыстыру, өз ойын логикалық дұрыс, аргументті айқын жеткізу;

11.2.5.1 көпшілік алдында сөз сөйлеуде маңызды орын алатын тілдік (вербалдық) және бейвербалдық элементтерді қолданып, сенімді және еркін сөйлеу;

Бағалау критерийі

Білім алушы

-көтерілген мәселе бойынша мәтінді тыңдау және салыстыру, өз ойын логикалық дұрыс, аргументті айқын жеткізеді;

-көпшілік алдында сөз сөйлеуде маңызды орын алатын тілдік (вербалдық) және бейвербалдық элементтерді қолданады, сенімді және еркін сөйлейді;

Ойлау дағдыларының деңгейі : Қолдану

Орындау уақыты: 25 минут

Тапсырма

1. Мәтінді тыңдап, қажетті сөз тіркестерді салыстырып бос орынға қойыңыз, мәтіндегі негізгі ойды жеткізеді.


25-аудио Бүгінде Қазақстан туризмнің _____ бойынша, атап айтсақ, танымдық, сауықтыру, этникалық, экологиялық, шипажай-сауықтыру, жасөспірімдер мен балалар, аңшылық және т.б. түрлері бойынша _____. Ұлы Жібек жолы бойында орналасқан Қазақстан – көне замандардан бүкіл түркі әлеміне танылған тарихи мекен. Сол себепті бірегей _____ қорықтар, түрлі емдік су көздері, археологиялық және тарихи ескерткіштер, қалалар әу бастан саяхат пен туризм көздері саналған. Соңғы кездері әлем бойынша елімізге шетелден келетін _____ қарқынды өсіп келеді. Олар әсіресе еліміздің табиғи қорықтарына, экологиялық таза аумақтарына көптеп келуде. _____ төсінде аспанмен түйіскен таулар, тұнық та мөлдір _____ мен _____ – барлығы отандық және шетелдік туристердің ерекше ықыласын туғызып отыр. Статистикаға көз

_____ , Эйфель мұнарасын көру үшін ғана жұрт Парижге ағылса, жылына отыз миллион халық Түркияда демалады екен. Көкшенің табиғатына сүйсініп, _____ таңғалатындар енді көбейетін болады. Қазақстандағы туристік _____ Солтүстік Қазақстан аймағындағы Көкшетау, Бурабай, Баянауыл, Ерейментау; Шығыс Қазақстан аумағындағы Зайсан, Марқакөл, қазақстандық Алтай; Оңтүстік Қазақстан жеріндегі Батыс, Солтүстік Тянь-Шань, Алтынемел таулары, Жетісу алабы; Батыс Қазақстандағы Үстірт, Мұғалжар, Каспий ойысы, Жайық өңірі; Орталық Қазақстандағы Қарқаралы, Қызыларай, Бектауата, Ұлытау және т.б. жатады.

2 Мәтінді қайта тыңдаңыздар, төмендегі түрткі сұрақтарды қамти отырып, Қазақстандағы туристік нысандарды топтап кластер түзіңіздер, әр туристік нысанның ұқсастықтары мен айырмашылықтарын айтыңыздар, сенімді және еркін сөйлеңіз. [6]

1. Мәтін не туралы?

2. Қандай ақпараттар естеріңізде қалды?



Бағалау критерийі	Тапсырма №	Дескриптор	Балл
		Білім алушы	
Мәтінді тыңдап, бос орынға қажетті сөз тіркестерді салыстырып қолданады, аргументтермен дәлелді ойын білдіреді	1	1- сөз тіркесі , тілдік норманы сақтайды;	2
		2- сөз тіркесі , тілдік норманы сақтайды;	2
		3- сөз тіркесі , тілдік норманы сақтайды;	2
		4- сөз тіркесі , тілдік норманы сақтайды;	2
		мәтіндегі негізгі ойды жеткізеді;	1

Сөйлеу кезінде интонацияның құрамдас бөліктерін сөйлеу мәнеріне сай қолданады	2	берілген мәтінді тыңдап, сөйлеу кезінде интонацияның құрамдас бөліктерін сөйлеу мәнеріне сай қолданады;	3
		сөйлеу барысында айтар ойына мәтіннен ауытқымау сөйлеу мәнері, ой екпіні, дауыс ырғағын орынды қолданады.	3
Барлық балл			15

Бағалау:

0-5 балл – «2»

6-9 балл – «3»

10-12 балл – «4»

13-15 балл – «5»

8-БӨЛІМ . «Әлемдегі ерлер мен әйелдердің құқықтары мен теңдігі»

Сөйлеу әрекетінің түрлері: Оқылым.Жазылым

Оқу мақсаты:

11.3.6.1 мәтіндегі негізгі ойды анықтап, көтерілген мәселеге баға беру, өзіндік көзқарасын жүйелі, дәлелді жеткізу;

11.5.1.6 мәтін құрауда үстеудің мағыналық түрлерін стильдік ерекшеліктеріне сай орынды қолдану;

11.4.6.1.мәнмәтін бойынша тілдік бірліктерді орфографиялық нормаға сай жазу, мәтін деңгейінде тыныс белгілерін қолдана білу

Бағалау критерийі *Білім алушы*

Мәтіннің негізгі ойын анықтап, көтерілген мәселеге сыни көзқарасын жүйелі білдіреді. Мәтін құрауда үстеудің мағыналық түрлерін стильдік ерекшеліктеріне сай орынды қолданады.

Ойлау дағдыларының деңгейі

Қолдану

Орындау уақыты

25 минут

Тапсырма

Мәтінді түсініп оқып, төменде берілген тапсырмаларды орындаңыз.

Оқылым мәтіні

...– Бар, ана шешелерің жаққа бар, амандас, балам! – деді. Бала көп ішінен, ең алдымен, өзінің шешесін көріп, соған қарай жүре беріп еді, шешесі анадай жерде тұрып: – Әй, шырағым балам, әуелі ар жағыңда әкең тұр... Сәлем бер! – деді. Абай жалт қарап барып жаңа көрді. Анадай жерде, қонақүйдің сыртында, қасында екі-үш үлкен кісі бар – әкесі Құнанбай тұр екен. Ыңғайсыздықпен қысылып қалған бала шешесінің салқын сабырының мәнін ұқты да, әкесіне қарай тез бұрылды. Байтас пен жорға Жұмабай да анадайдан аттарынан түсіп жаяулап жетектеп, Құнанбайға қарай келеді екен. Бірақ өңі сұп-сұр, зор денелі, бурыл сақалды Құнанбайдың жалғыз көзі бұларда емес. Батыс жақтан төрт-бес атты жолаушы келеді екен. Арты Қыдырдан шыққан жолаушылар тәрізді. Өздері өңшең толық денелі, үлкендер сияқты. Құнанбайдың бүгін әдейі тосып отырған адамдары болу керек. Ол соларға қарап тұр. Байтас пен Жұмабай тақай бергенде, Абай да қасына кеп қалып еді. Үшеуі бірдей жамырай сәлем берді. Құнанбай тез бұрылып сәлемдерін алды да, қысқа ғана амандық сұрады. Тұрған орнынан қозғалған жоқ. Баласын қасына да шақырмады. Азғантай уақыт Абайға қарап алып: – Балам, бойың өсіп, ержетіп қалыпсың-ау! Молда болдың ба? Бойыңдай боп білімің де өсті ме? – деді. Кекету ме? Жоқ, күдік пе? Бала ес білгеннен бері қарай әкесінің қабағына қарап өскен. Әкесі де бұл баласының сезгіштігін өзге балаларынан артық санаушы еді. Ұялғанды, жауап айтпағанды кешірмейтін әке мінезі Абайға мәлім. Ол сабырлы, момын пішінмен: –

Шүкірлік, әке, – деп біраз тұрды да, – ат барған соң, дәріс тамам болмаса да, хазіреттің рұқсатын алып қайттым, – деді. Тіпті ересек адамша сөйлеп қапты. Баланың бұл ерте әзірлеген жауабы еді.. *М.Әуезов «Абай жолы» роман-эпопеясынан*

1. Мәтін не туралы?

--

2. Абай алдымен кімге барды ?

--

3. Шешесі Абайға не деді? Оның сөзіне қандай қорытынды шығарар едіңіз?

--

4. Құнанбай бойындағы салқындықты қалай түсіндіресіздер?

--

5. Мәтінді қайта оқып Құнанбай мінезіндегі ерекшелікті ашатын сөздер мен сөз тіркестерін жазыңыз.

Құнанбайдың бейнесін ашатын сөздер мен сөз тіркестері	
---	--

5б.)

Үстеулердің мағынасын сәйкестендіріңіз, сөз тіркесінен тақырыпқа байланысты үш сөйлем құрастырыңыз.

қатты		кітап оқыды
балаша		өзгерген
күні -түні		ән басылды
баяулап		мәз - мейрам болды

(7б.)

Түсіндірме сөздіктің мағынасын жазыңыз.(3б.)

соқталдай -
сытылу -
паңдана -
ымырт -
ас батпау -
қоныс -
шұбыртқан малы -

Бағалау:

Бағалау критерийі	Тапсырма №	Дескриптор	Балл
		<i>Білім алушы</i>	
мәтіннің негізгі ойын анықтап, көтерілген мәселеге сыни көзқарасын жүйелі білдіреді.	1-2	мәтіндегі негізгі ойды 1 сөйлеммен жеткізеді;	1
		мәтіндегі ақпарат бойынша сұраққа жауап береді;	2
		сыни көзқарасын жүйелі білдіреді;	2
		үстеудің мағынасын сәйкестігін табады;	2
		мәтін құрауда үстеудің мағыналық түрлерін стильдік ерекшеліктеріне сай орынды қолданады;	2
мәтін құрауда үстеудің мағыналық түрлерін стильдік ерекшеліктеріне сай орынды қолданады;	3	орфографиялық нормаларды сақтайды;	1
		тыныс белгілерін дұрыс қояды;	1
		түсіндірме сөздіктің мағынасын жазады; орфографиялық нормаларды сақтайды; тыныс белгілерін дұрыс қояды;	1
тілдік бірліктерді орфографиялық нормаға сай жазады. Тыныс белгілерін дұрыс қолданады			15

0-5 балл – «2»

6-9 балл – «3»

10-12 балл – «4»

13-15 балл – «5»

9-БӨЛІМ . «Жастар мәселесінің түйіткілдері» бөлімі бойынша жиынтық бағалау**Сөйлеу әрекетінің түрлері:** Тыңдалым. Жазылым**Оқу мақсаты:**

11.3.6.1 мәтіндегі негізгі ойды анықтап, көтерілген мәселеге баға беру, өзіндік көзқарасын жүйелі, дәлелді жеткізу;

11.3.6.1 мәтіндегі негізгі ойды анықтап, көтерілген мәселеге баға беру, өзіндік көзқарасын жүйелі, дәлелді жеткізу;

Бағалау критерийі *Білім алушы*

Мәтіннің негізгі ойын анықтап, көтерілген мәселеге сыни көзқарасын жүйелі білдіреді. Мәтіндегі негізгі ойды анықтайды, көтерілген мәселеге баға береді, өзіндік көзқарасын жүйелі, дәлелді жеткізеді;

Ойлау дағдыларының деңгейі

Қолдану

Орындау уақыты**25 минут****Тапсырма Мәтінді тыңдаңыз. Төмендегі сұраққа жауап беріңіз.**

30-аудио «90-жылдары жағдайым өте ауыр болды: күйеуім жұмыссыз қалды, қолымда үш балам бар, отбасымды асырау керек... Менің хоббиім болған еді. Бала кезімнен киімдерді өзім тігіп киетінмін, сондықтан ателье ашу арманым болатын», – дейді Әлия Бектілеуова. «Алматыға келіп, жеке тон өндірісін ұйымдастырдық. Шикізатты өзіміз сатып алдық, тонды өзіміз тігіп, Ресейге саттық. Бірақ ол кезде бәсекелестік қатаң болатын, өткізу жағынан қиындықтар туа бастады. Әрі қарай қалай өмір сүретінімізді

ойластырдық. Әпкем маған тігінмен айналысуға кеңес берді. Бұл ойға күмәнмен қарадым: «Базар тұрғанда кім менен сатып алады?» Бірақ достарым мен туыстарым менің қолымнан тігу келетінін біліп, қолдау көрсетті. Сөйтіп, тіге бастадым. Алғашқы клиенттер пайда болды, сосын біртіндеп олардың қарасы көбейе берді. Қазір Әлия Демеуханқызының шағын екі цехы бар. Кез келген дүниені – ерлер, әйелдер, балалар киімін, жейделер, костюмдер, кеудешелер, көйлектер тігеді. «Концерттік костюмдер тігеміз, тулар да тапсырып жатады. Өзім пішемін, жас қызметкерлерге үйретемін. Бала кезімнен сән үйін ашу арманым еді. Бірақ оған қаражатым жетпеді. «ДАМУ» бағдарламасымен несие алдым және де қаражаттың жартысын игеріп қойдым. Сән үйін салу үшін бизнес-жоспар дайындауым қажет болды. Кәсіпкерлер палатасына жүгіндім. Ол жерде жоспарды жылдам әрі тегін жасап берді. Мен үшін бұл үлкен көмек еді», – деді Әлия Бектілеуова.

«Алаш айнасы» газетінен

«Неліктен қоғам жастардың болашағына зор үмітпен қарайды?» деген сұраққа өз ойларыңызды білдіріңіздер.

Пікір . Пікіріңізді бір сөйлеммен айтыңыз.

Дәлел . Пікіріңізді бір сөйлеммен дәлелдеңіз.

Мысал . Пікіріңізді өмірмен байланыстырып мысал келтіріңіз.

Қорытынды . Тақырып бойынша қорытынды жазыңыз.

(76.)

Мәтін мазмұны негізінде «Қазіргі жастар қандай?» деген сұраққа жауап жазыңыздар.

(86.)

Бағалау:

Бағалау критерийі	Тапсырма №	Дескриптор	Балл
		<i>Білім алушы</i>	
Мәтіннің негізгі ойын анықтап, көтерілген мәселеге сыни көзқарасын жүйелі білдіреді.	1-2	мәтіндегі негізгі ойды 1сөйлеммен жеткізеді;	1
		мәтіндегі ақпарат бойынша сұраққа жауап береді;	2
		сыни көзқарасын жүйелі білдіреді;	2
		мәтіндегі негізгі ойды анықтайды;	2
		көтерілген мәселеге баға береді;	2
		өзіндік көзқарасын жүйелі жеткізеді;	2
		өзіндік көзқарасын дәлелдей алады; орфографиялық нормаға сай жазады;	2
			15

- 0-5 балл – «2»
- 6-9 балл – «3»
- 10-12 балл – «4»
- 13-15 балл – «5»

10-БӨЛІМ. «Жаһандық мәселелер: көші-қон саясаты» бөлімі бойынша жиынтық бағалау

Сөйлеу әрекетінің түрлері Оқылым . Жазылым

Оқу мақсаты 11.3.1.1 мәтіннен детальді ақпараттарды, факты мен көзқарасты, астарлы ойды анықтау, берілген ақпараттың оқырманға әсерін және автор позициясын талқылау; 11.4.2.1 қажетті ақпараттарды орынды қолданып, көтерілген мәселе бойынша өз ойын дәлелдеп эссе жазу (дискуссивті эссе, «келісу,келіспеу» эссесі);

11.4.6.1.мәнмәтін бойынша тілдік бірліктерді орфографиялық нормаға сай жазу, мәтін деңгейінде тыныс белгілерін қолдана білу;

Бағалау критерийі *Білім алушы*

- Мәтіннен детальді ақпараттарды, факті мен көзқарасты, астарлы ойды анықтайды, ақпараттың оқырманға әсерін автор позициясын талдап түсіндіреді;
- Ақпараттарды орынды қолданып, өз ойын дәлелдеп келісу, келіспеу эссесін жазады
- Тілдік бірліктерді орфографиялық нормаға сай жазады
- Тыныс белгілерін дұрыс қолданады.

Ойлау дағдыларының деңгейі Қолдану. Жоғары деңгей дағдылары

Орындау уақыты 25 минут

Тапсырма

Мәтінді оқып, төменде берілген тапсырмаларды орындаңыз.

..... Күз аспаны күнгірт , бұлыңғыр. Ауада дымқыл сыз бар. Таң салқыны қазір күздің суық желіне айналған. Маңайда қызарыпсолған қурайлар көп көрінеді.Бүрінен айырылған тобылғы да қуқыл реңді. Ұазрып сарғайған селеу мен бозғыл көде, жусан – бәрі де жел лебінен қалтырайды.... Қара жел қуған қаңбақ кең жазықта тынымсыз кезіп, жосып өтеді. Таң жаңада атқан.Салқын түннің қалың шығы жүргіншілердің аттарының тұяғын жылтыратып шашасына шейін суландырған.

Ералының кең жазығына жаңа келіп ілінген жүргіншілер – ерте көшкен ауылдың ер-азаматы. Көшіп келе жатқан Абай ауылы мен көрші ауылдар.Сол көштің алдында ұзақырап кеткен мынау бір топ аттылар – Абай мен оның жас достары , кей ақын – әншілер. Топтың алдыңғы қатарында Абай , Көкбай , Шұбар – үшеуі өзгелерден озыңқырап,оңаша әңгімелесіп барады. Артқы топ Ақылбай , Мағаш , Кәкітай , Дәрмен болатын. Бұлардың артында Ербол мен Баймағамбет бір бөлек келеді.

Жүрістің ертелік мазасыздығына , күн райының мұнды, сұрқай көңілсіздігіне қарамай ортадағы жастар тобы үнемі дабырлап сөйлесіп , әзілдесіп , күліп келе жатыр.Шетінен ақын жастар болғандықтан , бұлар соңғы кездерде өлең шығарудың әр алуан үлгілерін байқап көрсететін.Үйде отырса ,жазып айтатын , топқа кезіксе , домбыраға қосылып ән шырқайтын ақындар. Ал осындай аттүсті , жол –жөнекейде шапшаң өлең айтуға да, бәсеке мен жарысқа да түсе берісетін... .

М.Әуезов «Абай жолы» роман-эпопеясынан («Абай аға» , 3-кітап)

Мәтіннен 1 факті мен көзқарасты білдіретін сөйлемді мен 2 детальді ақпаратты анықтаңыз.

Факті

Көзқарас

<i>Детальді ақпараттар</i>	
1)	2)

1. Мәтіндегі автор позициясын және мәтіннің оқырманға әсерін 3-4 сөйлеммен түсіндіріңіз.

Тапсырма. Берілген тақырып бойынша эссе жазыңыз.

Эссе тақырыбы: «Көші – қон мәселері» бойынша түрлі пікір бар: бірі қолдаса, екіншісі қарсы. Ал сіздің ойыңызша, Қазақстанда көші - қонның жаңа түрлері пайда болды, дұрыс па?(100-150 сөз)

I Кіріспе

<hr/> <hr/> <hr/> <hr/> <hr/>	«Көші – қон мәселесі» туралы қысқа анықтама беру; ол мәселенің маңызын айту; негізгі сұрақты/мәселені көтеру; т.с.с.
-------------------------------	--

II Негізгі бөлім

I абзац <hr/> <hr/> <hr/> <hr/> <hr/> <hr/> <hr/> <hr/>	Бұл мәселені қолдайтындардың пікірін айту және оған аргумент келтіру; аргументті жан-жақты талдау; ойды жинақтау. Қажетті тіркестер: Қазіргі қоғамда ... белең алуда. Бұл туралы түрлі пікірлер бар.
II абзац <hr/> <hr/> <hr/> <hr/> <hr/> <hr/> <hr/> <hr/>	Бұл мәселені қарсы адамдардың пікірін айту және оған аргумент келтіру; аргументті талдау; ойды жинақтау. Қажетті тіркестер: Менің ойымша, ... Біріншіден, ... Себебі... Сол себепті... Сондықтан...

III абзац	Сіз ұстанатын позицияңызды айту және дәлелдеу үшін оған аргумент келтіру, талдау және жинақтау. Қажетті тіркестер: Екіншіден, ... Алайда/ дегенмен/ әйткенмен/ бірақ... Өткені ... Сондықтан...
III Қорытынды	Ойды қорытындылау, көтерілген мәселе бойынша ұсыныс білдіру. Ескерту: аудиторияға сауал тастамау, жаңа ой/идея қоспау, ұрандатпау, объективті жазу. Қажетті тіркестер: Қорыта келе, ... Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні, ... Ойымды қорыта келе, ... ұсынамын.

Бағалау критерийі	Тапсырма №	Дескриптор	Балл
		Білім алушы	
Мәтіннен детальді ақпараттарды, факті мен көзқарасты, астарлы ойды анықтайды, ақпараттың оқырманға әсерін автор позициясын талдап түсіндіреді.	1-2	мәтін мазмұны бойынша 1 фактіні білдіретін сөйлемді анықтайды;	1
		1 көзқарасты білдіретін сөйлемді көрсетеді;	1
		2 детальді ақпаратты көрсетеді;	2
		мәтіндегі автор позициясын түсіндіреді;	1
Ақпараттарды орынды қолданып, өз ойын дәлелдеп келісу, келіспеу эссесін жазады . Тілдік бірліктерді орфографиялық нормаға сай жазады . Тыныс белгілерін дұрыс қолданады.	3	кіріспе бөлімде кілт сөзге анықтама береді (2-3 сөйлем);	1
		негізгі бөлімде мәселеге қатысты ұстанымын білдіреді;	1
		өз ұстанымын дәлелдеу үшін 2-3 аргумент пен факті ұсынады;	2 1
		өз пікіріне қарсы контраргумент ұсынады;	1
		өз ұстанымының дұрыстығын дәлелдейтін 1-2 фактілік дерек ұсынады;	1
		қорытынды бөлімде негізгі сұраққа нақты жауап береді;	1
		мәселенің нақты 2-3 шешу жолын ұсынады;	1
		орфографиялық нормаларды сақтайды.	1
тыныс белгілерін дұрыс қояды.	1		
Барлық балл			15

Бағалау:

0-5 балл – «2»

6-9 балл – «3»

10-12 балл – «4»

13-15 балл – «5»

11-БӨЛІМ . «Толеранттылық – ел бірлігі » бөлімі бойынша жиынтық бағалау Сөйлеу әрекетінің түрлері Оқылым. Жазылым .

Оқу мақсаты:

11.3.6.1 мәтіндегі негізгі ойды анықтап, көтерілген мәселеге баға беру, өзіндік көзқарасын жүйелі, дәлелді жеткізу;

11.5.2.1 оқшау сөздердің қызметін білу, жазба жұмыстарында орынды қолдану

Бағалау критерийі

Білім алушы

Мәтіндегі негізгі ойды анықтап, көтерілген мәселеге дәлелді көзқарасын білдіреді .

Оқшау сөздердің қызметін біледі, жазба жұмыстарды орындайды. .

Ойлау дағдыларының деңгейі : Жоғары деңгей дағдылары

Орындау уақыты

25 минут

Тапсырма 1. Мәтінді оқып, ПОПС формуласы бойынша көзқарасыңызды түсіндіріңіз.

ПОПС формуласы

1) Бірінші сөйлем «Менің ойымша, мәтінде көтерілген мәселе...»

2) Екінші сөйлем «Себебі...»

3) Үшінші сөйлем «Оны мына фактілермен, мысалдармен дәлелдей аламын...»

4) Соңғы сөйлем «Осыған байланысты мынадай қорытынды шешімге келдім...».

Оқылым мәтіні

«Толеранттылық» атауы халықаралық термин сөз болғанымен , мағынасы – төзімділік дегеннің баламасы. Ол қарапайым тұрмыста көршінің көршіге деген төзімділігінен бастап , кең ауқымда мәдениеттер арасындағы , діни конфессиялар , ұлттар , ұлыстар, тілдер арасындағы өзара төзімділікті, ымыраласуды білдіреді.

Толеранттылық рухани , адами , идеялық , діни көзқарас пен ұстанымға ортақ болса да , қабылдаймын дегенді білдіреді. Осы толеранттылыққа қарсы «инторантты» деген ұғым бар. Оны төзімсіздік , ымырсыздық , шыдамсыздық, қызбалық, менмендік, бірбеткейлік деп адам , әлеуметтік топтар, мемлекеттерге байланысты айтуға болады.

Ұлттық толеранттылық біздің тарихи-мәдени кеңестігімізде қоғамдағы топтастыратын белгілі фактор болып отыр. Екінші жағынан , толеранттылық барлық мәселені шешіп тастайды деуге тағы болмайды. Бұл – ұлтаралық қатынастарды, саяси тұрақтылықты реттеудің маңызды факторы.

Елімізде төзімділікті сақтау саясатының өзіндік мақсаты болу керек. Нақты саясатта маңызды мақсаттар жүзеге асырылып , еліміздегі барша ұлт пен ұлысты қазақ ұлтының маңына топтастыру жұмыстарына көңіл бөлуіне қажет. Қоғамдық дамуда толеранттылық үлкен рөл атқарады.

«Сыр бойы» газетінен»

Тапсырма 2. Оқшау сөздерді пайдалана отырып, сөйлемдер құрастырып жазады.

Қаратпа сөз	Қыстырма сөз	Одағай
Мысалы:	Мысалы:	Мысалы:

Сөйлем	Сөйлем	Сөйлем
--------	--------	--------

Тапсырма 3. Тақырыпқа байланысты шағын мәтін құрастырып, оқшау сөздерді орынды қолданыңыз. (50-80 сөз)

Бағалау критерийі	Тапсырма №	Дескриптор	Балл 15
		Білім алушы	
Мәтіндегі негізгі ойды анықтап, көтерілген мәселеге дәлелді көзқарасын білдіреді	1	мәтін мазмұнындағы негізгі мәселені анықтайды;	1
		өз пікірін білдіреді;	1
		себепін түсіндіреді;	1
		фактілермен, мысалдармен дәлелдейді;	1
		қорытынды тұжырым жасайды;	1
Оқшау сөздерді пайдалана отырып, сөйлемдер құрастырып жазады.	2	қаратпа сөзді пайдалана отырып, сөйлем жазады;	1
		қыстырма сөзді пайдалана отырып, сөйлем жазады;	1
		одағай сөзді пайдалана отырып, сөйлем жазады;	1
		мысалдар жазады;	1
Тақырыпқа байланысты шағын мәтін құрастырып, оқшау сөздерді орынды қолданады. (50-80 сөз)	3	шағын мәтін жазады;	2
		оқшау сөздерді орынды қолданады;	2
		оқшау сөздердің қызметін біледі;	1
		орфографиялық нормаға сай жазады;	1

Жалпы балл – 15

Бағалау:

0-5 балл – «2»

6-9 балл – «3»

10-12 балл – «4»

13-15 балл – «5»

12-БӨЛІМ . «Ұлт мұраты – Ұлт қауіпсіздігі» бөлімі бойынша жиынтық бағалау. Сөйлеу әрекетінің түрлері : Оқылым . Жазылым .

Оқу мақсаты : 11.3.6. мәтіндегі негізгі ойды анықтап, көтерілген мәселеге баға беру, өзіндік көзқарасын жүйелі, дәлелді жеткізу;

11.4.2.1 қажетті ақпараттарды орынды қолданып, көтерілген мәселе бойынша өз ойын дәлелдеп эссе жазу; (дискуссивті эссе, аргументативті эссе)

Бағалау критерийі Білім алушы

- Мәтіндегі негізгі ойды анықтап, көтерілген мәселеге дәлелді көзқарасын білдіреді
- Қажетті ақпараттарды қолданып, өз ойын дәлелдеп аргументативті эссе жазады Ойлау дағдыларының деңгейі Жоғары деңгей дағдылары

Орындау уақыты 25 минут

1. Мәтінді оқып, ПОПС формуласы бойынша көзқарасыңызды түсіндіріңіз. ПОПС формуласы

1) Бірінші сөйлем «Менің ойымша, мәтінде көтерілген мәселе...»

2) Екінші сөйлем «Себебі...»

3) Үшінші сөйлем «Оны мына фактілермен, мысалдармен дәлелдей аламын...»

4) Соңғы сөйлем «Осыған байланысты мынадай қорытынды шешімге келдім...».

Оқылым мәтіні Ұлттық қауіпсіздіктің мәні

Қауіпсіздік – азаматтардың, қоғаммен мемлекеттің маңызды мүдделерінің ішкі және сыртқы қауіп-қатерден қорғалғандығы. Ұлттық қауіпсіздік өзара байланысты үш деңгейден тұрады: жеке адамның (оның құқықтары мен бостандықтары), қоғамның (ұлттық, рухани құндылықтары) және мемлекеттің қауіпсіздігі (конституциялық құрылымы, егемендігі, аумақ-тық тұтастығы).

Ұлттық қауіпсіздіктің мемлекет пен қоғам қауіпсіздігі өзіндік мақсат емес, жеке адамның қауіпсіздігін қамтамасыз ету қызметіне айналған жағдайда толық жүзеге асырылады.

Сыртқы ұлттық қауіпсіздік – ұлттық мүдденің, ұлттық құндылық-тардың, байлықтың және өмір салтының сырттан келетін қауіп-қатерден қорғалуы. Ұлттық қауіпсіздік әскери жолмен, басқа да әдістермен бұзылуы мүмкін. Мысалы, шегара арқылы заңсыз шикізат, ресурс, валюта, көркем және өзге де құндылықты енгізу, алып өту, өнеркәсіптік немесе өзге де тыңшылық, рухани баса-көктеу, іріткілік ақпарат тарату және т.б.

Қазақстанның сыртқы қауіпсіздігі халықаралық құқықтың негізгі қағидаттарын мойындап, қорғауға негізделеді және белсенді сыртқы саяси және өзге де әрекеттермен жүзеге асырылады.

Ішкі ұлттық қауіпсіздік – жекетұлғаның, қоғамның, мемлекеттің тұрақты қызмет етіп, дамуына әсер ететін қауіп-қатерден қорғануы.

«Қазақстан» Ұлттық энциклопедиясынан»

Елдің «ұлттық» және «ақпараттық» қауіпсіздігін қалай нығайтуға болады? Пікіріңізді растайтын аргументтер мен дәлелдер келтіре отырып, эссе жазыңыз.

Бағалау критерийі	Тапсырма №	Дескриптор	Балл 15
		Білім алушы	
Мәтіндегі негізгі ойды анықтап, көтерілген мәселеге дәлелді көзқарасын білдіреді	1	мәтін мазмұнындағы негізгі мәселені анықтайды;	1
		өз пікірін білдіреді;	1
		себебін түсіндіреді;	1
		фактілермен, мысалдармен дәлелдейді;	1
		қорытынды тұжырым жасайды;	1
Қажетті ақпараттарды қолданып, өз ойын дәлелдеп аргументативті эссе жазады	2	кіріспе бөлімде кілт сөзге анықтама береді (2-3 сөйлем);	1
		негізгі бөлімде мәселеге қатысты ұстанымын білдіреді;	
		өз ұстанымын дәлелдеу үшін 2-3 аргумент пен факті ұсынады;	1
		өз пікіріне қарсы контраргумент ұсынады;	2
		өз ұстанымының дұрыстығын дәлелдейтін 1-2 фактілік дерек ұсынады;	2
		қорытынды бөлімде негізгі сұраққа нақты жауап береді;	1
		мәселенің нақты 2-3 шешу жолын ұсынады.	1
			2

Жалпы балл – 15

Бағалау:

0-5 балл – «2»

6-9 балл – «3»

10-12 балл – «4»

13-15 балл – «5»

13-БӨЛІМ . Бос уақыт – қоғам дамуының көрсеткіші

Сөйлеу әрекетінің түрлері : Оқылым . Жазылым .

Оқу мақсаты :

11.3.1.1 мәтіннен детальді ақпараттарды, факты мен көзқарасты, астарлы ойды анықтау, берілген ақпараттың оқырманға әсерін және автор позициясын талқылау;

11.4.2.1 қажетті ақпараттарды орынды қолданып, көтерілген мәселе бойынша өз ойын дәлелдеп эссе жазу; (дискуссивті эссе, аргументативті эссе)

Бағалау критерийі Білім алушы

• мәтіннен детальді ақпараттарды, факты мен көзқарасты, астарлы ойды анықтайды, берілген ақпараттың оқырманға әсерін және автор позициясын талқылайды;

• Қажетті ақпараттарды қолданып, өз ойын дәлелдеп аргументативті эссе жазады

Ойлау дағдыларының деңгейі Жоғары деңгей дағдылары

Орындау уақыты 25 минут

Тапсырма.


50-аудио Бүгінгі таңда «тайм-менеджмент» термині кең қолданылуда. Бұл – уақытты басқару тәсілдері мен әдістерін зерттейтін менеджмент саласы. Уақытты тиімді басқарудың бірнеше қағидасын қарастырайық. 1 -қағида . Әдеттеріңіз бен шұғылданатын істеріңізді анықтап алыңыз. Ол үшін 1-2 апта бойы күнделікті атқаратын ісіңізді белгілеп отыратын күнделік арнаңыз немесе ұялы телефоныңызға жазып жүріңіз. Тек іс-шаралар мен кездесулерді ғана жазып қоймай, ойларыңызды да түртіп отырыңыз. Бұл сіздің уақытыңыздың қайда кетіп жатқанын және күні бойы қанша іс атқаратыныңызды анықтауға көмектеседі. 2 -қағида . Кешкісін ертеңгі күніңізді жоспарлаңыз. Жоспарланған істеріңіздің кемінде жартысы нақты нәтиже алуға бағытталған болсын. Маңызды істерге нақты уақыт қойыңыз. Қашан басталатын және қашан аяқталатын уақыттарын анықтаңыз. 3 -қағида . Жетістік жайлы ойлаңыз. Кез келген жұмысты бастамас бұрын, оның қалай аяқталғанын қалар едіңіз? Тапсырманың орындалуынан нені күтесіз? Тіпті бұл жұмысқа не үшін кірістіңіз? Мысалы, сіз біреуге телефон соқпақшысыз. Қоңырау қандай нәтиже бермек? Не себепті телефон соғып отырғаныңызды ішіңізден талдаңыз. 4 -қағида . Компьютердегі, ұялы телефондағы артық ұяшықтарды (ойын, әлеуметтік желілер, ойын-сауық порталдары, ақпарат сайттары және тағы басқа қажеті жоқ беттерді) жабыңыз. Жалпы, сізді аз уақытқа болса да алаңдататын нәрселерден аулақ болыңыз. 5 -қағида . Бәрін бірден үлгеруге ұмтылмаңыз. Барлық істі тындыру мүмкін емес: бір жұмысты орындаған абзал, содан соң кезекке жаңасы келеді. Естеріңізде болсын, жетістіктің сыры санда емес, сапада. «Асықпаған арбамен қоян алады» дейді қазақ халқы.

1. Мәтіннен 1 факті мен көзқарасты білдіретін сөйлемді мен 2 детальді ақпаратты анықтаңыз.

Факті	Көзқарас	Детальді ақпарат
		1) 2)

2. Мәтіндегі автор позициясын және мәтіннің оқырманға әсерін 3-4 сөйлеммен түсіндіріңіз.

Берілген эссе құрылымын сақтай отырып,
«Уақыт - алтыннан қымбат» тақырыбында эссе жазыңыз.



Бағалау критерийі	Тапсырма №	Дескриптор		Балл
		Білім алушы		
Мәтіннен детальді ақпараттарды, факті мен көзқарасты, астарлы ойды анықтайды, ақпараттың оқырманға әсерін автор позициясын талдап түсіндіреді.	1-2	мәтін мазмұны бойынша 1 фактіні білдіретін сөйлемді анықтайды;		1
		1 көзқарасты білдіретін сөйлемді көрсетеді;		1
		2 детальді ақпаратты көрсетеді;		2
		мәтіндегі автор позициясын түсіндіреді;		1
Ақпараттарды орынды қолданып, өз ойын дәлелдеп келісу, келіспеу эссесін жазады . Тілдік бірліктерді орфографиялық нормаға сай жазады . Тыныс белгілерін дұрыс қолданады.	3	кіріспе бөлімде кілт сөзге анықтама береді (2-3 сөйлем);		1
		негізгі бөлімде мәселеге қатысты ұстанымын білдіреді;		1
		өз ұстанымын дәлелдеу үшін 2-3 аргумент пен факті ұсынады;		2
		өз пікіріне қарсы контраргумент ұсынады;		1
		өз ұстанымының дұрыстығын дәлелдейтін 1-2 фактілік дерек ұсынады;		1
		қорытынды бөлімде негізгі сұраққа нақты жауап береді;		1
		мәселенің нақты 2-3 шешу жолын ұсынады;		1
		орфографиялық нормаларды сақтайды.		1
тыныс белгілерін дұрыс қояды.		1		
Барлық балл			15	

Жалпы балл – 15

Бағалау:

0-5 балл – «2»

6-9 балл – «3»

10-12 балл – «4»

13-15 балл – «5»

Тоқсандық жиынтық бағалау жұмыстары

11 сынып**1-тоқсанның жиынтық бағалауына шолу**

Ұзақтығы – 45 минут

Тыңдалым – 10 минут

Оқылым – 15 минут

Жазылым – 20 минут

Айтылым сабақтан тыс тексеріледі (әр білім алушыға 4-5 минут беріледі).

Балл саны – 30

Тапсырмалар түрлері:

Жабық типті тапсырма түрлері

Қысқа жауапты қажет ететін сұрақтар

Толық жауапты қажет ететін сұрақтар

Жиынтық бағалаудың құрылымы

Тоқсандық жиынтық бағалаудың нұсқасы 4 компоненттен тұрады. Бірінші компонент – тыңдалым, екінші компонент – оқылым, үшінші компонент – жазылым және тілдік бағдар, төртінші компонент айтылым дағдыларын тексеруге арналған.

Тоқсандық жиынтық бағалау тапсырмаларының сипаттамасы

Тапсырма	Қамтылатын мақсаттар	Тапсырмаларға сипаттама	Тапсырмалар түрлері	Орындау уақыты, мин	Балл
1-5	11.1.3. Оқу-кәсіби, қоғамдық-саяси, әлеуметтік-мәдени тақырыптар аясында және мамандандырылған тар аядағы арнайы мәтіндердегі сөздер мен термин сөздердің мағынасын түсіну	Тапсырма жеке орындалады. Оқушылар 200-250 сөзден тұратын тыңдалым мәтінін 2 рет тыңдайды. Мәтінді тыңдау барысында мәтіннің негізгі мазмұнын түсінуге бағытталған тест және сұрақтарға жауап беру тапсырмаларын орындайды.	Көп таңдауы бар сұрақтар Қысқа жауапты қажет ететін сұрақтар	10	5
6-10	11.3.2.1 ғылыми және публицистикалық стильдегі мәтіндердің (мақала) құрылымы мен рәсімделуін білу, жанрлық және тілдік ерекшеліктерін талдау 11.3.6.1 мәтіндегі негізгі ойды анықтап, көтерілген мәселеге баға беру, өзіндік көзқарасын жүйелі, дәлелді жеткізу	Тапсырма жеке орындалады. Оқушылар тақырыпқа қатысты 180-200 сөзден тұратын мәтінді оқиды. Оқушылар мәтін мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беру, мәтіндегі негізгі ойды анықтау, ашық сұраққа қатысты өз көзқарасын білдіру тапсырмаларын орындайды.	Шын, жалған тапсырмасы Қысқа жауапты қажет ететін тапсырма	10	5
1-2	11.4.1.1 ғылыми және публицистикалық стильдің жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай тілдік құралдарды орынды қолданып, шағын мақала жазу 11.4.2.1 қажетті ақпараттарды орынды қолданып, көтерілген мәселе бойынша өз ойын дәлелдеп эссе жазу («келісу, келіспеу»)	Тапсырма жеке орындалады. Оқушылар берілген екі тапсырманың бірін таңдап, шамамен 150-180 сөзден тұратын жазба жұмысын орындайды. Оның бірі шағын мақала жазу болса, екіншісі – эссе жазу. Мұғалім оқушының публицистикалық, ғылыми стильдің жанрлық және стильдік	Жазбаша толық жауапты қажет ететін сұрақтар	25	10

	эссесі) 11.5.1.2 сын есім сөздердің синонимдік қатарын стильдік ерекшеліктеріне сәйкес қолдану	ерекшеліктеріне сай шылаудың мағыналық түрлерін стильдік қызметіне сай орынды қолдануын, оқшау сөздерді жұмыстарында орынды қолдануын бағалайды.			
1-3	11.2.1.1 ғылыми және кәсіби мәтіндердегі күрделі сөздер мен терминдердің жасалу жолын анықтау, ауызша мәтін құрауда орынды қолдану 11.2.2.1 ғылыми және кәсіби мәтіндерге сүйеніп, монологпен диалогті үйлестіре қолдану, сөз әдебі мен сөйлеу этикеті формаларын орынды қолданып, тыңдаушылармен қарым-қатынас орнату	Тапсырма жұпта орындалады. Оқушы берілген тапсырма бойынша тақырыпқа сай күрделі сөздер мен термин сөздерді қолдана отырып, сөз әдебі мен сөйлеу этикеті формаларын орынды қолданып, қарым-қатынасқа түсуі бағаланады. (Оқу тоқсанында қанша тарау болса, сонша тапсырма дайындалу керек!)	Ауызша толық жауапты қажет ететін сұрақтар	Айтылым сабақтан тыс тексеріледі, әр білім алушыға 4-5 минут беріледі.	10
Барлығы				45	30

Тыңдалым

Қоғам өзінің құрлымы жағынан бірдей емес. Қоғамдағы адамдар арасында теңсіздік бар. Соған байланысты олардың ілеуметтік жүйедегі алатын орындары да әртүрлі. Жеке адамдар мен топтарды жіктегенде бірөатар өлшем басшылыққа алынады, мәселен, білім деңгейі, мамандық түрі, табыс көлемі.

Ал америкалық әлеуметтанушы Толкотт Парсонс қоғамда әлеуметтік жіктелудің факторларын 3 топқа біріктіреді:

- 1) адамның жаратылысына байланысты факторлар: этникалық тегі, жынысы, жас ерекшелігі, дене бітімі мен зияткерлік қабілеті;
- 2) қызмет түрі, мамандығы мен кәсіби деңгейі;
- 3) меншік, материалдық және рухани құндылықтар мен артықшылықтар.

Дүниежүзінің дамыған елдерінде халықтың негізгі бөлігі – орта тап. Олар: ой еңбегімен айналысатын адамдар, шағын және орта кәсіпкерлік өкілдері, шаруа қожалықтарының иелері кеңсе қызметшілері, жұмысшылар және т.б. Орта тап өкілдері өздерінің біліктілігі мен еңбегінің арқасында қоғамда тұрақты жоғары материалдық жағдайға ие.

Төменгі тап құрамы жағынан сан алуан. Оның құрамына байлығы ең төменгі

орташа күнкөріс шегінен аспайтын адамдар, оның ішінде баспанасы жоқ азаматтар, қандай да бір баспанасы болғанымен, күнкөрісі төмен адамдармен жұмыссыздар кіреді.

Жоғары дамыған мемлекеттерде жоғары тап өкілдерінің үлесі

2-3 пайызды құрайды. Оларға ірі меншік иелері, элитикалық азшылық, табысы жоғары мемлекеттік шенеуніктер, жоғары қызметтегі әскери лауазым иелері жатады.

БҰҰ-ның бас хатшысы Антониу Гутерреш: – Әлемде адамзатқа төніп тұрған жеті түрлі қауіп бар, – дейді. Біріншісі – ядролық қаруды пайдалану қатері, екіншісі – халықаралық терроризм, үшіншісі – қарулық кикілжіндердің көбеюі, төртіншісі – климаттың өзгеруі, бесіншісі – қоғамды жікшілдікке бөлетін тепе-теңсіздіктің белең алуы. Алтыншы – инновацияның көлеңкелі тұстары. Жетінші – дағдарыстың салдарынан босқындар саны артып, оларды қабылдауға қарсы елдердің көбеюі. Еуропа елдеріне жол тартқан босқындарды жақтырып отырған ешкім жоқ. Алайда кейбір мемлекет жанашырлық танытып жатса, енді бірі елден аластатуға кіріскені белгілі. Сол жеті қауіптің ең қауіптісі – әлеуметтік теңсіздік. Бұл бүгін ғана пайда болған жоқ. Мысалы, кешегі заманда оңтүстік пен солтүстіктің мәселесі дегенді жиі естідік. Солтүстік дегеніміз – дамыған елдер. Оған АҚШ, Канада, Жапония, Ресей, т.б. алпауыт елдер кірді. Ал дамушы елдер оңтүстікте орналасқан. (268сөз)

1. Т. Парсонс қоғамдағы әлеуметтік жіктелудің факторларын қанша топқа біріктіреді ?

- A. үш топқа
- B. төрт топқа
- C. бес топқа

[1]

2. Босқындардың санының артуына себеп

- A. дағдарыс
- B. климаттың өзгеруі
- C. әлеуметтік теңсіздік

[1]

3. А. Гутеррештің айтуынша, қай қауіп өте қатерлі?

- A. ядролық қару
- B. әлеуметтік теңсіздік
- C. халықаралық таңкестік

[1]

4-5. Сұрақтарға мәтін мазмұны бойынша жауап беріңіз.

A. Дүниежүзінің дамыған елдерінде халықтың негізгі бөлігі қандай таптардан құрылады?
_____ [1]

Ә. Оңтүстік мәселесі қандай елдерге тән?
_____ [1]

Оқылым

Атом станциялары құрылысы жөнінен ең қымбат нысан болып есептеледі. Атом электр станцияларының қызмет ету мерзімі орташа есеппен қырық жылға тең. Оны салуға жұмсалатын қаржыдан бөлек, шикізат – байытылған уран мен мерзімі өткеннен кейін пайдаланудан шығаруға кететін қаржы да ұшан-теңіз.

АЭС жанында өмір сүретін адамдардың арасында лейкемия (ақ қан), ісік ауруы жиі кездеседі деген жалған түсінік бар. Бұл аурумен Жердің кез келген нүктелерінде адамдар шамамен бірдей деңгейде ауырады. Ол АЭС-тің жаны болсын, табиғаты сұлу аймақ болсын, статистика бойынша бәрі бірдей. Көпшілігіміз оқығандай не теледидардан көргендей, біз жел мен толқын энергиясын экологиялық жағынан ең тазалары деп білеміз, бірақ бұл да – даулы сұрақ. Өйткені көбіне жел станциялары су қоймалардың

жанына салынғандықтан, ол аймақтың экологиялық балансын едәуір бұзады. Олардың саны көп болған сайын табиғатқа келетін шығын да арта түседі. Ал АЭС-тің бір өзі өндіретін энергия көлеміне тең энергияны өндіру үшін жүздеген жел станциялары қажет болады екен. Кейбіреулер АЭС-қа отын ретінде пайдаланылатын уран жақын болашақта сарқылады дегенді айтады. Бұл – түбегейлі қате пікір. Себебі уранның Жердегі мөлшері алтыннан 600 есе көп. Бұл – шамамен 500 жылдық қор деген сөз. Ол біткен күннің өзінде ғалымдар торий элементін химиялық өндеуден өткізіп, одан оп-оңай уран ала алады. Ал торийдің қоры ураннан үш есеге дейін мол екенін айта кетейік. Атом энергиясының бағасы жөнінде көпшілік арасында әртүрлі ой бар. Бұл энергияның 10 пайызын ғана уранның бағасы құрайды. Оған әлемдік нарықтағы қойылған баға да мұнай мен газға қарағанда әлдеқайда тұрақты. (224 сөз)

6. Мәтін мазмұнына сай келетін ақпараттарды белгілеңіз.

Ақпараттар	Шын	Жалған
А. АЭС жарты ғасырға жуық жұмыс жасайды.		
В. Жел станциялары экологиялық тепе-теңдікті өзгеруіне әсер етеді .		
С. Жердегі уран қоры алтыннан аз.		
Д. Торийден уран алуға болады.		

[3]

7. Мәтіндегі негізгі ойды анықтаңыз

[1]

8. Мәтіннің жанрын анықтаңыз

[1]

Жазылым

Екі сұрақтың біреуін таңдап, жауап жазыңыз. Сөз көлемі: 150-180. Өз жауабыңызды тиісті стильге, жанрға келтіріңіз.

[10]

1) Мұнай өндірісінің экологияға әсері туралы эссе жазыңыз. Жазба жұмысында шылаулар мен оқшау сөздерді орынды қолданыңыз.

2) Жергілікті газет бетіне жастарға арнап «Әдебиет – тіл өнері» деген тақырыпта мақала жазыңыз. Жазба жұмысында шылаулар мен оқшау сөздерді орынды қолданыңыз.

Айтылым

Берілген тақырыптардың бірін таңдап, жұпта диалогке қатысыңыз. Өз пікіріңізді білдіруде тақырыпқа қатысты күрделі сөздер мен термин сөздерді және сөйлеу этикеті формаларын орынды қолданыңыз.

- 1) Әлеуметтік теңсіздік мәселесі
- 2) Мұнай өнеркәсібінің Қазақстан экономикасындағы рөлі
- 3) Әдебиет – ұлттың жаны

Балл қою кестесі

Тыңдалым

Тапсырма	Жауап кілті	Балл	Жалпы балл
1-3	1-А 2-А 3-В	1 1 1	3
4-5	А. Жоғары, орта, төменгі таптардан құрылуы Ә. дамушы елдерге	1 1	2
Барлығы балл			5

Оқылым

Тапсырма	Жауап кілті	Балл	Жалпы балл
6	А, В, Д	1 1 1	3
7	АЭС маңызы туралы ақпарат беру	1	1
8	Мақала	1	1

Жазылым

№	Балл қою критерийлері	балл
1	жанрлық ерекшеліктерді сақтайды;	1
2	тақырыпқа қатысты тілдік құралдарды орынды қолданады;	1
3	тақырыпты ашады;	2
4	құрылымды сақтайды;	1
5	күрделенген жай сөйлемдерді/ құрмалас сөйлемдерді қолданады;	1
6	шылауларды қолданады;	1
7	оқшау сөздерді қолданады;	1
8	грамматикалық нормаларды сақтайды;	1
9	пунктуациялық нормаларды сақтайды.	1
Барлығы		10

Айтылым

№	Балл қою критерийлері	балл
1	тақырыпқа қатысты жұпта диалог құрайды;	1
2	тақырыпқа қатысты жұбына сұрақтар қояды;	1
3	ойын жүйелі жеткізеді;	1
4	сөйлеу этикеті формаларын орынды қолданады;	1
5	грамматикалық нормаларды сақтайды/ елеусіз қателер жібереді;	1
6	мәтіндердегі күрделі сөздер мен терминдердің жасалу жолын анықтайды;	1
7	ауызша мәтін құрауда орынды қолданады ;	1
8	кәсіби мәтіндерге сүйеніп, монологпен диалогті үйлестіре қолданады;	1
9	бөлім бойынша лексикалық минимумды қолданады;	1

10	тақырып бойынша түсіндірме сөздікті орынды пайдаланады;	1
Барлығы		10

«Қазақ тілі мен әдебиеті» пәнінен 2-тоқсан бойынша жиынтық бағалау тапсырмалары

Ұзақтығы – 45 минут

Тыңдалым – 10 минут

Оқылым – 15 минут

Жазылым – 20 минут

Айтылым сабақтан тыс тексеріледі (әр білім алушыға 4-5 минут беріледі).

Балл саны – 30

Тапсырмалар түрлері:

Жабық типті тапсырма түрлері

Қысқа жауапты қажет ететін сұрақтар

Толық жауапты қажет ететін сұрақтар

Жиынтық бағалаудың құрылымы

Тоқсандық жиынтық бағалаудың нұсқасы 4 компоненттен тұрады. Бірінші компонент – тыңдалым, екінші компонент – оқылым, үшінші компонент – жазылым және тілдік бағдар, төртінші компонент айтылым дағдыларын тексеруге арналған.

Тоқсандық жиынтық бағалау тапсырмаларының сипаттамасы

*					
Тапсырма	Қамтылатын мақсаттар	*Тапсырмаларға сипаттама	*Тапсырмалар түрлері	*Орындау уақыты, мин	Балл
1-5	11.1.5.1 мәтін бойынша автор позициясын және көтерілген мәселеге қарым-қатынасын, тыңдаушыға ықпал ету тәсілін талдай отырып, негізгі ойды анықтау	Тапсырма жеке орындалады. Оқушылар 130-180 сөзден тұратын тыңдалым мәтінін 2 рет тыңдайды. Мәтінді тыңдау барысында мәтіннің негізгі мазмұнын түсінуге бағытталған сәйкестендіру және толықтыруды қажет ететін тапсырмалар мен мәтіннің негізгі идеясын анықтауға бағытталған тапсырмаларды орындайды.	Сәйкестендіру тапсырмалары Толықтыруды қажет ететін тапсырма	10	5
6-10	11.3.1.1 мәтіннен детальді ақпараттарды, факті мен көзқарасты, астарлы ойды анықтау, берілген ақпараттың оқырманға әсерін және автор позициясын талқылау; 11.3.5.1 қосымша ғылыми-анықтамалық ақпарат көздерінен алынған материалдар негізінде мәтін мазмұнына сыни тұрғыдан талдау жасау	Тапсырма жеке орындалады. Оқушылар тақырыпқа қатысты 130-180 сөзден тұратын мәтінді оқиды. Оқушылар мәтіндегі ақпараттардың ретін анықтау, мәтін мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беру, берілген пікірге қатысты өз көзқарасын білдіру тапсырмаларын орындайды.	Ақпараттардың ретін анықтау тапсырмасы Қысқа жауапты қажет ететін тапсырма	15	10
1-3	11.4.1.1 ғылыми және публицистикалық стильдің жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай тілдік құралдарды орынды қолданып, үндеу жазу; 11.4.2.1 қажетгі ақпараттарды орынды қолданып, көтерілген мәселе бойынша өз ойын	Тапсырма жеке орындалады. Оқушылар берілген екі тапсырманың бірін таңдап, шамамен 90-110 сөзден тұратын жазба жұмысын орындайды. Оның бірі үндеу жазу болса, екіншісі – эссе жазу. Мұғалім оқушының публицистикалық стильдің жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай тілдік құралдарды орынды қолдана алуын, көркемдегіш құралдар мен айшықтау амалдарын, есімдіктерді	Жазбаша толық жауапты қажет ететін сұрақтар	20	10

	дәлелдеп эссе жазу (дискуссивті эссе) 11.4.3. шығармашылық жазба жұмыстарында көркемдегіш құралдар мен айшықтау амалдарын тиімді қолданып жазу; 11.5.1.4 мәтін құрауда есімдіктердің мағыналық түрлерін стильдік ерекшеліктеріне сай қолдану	орынды қолдануын бағалайды.			
1	11.2.6.1 әртүрлі графикалық мәтіндердегі (кесте, диаграмма, сызба, шартты белгі) мәліметтерді салыстырып талдау, негізгі үрдістерді анықтау 11.2.3.1 сөйлеу ағымындағы интонацияның құрамдас бөліктері: әуен, әуез, тембр, қарқын, кідірісті сөйлеу мәнеріне сай қолдану	Тапсырма жеке орындалады. Оқушы берілген кесте-сызбадағы ақпараттарды салыстырып, қажетті аргументтерді орынды қолдана отырып, ауызша мәтін құрай алуы бағаланады. (Оқу тоқсанында қанша тарау болса, сонша тапсырма дайындалу керек!)	Ауызша толық жауапты қажет ететін сұрақтар	Айтылым сабақтан тыс тексеріледі, әр білім алушыға 4-5 минут беріледі.	5
Барлығы				45	30

Тыңдалым

Мәтінді тыңдаңыздар (13-аудио).

Еңбек – қашан да адамның аса қадірлеп, құрмет тұтатын игіліктерінің бірі. Ол – материалдық және рухани байлықтың көзі ғана емес, сонымен қатар адамның аса маңызды өмірлік қажеті мен құқығы.

Капитализм тұсында еңбекке деген сұраныс, негізінен, өндіріс құрал-жабдықтарын иемденушілерге жұмысшы күшін сату арқылы және ол күш неғұрлым пайда табу мүддесіне сай келетіндей мөлшерде ғана өтеді. Мұндай жағдайда еңбекші қауымның қыруар бөлігі жұмыссыздыққа душар болады.

Жұмыссыздық капитализм тұсында үйреншікті құбылыс болса да, ол ешқашан қазіргідей тұрақты сипат алған жоқ. Еңбекшілердің кең шеңберін қамтып, басқа бір әлеуметтік апат – инфляциямен дәл қазіргі уақыттағыдай астасып көрген емес.

Жаппай жұмыссыздық еңбекшілердің экономикалық жағдайының нашарлап тұрақсыздануының, олардың материалдық күйзеліске душар болуының басты себебіне айналып отыр.

«Оқиғалар. Фактілер. Деректер» кітабынан

1. Ақпараттарды мазмұны бойынша сәйкестендіріңіз.

Тұжырым	мағынасы	жауап
1. Еңбек -	А. еңбекшілердің экономикалық жағдайының нашарлап тұрақсыздануының, олардың материалдық күйзеліске душар болуының басты себебіне айналып отыр.	1-
2. Жұмыссыздық капитализм тұсында үйреншікті құбылыс болса да	В. қашан да адамның аса қадірлеп, құрмет тұтатын игіліктерінің бірі.	2-
3. Еңбек материалдық және рухани байлықтың көзі ғана емес	С. ол ешқашан қазіргідей тұрақты сипат алған жоқ.	3-
4. Жаппай жұмыссыздық	Д. сонымен қатар адамның аса маңызды өмірлік қажеті мен құқығы.	4-

[4]

2. Мәтін не туралы ?

[1]

Оқылым

Ұлттық театр

2013 жылы елордада «Астана Опера» мемлекеттік опера және балет театры ашылды. 2013 жылдың 21 маусымында театр өзінің алғашқы шымылдығын ашып, қазақ музыкасының жауһары – М.Төлебаевтың «Біржан -Сара» қойылыммен көрерменге жол тартты. Сол жылдың күзінде театр әлемдік тұсаукесерін жасап, Дж.Вердидің «Аттила» операсын ұсынды. Қазіргі кезде «Астана Опера» театры репертуарында А.Жұбанов пен Л.Хамидидің «Абай», Е.Брусиловскийдің «Қыз Жібек» опералары, Ғ. Жұбанованың музыкасына қойылған «Қарагөз» балеті сынды шығармаларымен қатар әлемдік опера және балет классикасы: Дж.Вердидің «Аида», «Травита», Ж.Бизеннің «Қармен», П.Чайковскийдің «Ұйқыдағы ару», «Аққу көлі», «Щелкунчик», Р.Петидің «Париж Құдай –ана ғибадатханасы» қойылымдары бар. Әр маусым сайын театр репертуары жаңарып, классикалық шығармалармен толықтырылуда. «Астана Опера» сахнасында Бибігүл Төлегенова, Айман Мұсаходжаева, Жания Әубакирова, Нұржамал Үсенбаева, Майра Мұхамедқызы, Алан Бөрібаев сынды әйгілі қазақстандық өнер тарландарымен бірге әлемдік опера әншілері: Пласидо Доминго, Елена Образцова, Хосе Каррерас, Анна Нетребко және т.б. өнер көрсетіп, көрерменнің қошеметіне ие болды. Бұл сахнада белгілі қазақстандық артистер мен ұжымдар, сонымен қатар неополитандық «Сан -Карло», генуялық «Карло Феличе», Санкт-Петербургтік «Мариин» сияқты айтулы театр ұжымдары гастрольдық сапар шеңберінде өнерлерін паш етті.

«Алматы ақшамы» газетінен

3. Мәтін мазмұны бойынша ақпараттардың ретін көрсетіңіз.

Ақпараттар	Реті
Бұл сахнада белгілі қазақстандық артистер мен ұжымдар және шетел театр ұжымдары гастрольдық сапар шеңберінде өнерлерін паш етті.	
Әр маусым сайын театр репертуары жаңарып, классикалық шығармалармен толықтырылып отырды.	
2013 жылдың 21 маусымында театр өзінің алғашқы шымылдығын ашты.	

[3]

4. Мәтіннен берілген сөздердің синонимін табыңыз.

а. маусымдық - _____

ә. қойылым - _____

[2]

5-6. Мәтін мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беріңіз.

А. «Астана Опера» театры репертуарында қандай қойылымдары бар ?

[1]

В. Әр маусым сайын театр репертуары қандай шығармалармен толықтырылады?

[1]

7. «Өмірдің өзі - театр» деген пікірмен келісесіз бе? Ойыңызды ПОПС формуласы негізінде тұжырымдаңыз. (Сөз көлемі: 50-60)

Бірінші сөйлем . Менің ойымша,

Екінші сөйлем . Себебі мен оны..... деп түсіндіремін.

Үшінші сөйлем. Оны мен деген фактілермен , мысалдармен дәлелдей аламын.

Соңғы сөйлем.Осыған байланысты мен.....деген түйін жасадым.

[3]

Жазылым

8. Берілген сөздерді ретімен тіркестіріп, тиісті көсемше жұрнақтарын жалғау арқылы сөйлем құраңыздар.

1. Спектакліне , «Абай» , бару , олар, сенбі күні .	
2. Алып ұшып , үйіне , жету , жүрегі, асығу.	
3. Актерді , көру , сомдаған , Абайды, бойымды, сезім, биледі, алапат.	

[3]

9. Сан есімдерді тіркескен сөздерімен жазып, сөйлем құраңыздар.

1.	1991 ж., 16 желтоқсан	
2.	1993ж.,15 қараша	
3.	1992ж.,2 наурыз	

[3]


10. Есімдіктерді тәуелденіз.

Есімдіктер : ол , бұл , мынау	
I	Менің
II	Сенің
II	Сіздің
III	Оның
I	Біздің
II	Сендердің
II	Сіздердің
III	Олардың

[3]

Айтылым

Кесте-сызбадағы ақпараттарды салыстырып, қажетті аргументтерді орынды қолдана отырып, талдау жасаңыз.



Балл қою кестесі

Тыңдалым

Тапсырма	Дескриптор	Балл	Жалпы балл
1	1- 2- 3- 4-	1 1 1	4
2	Мәтін не туралы екенін айтады	1	1
Барлығы			5 балл

Оқылым

Тапсырма	Дескриптор	Балл	Жалпы балл
3	Мәтін мазмұны бойынша ақпараттардың ретін көрсетеді.	1 1 1	3
4	Мәтіннен берілген сөздердің синонимін табады.	1 1	2
5-6	Мәтін мазмұны бойынша сұрақтарға жауап береді.	1 1	2
7	Пікірге қатысты ойын түсіндіріп, ПОПС формуласы негізінде аргументтер арқылы дәлелдеп, қорытынды жасай алған жағдайда толық 3 балл	3	3
Барлығы			10 балл

Жазылым

№	Балл қою критерийлері	балл
8	Берілген сөздерді ретімен тіркестіріп, тиісті көсемше жұрнақтарын жалғау арқылы сөйлем құрайды. Тілдік нормаларды сақтайды.	3
9	Сан есімдерді тіркескен сөздерімен жазып, сөйлем құрайды. Техникалық қателерді жібермейді	3
10	Есімдіктерді тәуелдейді: ол, бұл, мынау Техникалық қателерді жібермейді	3
Барлығы		9

Айтылым

№	Балл қою критерийлері	балл
1	тақырыпқа қатысты ауызша мәтін құрайды;	1
2	кесте-сызбадағы ақпараттарды салыстырады;	1
3	ойын жүйелі жеткізеді;	2
4	көзқарасын білдіреді;	1
5	грамматикалық нормаларды сақтайды.	1
Барлығы:		6
Оқушының аты - жөні:		

3-тоқсанның жиынтық бағалауына шолу

Ұзақтығы – 45 минут

Тыңдалым – 10 минут

Оқылым – 15 минут

Жазылым – 20 минут

Айтылым сабақтан тыс тексеріледі (әр білім алушыға 4-5 минут беріледі).

Балл саны – 30

Тапсырмалар түрлері:

Жабық типті тапсырма түрлері

Қысқа жауапты қажет ететін тапсырма

Толық жауапты қажет ететін тапсырма

Жиынтық бағалаудың құрылымы

Тоқсандық жиынтық бағалаудың нұсқасы 4 компоненттен тұрады. Бірінші компонент – тыңдалым, екінші компонент – оқылым, үшінші компонент – жазылым және тілдік бағдар, төртінші компонент айтылым дағдыларын тексеруге арналған.

Тоқсандық жиынтық бағалау тапсырмаларының сипаттамасы

*Тапсырма	Қамтылатын мақсаттар	*Тапсырмаларға сипаттама	*Тапсырмалар түрлері	*Орын дау уақыты, мин	Балл
1-5	11.1.3.1 оқу-кәсіби, қоғамдық-саяси, әлеуметтік-мәдени тақырыптар аясында және мамандандырылған тар аядағы арнайы мәтіндердегі сөздер мен термин сөздердің мағынасын түсіну 11.1.6.1 көтерілген мәселе бойынша әртүрлі дереккөздерден алынған мәтіндерді тыңдау және салыстыру, өз ойын логикалық дұрыс, аргументті және айқын жеткізу	Тапсырма жеке орындалады. Оқушылар 250-300 сөзден тұратын тыңдалым мәтінін 2 рет тыңдайды. Мәтінді тыңдау барысында мәтін мазмұнына сай келетін ақпараттарды анықтауға бағытталған тапсырма мен мәтіндегі мәселені анықтап, оның себебі мен салдарын түсіндіруге және мәселеге қатысты көзқарасын білдіруге бағытталған тапсырманы орындайды.	Мәтін мазмұны бойынша сұрақтарға жауап береді Толық жауапты қажет ететін тапсырма Қысқа жауапты қажет ететін тапсырма	10	5
6-10	11.3.1.1 мәтіннен детальді ақпараттарды, факті мен көзқарасты, астарлы ойды анықтау, берілген ақпараттың оқырманға әсерін және автор позициясын талқылау	Тапсырма жеке орындалады. Оқушылар тақырыпқа қатысты 250-270 сөзден тұратын мәтінді оқиды. Оқушылар 1-2 тапсырмада берілген сөздердің синонимін және антонимін мәтіннен тауып жазады. 3-4 тапсырмада мәтіннен алынған сөйлемдерді берілген сөзден бастап, мағынасын сақтап, перифраз жасайды. 5-тапсырмада мәтінді берілген аспектілер	Қысқа жауапты қажет ететін тапсырмалар Перифраздау тапсырмасы Толық жауапты қажет ететін тапсырма	15	10

		бойынша талдайды.			
1-3	<p>11.4.2.1 қажетті ақпараттарды орынды қолданып, көтерілген мәселе бойынша өз ойын дәлелдеп эссе жазу (аргументативті эссе)</p> <p>11.4.2.1 қажетті ақпараттарды орынды қолданып, көтерілген мәселе бойынша өз ойын дәлелдеп эссе жазу («келісу, келіспеу» эссесі, дискуссивті эссе)</p> <p>11.5.1.7 мәтін құрауда шылаудың мағыналық түрлерін стильдік қызметіне сай орынды қолдану</p>	<p>Тапсырма жеке орындалады. Оқушылар берілген үш тапсырманың бірін таңдап, шамамен 100-150 сөзден тұратын жазба жұмысын орындайды. Оның бірі аргументативті эссе жазу болса, екіншісі – дискуссивті эссе жазу. Мұғалім оқушының көтерілген мәселеге қатысты ақпараттарды орынды қолданып, өз ойын дәлелдеп жазуын, жазба жұмысында шылауларды орынды қолдана алуын бағалайды.</p>	Жазбаша толық жауапты қажет ететін сұрақтар	20	10
1	<p>11.2.4.1 кәсіби бағыттағы түпнұсқа мәтіндерден қажетті ақпаратты (деректерді, сипаттамаларды, сандық көрсеткіштерді, сілтемелерді) анықтау, олардың қолданылу мақсатын талдау</p> <p>11.2.6.1 әртүрлі графиктік мәтіндердегі (кесте, диаграмма, сызба, шартты белгі) мәліметтерді салыстырып талдау, негізгі үрдістерді анықтау</p>	<p>Тапсырма жеке орындалады. Оқушы берілген кесте-сызбадағы ақпараттарды салыстырып, қажетті деректердің, сандық сипаттамалардың қолданылу мақсатын талдап түсіндіреді. (Оқу тоқсанында қанша тарау болса, сонша тапсырма дайындалу керек!)</p>	Ауызша толық жауапты қажет ететін сұрақтар	Айтылым сабақтаң тыс тексеріледі, әр білім алушыға 4-5 минут беріледі.	5
Барлығы				45	30

«Қазақ тілі мен әдебиеті» пәнінен 3-тоқсан бойынша жиынтық бағалау тапсырмалары

Тыңдалым

Мәтінді тыңдаңыздар (26-аудио). Төмендегі тапсырманы орындаңыздар.

26-аудио Этнотуризм біздің басты бағдарымыз болу керек. Шыны керек, қазір туризм саласында білікті мамандар жетіспейді. Этно деген – киіз үй құрып, ішін дүниеге толтыру емес. Киіз үйдің басты ерекшелігі – тез жиналып құралатынында. Бірақ оны өз көзімен көрмеген адамға жай ғана әңгіме сияқты. Қалай тез жинап, тез құруға болатынын шоу қылып көрсету керек. Сонда ғана адамды тартады. Сонда ғана көңіл бөліп, қызығады. Ерттеулі атқа бір айналдырып, 1000 теңге алып қана қоймай, ерттеуді көрсету керек. Өз қолдарымен ерттету қажет. Кез келген адамға өз қолымен істеп көру қызығырақ. Қымызды сіміртіп ішкізе бермей, «2000 рет піссең, бір шара қымыз сіздікі» десеңіз жұрт ағылады. Қазіргі саяхатшыларға экзотика керек. Бұл – жай ғана мысалдар. «Тарихымыз бай, этнографиямыз одан да бай» деген жалаң сөзді іске айналдырған дұрыс.

Динара Болат

1) Автор қандай мәселені көтеріп отыр?

(1)

2) Автордың ойымен келісесіздер ме? Өз ойларыңызды білдіріңіздер.

(1)

3) Этно деген не?

(1)

4) Аудармасы

Ерттеулі ат - _____
Саяхатшылар - _____
(2)

Оқылым

Әлемде түрлі ұйымдардың әйелдердің құқығын қорғау мақсатында талпыныс жасап жатқанымен, көптеген елдерде әлі күнге дейін олардың құқықтарына қатысты қол сұғушылық, әділетсіздік пен кемсітушілік орын алуда.

БҰҰ-ның бағдарламаларын орындаушылардың әлем елдеріндегі әйелдердің сауаттылығына қатысты деректеріне сай, дамушы елдерде әйелдер арасындағы сауатсыздықтың жоғарғы көрсеткіші мен оларға қатысты кемсітушілік көп қиындық тудырып отыр. Мысалы, Мали елінде әйел адамдардың тек 25 пайызы ғана сауатты, ал ерлер арасындағы сауатталық деңгейі – 43 пайыз. Чад елінде сауатты әйелдер мен ерлердің үлесі сәйкесінше 28 және 47 пайызды құрайды. Чадта бастауыш мектепті бітірген қыз балалардың тек 55 пайызы ғана орта мектепке бару үшін тіркеледі. Чадтан кейін Кот-д’Ивуар, Пәкістан мен Йемен елдері де қыз балалардың бастауыш мектептен орта мектепке өту алаңында гендерлік теңсіздікке тап болып отыр. Жоғары білім алумен қатар, сауаттылық та осы елдердегі оқу-білімнің ең маңызды бөлімдері ретінде әйелдер мен ерлер арасындағы теңсіздіктің құрбаны болуда. Тіпті дамыған елдерде де

білім алу және жоғарғы оқуға түсуде әйелдердің ер адамдарға қарағанда озық болуына қарамастан, қызметке алу мәселесі көтерілген кезде әйелдер теңсіздікпен бетпе-бет келеді. Дүниежүзілік экономикалық форумның мәліметіне сәйкес көптеген елдерде әйелдер ерлермен бірдей дипломға ие болғанымен, кеңселерге қызметке алынбайды. Бұл елдердің барлығында кеңседе жұмыс істейтін қызметкерлердің 80 пайызын ерлер құрайды. Гендерлік теңдік тұрғысынан жағдайы нашар саналатын елдерде ерлер әйелдерге қарағанда кем дегенде үш есе көбірек жұмыс күші ретінде қызмет етуде. Сонымен қатар осы елдердегі жұмыс істейтін әйелдердің басым бөлігі ерлерге қарағанда айтарлықтай мөлшерде төмен жалақы алады. Мысалы, Ливанда ерлер жылына 26 мың доллардан астам табыс тапса, әйелдердің бір жылдық жалақысы тек 7106 долларды құрайды. (243 сөз)

6. Мәтіннен берілген сөздердің синонимін табыңыз.

а. қабылданбайды- _____

в. ахуал- _____

[2]

7. Мәтіннен берілген сөздердің антонимін табыңыз.

а. теңдік- _____

в. жоғары- _____

[2]

8-9. Сөйлемдерді берілген сөзден бастап, мағынасын сақтап, өз сөзіңізбен жазыңыз.

А. Чадта бастауыш мектепті бітірген қыз балалардың тек 55 пайызы ғана орта мектепке бару үшін тіркеледі.

Орта мектепке _____

[1]

В. Дүниежүзілік экономикалық форумның мәліметіне сәйкес, көптеген елдерде әйелдер ерлермен бірдей дипломға ие болғанымен, кеңселерге қызметке алынбайды.

Көптеген _____

[1]

10. Мәтінді берілген аспектілер бойынша талдаңыз (әр аспект үшін 1 балл беріледі).

Талдау аспектілері	Дәлелдеме
Мақсатты аудиториясы	
Детальді ақпарат	
Оқырманға әсері	
Автор позициясы	

[4]

Жазылым

Екі сұрақтың біреуін таңдап, жауап жазыңыз. Сөз көлемі: 100-150. Өз жауабыңызды тиісті стильге, жанрға келтіріңіз.

[10]

1) «Көші – қон мәселелері» деген тақырыпта эссе жазыңыздар. Шылауларды қолданыңыздар.

2) «Мен Қазақстанның болашағына үлес қосамын» эссе жазыңыздар. Шылауларды қолданыңыздар.

3) Сізді не толғандырады? Тақырыбын өзіңіз қойып, шағын эссе жазыңыздар.

I Кіріспе

<hr/> <hr/> <hr/> <hr/>	<p>«Көші – қон мәселесі» туралы қысқа анықтама беру; ол мәселенің маңызын айту; негізгі сұрақты/мәселені көтеру; т.с.с.</p>
-------------------------	---

II Негізгі бөлім

<p>I абзац</p> <hr/> <hr/> <hr/> <hr/> <hr/> <hr/> <hr/>	<p>Бұл мәселені қолдайтындардың пікірін айту және оған аргумент келтіру; аргументті жан-жақты талдау; ойды жинақтау. Қажетті тіркестер: Қазіргі қоғамда ... белең алуда. Бұл туралы түрлі пікірлер бар.</p>
<p>II абзац</p> <hr/> <hr/> <hr/> <hr/> <hr/> <hr/> <hr/>	<p>Бұл мәселені қарсы адамдардың пікірін айту және оған аргумент келтіру; аргументті талдау; ойды жинақтау. Қажетті тіркестер: Менің ойымша, ... Біріншіден, ... Себебі... Сол себепті... Сондықтан...</p>
<p>III абзац</p> <hr/> <hr/> <hr/> <hr/> <hr/> <hr/> <hr/>	<p>Сіз ұстанатын позицияңызды айту және дәлелдеу үшін оған аргумент келтіру, талдау және жинақтау. Қажетті тіркестер: Екіншіден, ... Алайда/ дегенмен/ әйткенмен/ бірақ... Өткені ... Сондықтан...</p>
<p>III Қорытынды</p> <hr/> <hr/> <hr/> <hr/> <hr/> <hr/> <hr/>	<p>Ойды қорытындылау, көтерілген мәселе бойынша ұсыныс білдіру. Ескерту: аудиторияға сауал тастамау, жаңа ой/идея қоспау,</p>

ұрандатпау,
объективті жазу.
Қажетті тіркестер:
Қорыта келе, ...
Тоқсан ауыз сөздің
тобықтай түйіні, ...
Ойымды қорыта келе,
... ұсынамын.

Айтылым

Кесет-сызбалардағы сандық деректердің салыстыру арқылы қолданылу мақсатын талдаңыз.



	2018 жыл		2017 жыл	
	Қаңтар - маусым аралығы	Қаңтар - маусым аралығы	Қаңтар - маусым аралығы	Қаңтар - маусым аралығы
Жалпы	100	100	100	100
Қазақтар	54,3	61,0	4,3	4,3
Орыстар	22,6	18,4	72,1	70,4
Өзбектер	1,3	2,0	0,3	0,5
Украиндер	2,7	2,2	6,3	6,4
Татарлар	1,4	1,1	2,4	2,6
Немістер	1,4	1,2	7,8	9,1
Басқалары	15,3	14,1	6,8	6,7

Балл қою кестесі

Тыңдалым

Тапсырма	Жауап кілті	Балл	Жалпы балл
1	Этнотуризм мәселесі	1	1
2	Оқушының ойы есептелінеді	1	1
3	Киіз үйдің басты ерекшелігі	1	1
4-5	Ерттеулі ат – оседленный конь Саяхатшылар - туристы	1 1	2
Барлығы			5 балл

Оқылым

Тапсырма	Жауап кілті	Балл	Жалпы балл
6	а. қабылданайды – алынбайды в. ахуал – жағдай	1 1	2
7	а. теңдік – теңсіздік в. жоғары – төмен	1 1	2
8-9	А. Орта мектепке бару үшін Чадта бастауыш мектепті бітірген қыз балалардың тек 55 пайызы ғана тіркеледі екен. В. Көптеген мемлекеттерде әйелдердің ерлермен бірдей дипломы болса да, кеңселерге қызметке қабылданайтынын дүниежүзілік экономикалық форумы мәлімдейді.	1 1	2
10	Талдау аспектілері	Дәлелдеме 1 1	4

	Мақсатты аудиториясы	Әйел және ер адамдар, гендерлік мәселесіне қызығушылық танытандар, құқық қорғау органдарының қызметкерлері, т.б.	1 1	
	Детальді ақпарат	Оқушылардың мәтіннен нақты детальді ақпараттардың бірін табуы бағаланады.		
	Оқырманға әсері	Әлемдегі әйел теңсіздігі мәселесі туралы ой салады.		
	Автор позициясы	Әйел теңсіздігіне қарсы		
Барлығы				10 балл

Жазылым

№	Балл қою критерийлері	Балл
1	жанрлық ерекшеліктерді сақтайды;	1
2	тақырыпқа қатысты тілдік құралдарды қолданады;	1
3	тақырыпты ашады;	2
4	құрылымды сақтайды;	1
5	күрделенген жай сөйлемдерді қолданады;	1
6	шылауларды орынды қолданады;	2
7	грамматикалық нормаларды сақтайды;	1
8	пунктуациялық нормаларды сақтайды.	1
Барлығы		10

Айтылым

№	Балл қою критерийлері	балл
1	тақырыпқа қатысты ауызша мәтін құрайды;	1
2	кесте-сызбадағы ақпараттарды салыстырады;	1
3	ойын жүйелі жеткізеді;	1
4	көзқарасын білдіреді;	1
5	грамматикалық нормаларды сақтайды.	1
Барлығы		5

«Қазақ тілі мен әдебиеті» пәнінен 4-тоқсан бойынша жиынтық бағалау тапсырмалары

Оқылым және жазылым

ТЖБ жұмысы 2 бөлімнен тұрады.

Тапсырмалар жалпы көлемі 400 сөзден тұратын төрт қысқа мәтін үзінділеріне негізделеді.

1-бөлімде білім алушылар мәтін үзінділерінде келтірілген ойдың берілген 10 тұжырыммен өзара байланысын анықтап, қай мәтінге қатысты екенін тауып белгілейді (А, В, С және D). Қолданылатын мәтін түрлеріне бейресми, ұқсас тақырыптағы мәтіндер, мысалы, хат, электрондық хат, блогтар жатады. Әр мәтін деректер мен көзқарастар бірлігін қамтиды. Тапсырма білім алушылардың мәтіннің жалпы мазмұнын түсінуін, мәтіндегі негізгі және қосымша ақпараттарды ажырата алуын, мәтінде көтерілген астарлы ой мен автор позициясын анықтау құзыреттерін бағалайды. Балл саны – 10.

2-бөлімде білім алушылар мәтін негізінде берілген сұраққа өз көзқарастарын білдіріп, 90-120* сөзден тұратын жазба жұмысын орындайды. Тапсырмада білім алушылардың мәтін ақпаратын өңдеп қолданып, стильдік және жанрлық ерекшеліктерге сай аргументтер келтіре отырып, жүйелі және сенімді жаза алуы, өз ойларын дәлелді жеткізуі, сонымен бірге сөздік қор мен орфографиялық, грамматикалық норманы сауатты қолдану қабілеттері бағаланады.

Балл саны – 30 балл.

Оқылым

Мәтін үзінділерінде келтірілген ойдың берілген 10 тұжырыммен өзара байланысын анықтап, қай мәтінге қатысты екенін тауып белгілейді (А, В, С және D). **(10 балл)**

1. Уақыт қашанда адам баласы үшін қымбат.[1]
2. Бос уақыттың жастар өміріндегі рөлі.[1]
3. Жасөспірімдерді бос уақытын дұрыс пайдаланған жөн. [1]
4. Уақытты қадірлейтіндер адамдар уақытпен жарысады.[1]
5. Егер кемел адам болғысы келсе, өзін жан-жақты дамытқаны жөн. [1]
6. Адам баласы уақытты өзіне және қоғамға пайдасын келтіру қажет.[1]
7. Біз әрдайым уақытқа кіріптар екенімізді ұмытпауға тиіспіз.[1]
8. Өзгелерге көмектесу өзіңе де пайдалы.[1]
9. Жастардың таным-түйсігін арттыру, денсаулығын нығайту, шығармашылыққа баулу жолдарында атқарылатын қызметтер өз деңгейінде ме?[1]
10. Бос уақытқа бейғам қарамай, кездескен жат қылықтан қашық жүріп, қоғам үшін қандай да бір игі іс жасауымыз керек.[1]

А. Қазіргі жаһандану заманында кейбір жастарымыздың бұзақы істерге ұрыну, теріс жолға түсу, компьютер ойындарын ойнап, уақыттарын шығындау, ұрлық, зиянды ішімдіктерге әуестену сияқты пайдасыз істермен айналысуы жиі кездесіп жатады.

Ең алдымен, жасөспірімдерді бос уақытын дұрыс пайдалануға үйрету қажет. Егер кемел адам болғысы келсе, өзін жан-жақты дамытқаны жөн. Дәстүрлі білім, кәсіби біліктіліктен бөлек, Soft skills тұрғысында дамытуы қажет, яғни бұл – шешендік өнер, тіл білу, қосымша

қандай да бір біліктілікке қол жеткізіп, нарықта бәсекеге қабілетті болу деген сөз. Сондықтан жастар бос уақытында түрлі кітап оқып, тренингтерге қатысып, волонтерлік қызметпен айналысуына болады. Өзгелерге көмектесу өзіңе де пайдалы. Өйткені волонтерлік адамның сан түрлі қырын ашуға ықпал етеді.

В. Уақыт демекші, біз, жастар, осы уақытты қалай пайдаланып жүрміз? Бос уақытымызда қандай іспен шұғылданамыз? Сол секілді қаншалықты тырысқанымызбен уақытты жүйелі пайдалануға дағдыланбай жататынымыз да белгілі. Бос уақытты тиімді пайдаланатын немесе жұмысбасты адамның бөтен пиғылды ойлауға мұршасы да болмайды.

Уақыт қашанда адам баласы үшін қымбат нәрсе болып келеді. Біз әрдайым уақытқа кіріптар екенімізді ұмытпауға тиіспіз. Берілген бос уақытқа бейғам қарамай, кездескен жат қылықтан қашық жүріп, қоғам үшін қандай да бір игі іс жасауға дағдылануымыз керек.

С. Адамдарды уақытты қадірлейтіндер және уақытты қадірлемейтіндер деп екі үлкен топқа жіктеуге болады. Біріншісі – уақытты қадірлейтіндер. Мұндай адамдар уақытпен жарысады. Оларда мейлі қандай іс болсын, алдын ала дайындаған айқын мақсаты, соған жету үшін белгілеген жоба-жоспары, өзіне қойған қатаң талабы болады. Олар күн мен сағатты былай қойып, минут не секундты санап, соған сай іс тындыруға құлшынады. Күнделікті өмірде қажырлы, қарапайым, үнемшіл болып, көп іс тындырады. Өзін алдайтын, уақытты босқа өлтіретін баянсыз, мән-мағынасыз іспен айналыспайды.

Сіз өзіңізге «Бойымда өзіме тән қандай кемшілігім мен артық-шылығым бар? Қай бағытта, нендей кәсіпке ыңғайым келеді? Оған қалай ұмтылғаным жөн және осы кәсіптен нәтиже шығара аламын ба, жоқ па?» деген сияқты сұрауларды үнемі қойып жүргеніңіз жөн. Адам баласы әрқашан уақытты босқа өткізбей өзіне және қоғамға пайда келтіретін іспен айналысуы қажет. Уақытты дұрыс пайдаланған адам өзінің рухани жан дүниесін одан әрі кемелдендіріп, өмірде көздеген мақсатына тез жете алатын болады.

Д. Бос уақыттың жастар өміріндегі рөлі орасан. Жұмыс пен оқудан тыс мезетті тиімді өткізу мақсатында қазір қоғамдық бірлестіктер қандай шаралар атқарып келеді? Жастардың таным-түйсігін арттыру, денсаулығын нығайту, шығармашылыққа баулу жолдарында атқарылатын қызметтер өз үдесінен шығып жүр ме? Бұл ретте қалалық Жастар саясаты басқармасының ұйытқы болуымен Алматыда «Дүйсенбілік футбол» өтіп жүр. Бұл шараның басталғанына биыл – үшінші жыл. Шараның басты мақсаты – базарда қарапайым жұмыс істеп, еңбегін маңдай термен адал тауып жүрген азаматтарға көңіл бөлу, бір сәт қуаныш сыйлау. Футболдан бөлек волейбол ойынын да кіргіздік. Биылдан бастап үстел теннисінен жарыс өткізу жоспарда бар.

Мәтін үзінділеріндегі ақпаратты қолданып және өз пікіріңізді қосып, төмендегі сұраққа кемінде 90- 120* сөзден тұратын жауап жазыңыз. (20балл).

[мәтіндердегі идеяларды/ақпараттарды/аргументтерді қолдануына 7 + жеке жауабына 8 + сөйлеу тілінің сапасы үшін 5 = 20]